

**ӘЛІ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**БИБАТЫРОВА І.А.  
КЕКІЛОВ Б.Ж.**

**ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ**

**(оқу құралы)**

**АЛМАТЫ – 2006 ж.**

*әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Экономика және бизнес факультетінің ғылыми кеңесі ұсынған*

*Пікір берушілер:*

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Бәйгісіев М.Қ.

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Тусупова Л.А.

Бибатырова І.А., Кекілов Б.Ж. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу. Оқу құралы. Таралымы 500 дана. Көлемі 6,2 б.т.

Оқу құралында экономиканы мемлекеттік реттеудің маңызды аспектілері: әдістелігі, әдістері, нысандары мен мемлекеттік реттеудің құралдары қарастырылады. Ұлттық экономиканың: өнеркәсіптің, инвестициялық сфера: монополияның, инфляцияның, т.б. аса маңызды сфералары және үрістерді реттеу мәселелері мен мүмкіндіктері талданады.

Барлық экономика мамандықтары бойынша оқитын студенттерге арналған.

## МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ.....	5
I тарау.	Мемлекет пен экономиканың өзара қатынасының тарихи сипаты.....	8
1.1	Мемлекет пен экономиканың өзара қатынасының классикалық моделі.....	8
1.2.	Мемлекет пен экономиканың өзара қатынасының маркстік моделі.....	10
1.3.	Мемлекет пен экономиканың өзара қатынасының кейнстік моделі.....	12
1.4.	Қазіргі аралас экономикадағы мемлекет пен экономиканың өзара қатынасы және ғаламдану.....	13
1.5.	Өтпелі қоғамдағы мемлекет пен экономиканың өзара қатынасы.....	15
II тарау.	Экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесінің жалпы сипаттамасы.....	17
2.1.	Рыноктың жетілмегендігі және экономиканы мемлекеттік реттеудің қажеттілігі. “Экономиканы мемлекеттік реттеу” ұғымы.....	17
2.2.	Экономиканы мемлекеттік реттеудің объектілері мен субъектілері.....	20
2.3.	Мемлекеттің экономикалық қызметтері.....	24
2.4.	Экономиканы мемлекеттік реттеудің көрсеткіштері.....	25
2.5.	Экономиканы мемлекеттік реттеудің кемшіліктері.....	27
III тарау	Экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі нысандары мен әдістері.....	30
3.1.	Мемлекеттік реттеудің негізгі нысандары мен құралдары.....	30
3.2.	Мемлекеттік реттеудің негізгі әдістері.....	31
	а) Ұлттық экономиканың әлеуметтік-экономикалық динамикасын болжау.....	
	б) Әлеуметтік-экономикалық дамуды жоспарлау.....	
IV тарау	Өнеркәсіптің дамуы және өнеркәсіптік саясат.....	40
4.1.	Ұлттық экономикадағы өнеркәсіптің рөлі және тиімді өнеркәсіптік саясатты қалыптастырудың қажеттігі.....	40
4.2.	Өнеркәсіптік саясатты қалыптастырудың мәні, типтері және қағидалары.....	42
4.3.	Қазақстан Республикасында өнеркәсіпті қолдаудың жалпы және таңдамалы экономикалық іс-шаралары.....	45
V тарау	Инвестициялық сфераны мемлекеттік реттеу.....	47
5.1.	Инвестициялар мемлекеттік реттеудің объектісі ретінде... ..	47
5.2.	Инвестициялық сфераны реттеудің қағидалары мен негізгі бағыттары.....	52
5.3.	Инвестициялық климат және оны құраушылар.....	53

VI тарау	Аймақтық дамуды мемлекеттік реттеу.....	56
6.1.	Аймақтық дамуды мемлекеттік реттеудің мәні және қажеттігі.....	56
6.2.	Аймақтық дамуды реттеудің макроэкономикалық және микроэкономикалық аспектілері.....	59
6.3.	ҚР аймақтық дамуы: жағдайы, болашағы.....	63
VII тарау	Бәсекелік ортаның қалыптасуы және монополияға қарсы реттеу.....	66
7.1.	Бәсекенің арттықшылықтары және бәсекелік ортаны қалыптастырудың қажеттігі.....	66
7.2.	Монополияға қарсы саясаттың мазмұны мен түрлері.....	68
7.3.	Қазақстан Республикасындағы монополияға қарсы реттеу.....	71
VIII тарау	Бюджет-салық жүйесін мемлекеттік реттеу.....	73
8.1.	Экономиканы реттеудегі мемлекеттік бюджеттің рөлі және қызметтері.....	73
8.2.	Салық жүйесі мемлекеттік реттеудің маңызды құралы ретінде.....	75
8.3.	Мемлекеттік қарыз экономиканы мемлекеттік реттеудің құралы ретінде.....	77
8.4.	Қазақстан Республикасының бюджет-салық жүйесін дамытудың қазіргі бет алысы.....	78
IX тарау	Экономиканы ақша-несиелік реттеу.....	82
9.1.	Мемлекеттің ақша-несие саясатының теориялық негіздері.....	82
9.2.	Орталық банктің экономикадағы ақша ұсынысына әсер ету механизмі мен құралдары.....	84
9.3.	Ақша-несиелік реттеудің мақсаттары.....	87
9.4.	Қазақстан Республикасының ақша-несие саясатының негізгі міндеттері.....	87
X тарау	Жұмыспен қамту мен еңбек рыногын мемлекеттік реттеу	89
10.1.	Жұмыспен қамтудың әлеуметтік-экономикалық мәні, оның құрылымы мен қағидалары.....	89
10.2.	Еңбек рыногы түсінігі және оны реттеу механизмі.....	90
10.3.	Жұмыспен қамту мен еңбек рыногын мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары және әдістері.....	93
10.4.	ҚР еңбек рыногының өзіне тән ерекшелігі.....	94
	Әдебиеттер тізімі.....	97

## КІРІСПЕ

Адамзат қоғамы өзінің даму тарихы сатысында екі бірдей қызықты феноменді - мемлекет пен рынокты қалыптастырды. Әр түрлі себептердің туындысы ретінде өмірдің барлық сфераларына әсер ете отырып, олардың даму бағыттары мен жолдары уақыт өте келе жиі тоғысатын болды. Шешілетін мақсаттар мен міндеттер жақындай түсіп, нәтижелер біріккен күштер мен әрекеттерге тәуелді бола түсті.

Қазіргі қоғамның даму деңгейі тұтастай және толық түрде мемлекет пен рыноктық іс-әрекеттердің координациялану мүмкіншіліктеріне, бір-бірін өзара толықтыру мен үйлестіру қабілеттілігіне байланысты болып отыр.

Сонымен қатар, олар – қоғамның дамуына әсер ететін өзіндік механизмдері, сфералары, нақты қызметтері, мақсаттары мен міндеттері бар салыстырмалы дербес құрылымдар.

Мемлекет қоғамның өзінің белгілі бір сатылы дамуының өнімі ретінде пайда болды. Оның пайда болуы қоғамның өзі шешуге дәрменсіз саяси, әлеуметтік және экономикалық қиыншылықтардың шиеленісуімен байланысты. Қайшылыққа толы қоғамдағы қақтығыстарды төмендететін, белгілі бір тәртіпке негізделген ережелердің шекарасын анықтайтын күштің қажеттігі өсе түсті. Сондықтан қоғамды дамытудың жағдайларымен қамтамасыз ету, “ойын ережелерін” анықтау қызметі мемлекетке жүктелді. Пол Хейне атап өткендей: “Мемлекет қоғаммен мойындалған мәжбүрлеудің ерекше құқығына ие” [1. 446 б.].

Алғашқы кезде мемлекеттің қоғамдағы рөлі қарапайым болды. Ол құқық қорғау мен заңдардың орындалуын қадағалау, ұлттық қорғаныс пен басқа мемлекеттермен нормативтік қатынастарды және т.б. сақтаумен шектелді. Экономика саласында мемлекет табыстарды анықтау және есептеу қызметін жүзеге асырды. Австриялық экономист Хайектің сөзімен айтқанда мемлекет экономикалық процестерге араласпай “түнгі күзетші” рөлін атқаруы тиіс.

Осыған қарамастан, мемлекет барлық кезеңдерде ұлттың экономикалық өміріне елеулі әсер етті. Феодалдық қоғамның заңдары жерге меншікті қорғады, шаруалардың міндеттерін анықтады.

Қалыптасқан экономикалық жағдай, өмірдің барлық сфераларындағы көріністер мемлекетті экономикалық мәселелерді шешуге қатысуға, дәстүрлі қызметті өзгертуге, әкімшілік және экономикалық тетіктер мен әдістерді қолдануға итермеледі.

Уақыт өте келе, рыноктың дамуы және күшеюімен қатар мемлекеттің араласуын қажет ететін процестер өсе түсті. Яғни, шектеулі ресурстарды тиімді бөлу үшін бәсекені қолдау, қоғамның елеулі бөлігін әлеуметтік қорғау және т.б. процестер қазіргі кезде әлемдік тәжірибе бойынша мемлекеттің белсенді реттеуші рөлі арқылы ғана рыноктық экономика тиімді бола алады. Ұлттың экономикалық өміріндегі мемлекеттің рөлі мен орнын мұндай негізде түсіндіру мақсатында экономист Луис Малкерн былай деген: “Менің ойымша, кез келген алдыңғы қатарлы ел үшін экономикадағы мемлекеттің рөлін дұрыс анықтамағаннан артық қиын нәрсе жоқ”.

Өз кезегінде рынок пен рыноктық жүйенің дамуы әр түрлі тарихи сатылардан өтті: қарапайым рыноктық айырбас нысандарының пайда болуы мен ұлттық мемлекет шеңберіндегі тұтас жүйе ретіндегі рыноктық экономиканың қалыптасуынан бастап, күрделі халықаралық кооперациялау нысандарының жетілу кезеңіне дейін. Бұл процесте экономиканы басты ұйымдастырушы күш ретінде рынок өзін-өзі дамыту мен реттеу үшін өз мүмкіншіліктерін көрсете алды.

Баға, сұраныс пен ұсыныс, бәсеке сияқты жетілген құралдары арқылы рынок экономиканы аса тиімді жолдармен дамытып, рыноктық экономикадағы субъектілердің іс-әрекеттерінің негізгі бағыттарын анықтады. Яғни, экономикалық субъектілердің рационалды әрекет етуіне ықпал жасау арқылы не, қалай, кім үшін өндіру керек деген басты сұрақтарды шешуде басты күш болды.

Бірақ, рыноктық жүйенің дамуы мен жетілуі өскен сайын, оның экономикалық артықшылықтарымен қоса, бірқатар күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге қабілетсіздігі айқындала түсті. Сонымен қатар, рыноктық жүйе өзінің дамуы барысында дағдарысқа ұшырауға бейім екендігін көрсетті. Яғни, монополияны туындата отырып бәсекені шектеді, монопольды баға белгілеу мен бақылау арқылы жиынтық сұраныс көлемін төмендетті, нәтижеде өндіріс құлдырап, экономика тұрақсыздыққа ұшырады. Уақыт өте келе мемлекеттің араласуынсыз тиімді экономикалық даму мүмкіншіліктері төмендей түсті.

Қоғамның ілгері дамуымен бірге мемлекеттің де, рыноктық жүйенің де, бастапқы мәні өзгеріске ұшырап, олардың дәстүрлі қызметтері жетілдірілді, мемлекет пен рыноктық күштердің органикалық үйлесуі мен тығыз араласуы жүзеге асты. Осыған орай, XX ғасырдың соңында әлем мұндай үйлесімдіктің объективті қажеттігін, мемлекет немес рыноктың қатысуынсыз экономиканы басқарудың қиын екендігін түсініп, соңғы қорытындысын шығарды.

Бірақ, мұндай қорытынды осы мәселеге байланысты қалыптасқан жаңа бағыттағы әр түрлі дәлелдерге, болжамдар мен негіздемелерге сүйенген пікірталас пен сөз жарыстарының нәтижесі болып табылады. Мұндай пікірталастар әлі де тоқтаған жоқ. Бұл пікірталастың басты сұрағы – мемлекет пен рыноктың үйлесімділігін табу, экономиканың аса жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін мемлекеттің араласу шегін анықтау. Мұндағы қиындық туғызатын нәрсе – “сандық және сапалық тұтастылық” ретінде қарастырылатын бұл шаманың көптеген факторларға тәуелді, өзгермелі, қозғалыста болуы. Яғни, әлеуметтік-экономикалық, саяси, экологиялық, аймақтық және ұлттық факторларға байланыстылығы. Сонымен қатар, бұл шама қоғамдану деңгейі, өндірістің интеграциялануы және экономикадағы мемлекеттік сектордың үлесі әр түрлі ұлттық экономикаларда ғана емес, елдің ішінде де әрбір экономикалық дамудың кезеңдеріне сәйкес біркелкі емес. Мұндай жағдайлар макроэкономикалық негізгі мақсаттарды ғана емес, мемлекет пен рыноктың қызметтерін де, оларды жүзеге асыру тәсілдері мен іс-шараларын да анықтайды, өзгеріске ұшыратады. Нәтижеде экономиканы мемлекеттік реттеу күрделі процеске айналады.

Рыноктық экономиканың қызмет етуінің қалыптасуы мен дамуының әрбір сатысында мемлекеттің қатысуы әр түрлі болса да, мемлекет пен рыноктың өзара қатынастарын бес моделге бөлуге болады.

## **I ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТ ПЕН ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАСЫНЫҢ ТАРИХИ СИПАТЫ**

- 1.1. Мемлекет пен экономиканың өзара қатынасының классикалық моделі.
- 1.2. Мемлекет пен экономиканың өзара қатынасының маркстік моделі.
- 1.3. Мемлекет пен экономиканың өзара қатынасының кейнстік моделі.
- 1.4. Қазіргі аралас экономикадағы мемлекет пен экономиканың өзара қатынасы және ғаламдану.
- 1.5. Өтпелі қоғамдағы мемлекет пен экономиканың өзара қатынасы.

### **1.1. Мемлекет пен экономиканың өзара қатынасының классикалық моделі**

Классикалық экономикалық теорияның басты өкілдері – Адам Смит, Давид Рикардо, Жан-Батист Сэй, Джон Стюарт Милль және т.б. Бұл модельдің мәні экономикалық жүйенің рыноктық механизмнің ережелеріне сәйкес қызмет ететіндігі.

Рыноктық жүйе өзін-өзі реттеуге қабілетті және қоғамдағы шектеулі ресурстарды толық әрі тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді. Бұл рыноктық реттеу тетіктері арқылы жүзеге асады, яғни, пайыз қойылымы және баға мен жалақы ара қатынасының икемділігі. Екі реттеу механизмі бірігіп әрекет ету нәтижесінде толық жұмыспен қамту мен шектеулі ресурстарды толық пайдалану объективті мүмкіншілікке айналады. Осы арқылы экономика сыртқы күштердің қатысуынсыз-ақ өзін-өзі дамытуға қабілетті болады. Адам Смиттің пікірінше, бағалар жүйесі экономикалық процестердің қатысушыларына қатаң ережелерді жүктейтін, олардың әр түрлі іс-әрекеттерін анықтайтын механизм. Бұл орталық басшылықтың немесе ұжымдық шешімнің көмегенсіз автоматты түрде жүзеге асады. Бағалар жүйесі ғана жеке мүдделерді қоғамдық мақсаттармен үйлестіруге қабілетті. Эгоистік жеке мүдде, шын мәнінде, қоғамдық мүдделермен гармониялық үйлесімді бола алады. Ешқандай да ұжымдық басқаруға келмейтін, бірдей пікірлерге бағынбайтын рыноктық экономика әрекет етудің қатаң ережелеріне сүйенеді. Жеке адамның рыноктық жағдайларға әсері үлкен болмауы мүмкін: ол сұраған бағаны төлейді, өзіне қажет тауарлардың мөлшерін, аса қолайлы жағдайды таңдайды. Бірақ мұндай әрекеттердің жиынтығы тепе-теңдік бағаны белгілейді және әрбір сатып алушы осы бағаларға бағынады, ал бағалардың өзі барлық жеке әрекеттердің жиынтығына бағынады. Осыған орай рыноктың “көрінбейтін қолы” нақты индивидтің еркі мен ықыласынан тәуелсіз түрде нәтижелерді қамтамасыз етеді.

“Көрінбейтін қол” мен рыноктың автоматтылығы ресурстарды бөлу мен оңтайландыруға қабілетті. Яғни, рынок “айқын және қарапайым табиғи еркіндік жүйесі” идеясын жүзеге асыруға қабілетті. Шығатын қорытынды: мемлекеттің экономикаға ешқандай араласуы болмауы тиіс, әйтпесе табиғи тәртіп “қалай жүрсе, солай жүрсін” – *laissez faire – laissez passer* – бұзылады.



Мемлекеттің араласуы қажет емес, өйткені ол экономиканың аса тиімділікпен даму жолынан адастырады.

Жан-Батист Сэй рыноктың өзін-өзі реттеу механизмін анықтау үшін мынадай идея ұсынады: Тауарлар мен қызметтердің өндірісі осы өндірістің құнына сәйкес келетіндей табысты қалыптастырады, яғни, өндіріс барлық игіліктер мен қызметтерді сатып алу үшін қажетті табысты қамтамасыз етеді. Сэй заңы деп аталатын бұл идея бойынша “ұсыныс өзінің мөлшеріне сай келетін сұранысты туындатады”.

Қоғамдық үлес пайыз қойылымы, баға, жалақы, бәсеке секілді рыноктық механизмдермен реттеледі. Жоғары немесе төмен ауытқу арқылы бұл механизмдер рынок субъектілерінің іс-әрекеттерін басқарады және экономиканың тұрақты дамуы мен толық жұмыспен қамтуға жағдайлар жасайды. Еңбек рыногындағы бәсеке нәтижесінде мәжбүрлі жұмыссыздықтың болуы мүмкін емес.

Дж.С. Миллдің қорытындысы бойынша “жалпы тәжірибелік қағида «laissez faire» болуы тиіс және одан кез-келген ауытқу қауіпті”. Сондықтан мемлекетке “түнгі күзетші” рөлі берілген, ал оның басты қызметтері меншікті қорғау мен салықтарды жинау.

Классикалық идея, оның ішінде “өндіріс өзіне қажетті мөлшерде сұранысты туындатады” деген Сэй заңы 100 жылдан аса шынайы экономикалық теория болып саналды. Дж. Гэлбрейттің сөзімен айтқанда: «XX ғасырдың 30-шы жылдары Батыс елдеріндегі адамдардың Сэй теориясын қабылдауы немесе қабылдамауы экономистерді есуастардан айырудың негізгі белгісі болып табылды» [3.210 б.].

Мемлекетке “түнгі күзетші” рөлін беру XVII ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы еркін кәсіпкерлікке негізделген капитализм мен еркін рынок кезеңінің әлеуметтік-экономикалық қалыптасу және даму жағдайларымен байланысты.

Сол кездердің әлеуметтік-экономикалық негізі өндірістік ресурстарға шағын жеке меншік болды, субъектілер арасындағы экономикалық қатынастар еркін бәсекелестік рынок арқылы жүзеге асты.

Классикалық рыноктың негізгі белгілері:

- сатып алушылар мен сатушылар санының көп болуы.
- тауарлар мен қызметтердің бағалары өндірушілерден тәуелсіз сұраныспен ұсынысқа байланысты қалыптасады.
- рынокқа енуде ешқандай кедергілер жоқ.
- өндірілетін өнімдер біртекті, күрделі емес және ірі көлемдегі өндірістің артықшылықтары жоқ.
- рыноктың барлық қатысушылары қажетті ақпараттарды еркін алады және кәсіпкерлік әлемінде жақсы бағдарланады.

Мұндай жағдайда, шын мәнінде, рынок реттеуші қызметтерін өзі жүзеге асыра алды және мемлекет өз қызметтерін шектеп, рыноктың өркендеуі үшін кедергілердің болмауын қадағалап отырды.

Классикалық бағыттың экономиканы реттеу идеялары неоклассик-экономистермен әр кезеңде, әртүрлі жағдайларда өзекті сипатта болды.

Неоклассикалық бағыттың жақтаушылары экономиканы мемлекеттік реттеудің әртүрлі іс-шараларын ұсынды. Алайда, олардың арасында неоклассикалық бағыттың әр түрлі нұсқалары (неолибералистер, монетаристер және т.б.) болғанымен, тұжырымдаманың басты мәні келесідей болды - мемлекет рыноктық экономиканың заңдарын бұзбауы тиіс, өйткені ол экономиканы тиімді басқаруға қабілетсіз.

Бұл бағыттың ішінен Милтон Фридменнің “монетаризм” теориясын ерекше атап өтуге болады. Бұл теорияның басты постулаттары жоғарыда айтылған жағдайлар: рыноктық жүйе өзін-өзі реттеуге қабілетті, тепе-теңдік күйде болады, үлкен орнықты қоры бар, сондықтан да реттеуге мұқтаж емес. “Бірде-бір үкімет рыноктан ақылды бола алмайды”. Экономиканы нақты және ақшалай секторларға бөле отырып, монетаристер өздерінің басты зерттеулері мен тәжірибелік ұсыныстарын ақша секторымен байланыстырады. Рынокты қажетті ақша мөлшерімен қамтамасыз ету арқылы қолайлы жағдайларды қалыптастыру үшін мемлекет ақша секторының нақты секторға қатысты “бейтарап” болуын жүзеге асыруы тиіс. Ақша массасын арттыру үнемі, бірақ сатылы жүруі керек. Циклдық ауытқуларға қарамастан өсім жылына 3-5%-дан артық болмағаны жөн. Бұл М. Фридменнің “алтын ережесі” деп аталады.

XIX ғасырдың соңынан бастап материалдық өндірістегі өзгерістердің әсерінен мемлекеттің экономикалық қызметтері де ұлғая түсті. Өндірістің шоғырлануы, орталықтануы мен тереңдеуі, бәсекелік күрестің күшеюі, экономикалық байланыстардың күрделене түсуі мен әлеуметтік мәселелердің ушығуы бұл процесті жеделдетті. Мұндай жағдайлардан соң мемлекет жаңа қызметтерді өз мойнына алуға мәжбүр болғандықтан, экономикалық процестерге белсенді араласуын бастады.

## **1.2. Мемлекет пен экономиканың өзара қатынасының маркстік моделі**

Экономиканы жоспарлы-социалистік ұйымдастыру К. Маркстің теориялық негізделген моделі. Модельдегі мемлекеттің экономикалық іс-әрекеттері біріншіден, өндіріс пен тұтынуды қоғамдық ұйымдастырудың тарихи нысанының мазмұны, екіншіден, экономикалық жүйеде үстемдік етуші сектор ретінде қарастырылады. Бұл жүйенің негізі болып табылатын өндірістің негізгі құрал жабдықтарына мемлекеттік меншіктің болуы барлық экономикалық процестерді бір орталықтан реттеудің қажеттігін білдіреді. Ресурстарды пайдалану туралы барлық шешімдер осы орталықта қабылданады. Не, қанша және қандай сапада өндіру, қандай шикізаттар мен құрал-жабдықтарды пайдалану керек екендігі туралы барлық ақпараттар орталық органдарда жинақталып, қайта өңделеді. Содан кейін нақты кәсіпорындарға белгілі бір өнімдерге тапсырыс дайындалады. Бұл жағдайда техника-экономикалық факторларды және саяси шешімдер мен әлеуметтік басымдықтарды ескеруге мүмкіншілік бар.

Жүйенің артықшылығы – ресурстарды үнемі басқару арқылы барлық адамдарды, теориялық тұрғыда болса да, толық жұмыспен қамтуға

болатындығы. Баға мен жалақыны қоса алғанда экономиканы түгелдей бақылау арқылы ресурстарды қалаған мөлшерде бөлуге болады. Сонымен бірге, бірінші кезектегі өзекті мәселелерді шешу үшін шектеулі ресурстарды қажет бағыттарға шоғырландыруға мүмкіншілік бар.

Бұл моделдің басты белгілері:

- Өндіріс құрал жабдықтарына қоғамдық (мемлекеттік) меншіктің болуы. Бұрынғы Кеңес Одағында негізгі ресурстардың 98% астамы мемлекет меншігінде болды.

- Өндіріс пен тұтыну, салалар мен аймақтар араларындағы экономикалық байланыстар жоспарлы жүзеге асты. Экономикалық ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық сфералары жоспарға бағынды.

- Өндірілетін тауарлар мен қызметтердің бағалары орталықтан қатаң бекітілетіндіктен, баға сұраныстың да, ұсыныстың да жағдайын анықтай алмады.

- Бақталастықтың рәсімделген түрі, экономикалық бақталастықтың антагонистік нысаны ретінде бәсеке экономикалық жарыспен ауыстырылды. Экономикалық жарыс ешқандай материалдық ынталандырумен қамтамасыз етілмеді.

Мұндай жағдайда мемлекеттің рөлі жан-жақты сипат алады. Мемлекет жоспарлау арқылы барлық экономикалық (және экономикалық емес) процестерді реттеді. Ал рыноктық құрал іс жүзінде қолданылмайтын, иррационалды сипатта ғана болды. Жоспар саяси мақсаттарға жетудің құралына айналғандықтан, субъектілердің экономикалық іс-әрекеттерін реттеуде саяси механизмдер шаруашылық ынталандырудың орнына қолданылды.

Бұл моделдің орталық бөлімі - жоспар – заң мәртебесінде болды. Өйткені ол орындалмаған жағдайда заңдық, экономикалық және саяси жауапкершілікке тартылды. Жоспар құрудың технологиясы: 1) барлық халық шаруашылығы үшін қолда бар ресурстарды ескере отырып, орталық органдар бес жылдық жоспар жасайды. 2) Жасалынған жоспар аймақ, сала, кәсіпорындар деңгейіне түсіріледі. Бұл төменгі деңгейлер өздерінің түзетулер мен ұсыныстарын енгізгеннен кейін, жоспар жекелеген аймақтардың, салалардың, кәсіпорындардың жоспарларына бөлінеді. 3) Дайын жоспарды орталық бекіткен соң заңдық күшіне енеді.

Жоспарды дайындау кезіндегі басты кедергі – ресурстардың шығыстары, шығындар мен басқа процестер және өндірістің балама нұсқалары туралы ақпаратты анықтау, жинау, орталықтандыру, қайта өңдеуді жүзеге асырудың қиындығы. Соңғы шешім шығару үшін ресурстарды үйлестірудің миллиондаған нұсқаларын дұрыс бағалау қажет. Осымен бірге бұл ресурстардың көпшілігі уақыт аралығы мен кеңістік бойынша үнемі өзгерісте болады. Мысалы, 2 тауар өндірісінен тұратын экономикада ресурстарды рационалды пайдалану бойынша нақты іс-әрекеттердің саны – 6 тең, 4 тауар өндірісі кезінде іс-әрекеттер саны – 120 ( $5 \times 4 \times 3 \times 2$ ), 5 тауар өндірісінде – іс-әрекеттер саны - 720, т.б. 12 тауар өндірілетін жағдайда қажетті іс-әрекеттер 6 млрд, ал 200 тауар кезінде –  $7,3 \times 10^{385}$  тең. Қазіргі өндірістік номенклатурадағы тауарлардың атауы 24 млн., ал олардың 1/10-і жыл сайын жаңарып отырады [3.408б.]. Бұл өндірістік ресурстардың барлық топтарын есепке алу мен дұрыс шешім қабылдаудың іс жүзінде мүмкін еместігін білдіреді.

Сонымен қатар, ақпараттар тек техникалық кедергілердің әсерінен ғана емес, жоспарлаудың сатылы болуымен байланысты оның жоғары және төмен қозғалуы кезінде әдейі бұрмаланады. Көптеген салалар мен кәсіпорындар ақпаратты өздерінің мүдделеріне сай бұрмалауы да мүмкін. Сонымен қатар натуралдық көрсеткіштер қоғамның қажеттіліктерін толық көрсете алмайды. Егер, жоспарда өндіріс тоннамен көрсетілсе, онда аса ауыр өнімдерді өндіру тиімді, ал егер жоспар сандық мөлшерде белгіленсе, онда сапасы төмен, қарапайым тауарлар өндіру тиімді болады.

Сондықтан, бұл модельдің шеңберінде де рыноктық экономиканың элементтерін енгізуге, экономика субъектілерінің іс-әрекетінің нәтижесінде алынатын пайда мен өндірісті сұраныстың басқаруына мүмкіндік беретін сату көлемі бойынша бағалауға талпыныстар аз болған жоқ. Бірақ, рыноктық механизмдер іс жүзінде орындалмағандықтан, мемлекеттің барлық күш-жігеріне қарамастан, бұл модель шектеулі ресурстарды тиімді бөлу мен пайдалануды қамтамасыз ете алмады.

### **1.3. Мемлекет пен экономиканың өзара қатынасының кейінгі моделі**

XX ғасырдың басында әлемдік экономика экономикалық өсудің қозғаушы күші ретіндегі өнеркәсіптің қарқынды дамуымен сипатталады.

Қоғамның материалдық-техникалық базасы түбірлі өзгерістерге ұшырап, капиталдың шоғырлануы мен орталықтануы күшейді, монополистік бірлестіктер пайда болып, бәсекелестік күрес аса күрделі сипат алды.

Осымен бірге қоғамның әлеуметтік құрылымында да өзгерістер орын алып, әлеуметтік қайшылықтар тереңдей түсті. Бұл 1-ші дүниежүзілік соғыс, Қазан төңкерісі және т.б. әскери қақтығыстар арқылы көрініс тапты.

Мұндай жағдайлардың барлығы мемлекеттің рөлінің өзгеруіне, оның экономикалық қызметтерін ұлғайтудың қажеттігіне негіз болды. Бұл кезеңнің басты белгілері:

- қоғамның әлеуметтік-экономикалық негізі негізгі өндіріс ресурстарына ірі монополистік жеке меншіктің болуы, мемлекеттік сектордың қалыптасуы, әсіресе әскери өндіріс салаларында;

- еркін бәсекенің жетілмеген бәсекеге өзгеруі. Бәсекелік күрестің нысандары мен әдістерінің түрі өзгеріп, аса қатал бола түсті;

- монополия бағаға қатаң бақылау орнатып, өндіріс көлемін реттейді;

- әртүрлі елдердің экономикалық дамуында теңсіздік күшейеді, бай және кедей елдер арасындағы алшақтық өседі, дамыған мемлекеттердің азғана тобының отарланған елдерді қанауы. Сонымен қатар, жекеленген елдерде қоғамның жіктелуі одан сайын артады: кедейлер кедейлене, байлар байи түседі;

- экономиканың циклды дамуының нәтижесінде әрбір 8-10 жыл сайын қайталанып отыратын өсу, құлдырау, дағдарыс және жандану сатылары қалыпты құбылысқа айналды, өйткені экономика өзін-өзі реттеуге қабілетті деп саналды, ал бұл циклдық динамикаға “оң” қатынасты туындатты.

1929-1933 жж. “Ұлы депрессия” деп аталған әлемдік экономиканың дағдарысы кезінде бұл процестер өте айқын көрініс тапты. Рыноктық реттеу

механизмдері экономиканың монополиялануының өспелі қарқынын, циклды қозғалысын, жиынтық сұраныстың қысқаруын, жұмыссыздық пен кедейшіліктің өсуін реттеуге қабілетсіз болып шықты. Мұның барлығы экономикадағы мемлекеттің рөлін қайта қарауға ықпал етті.

XX ғасырдың атақты экономисі Джон Мейнард Кейнс экономикалық процестерге мемлекеттің белсенді қатысуының қажеттігін негіздеді: экономиканың циклды даму сипатын өзгерту, толық жұмыспен қамту, жиынтық сұранысты қолдау, табыстарды қайта бөлу және т.б.

1933 “New York Times” газеті өз теориясының мәні жөнінде жазылған Дж.М. Кейнстің хатын жариялады: “Мен қарыз арқылы қаржыландырылатын мемлекеттік шығыстарды ұлттың сатып алу қабілеттілігін өсіру үшін қолдануға ерекше маңыз беремін.” Кейін бұл “Жұмыспен қамту, пайыз және ақшаның жалпы теориясы” (1936 ж.) еңбегінде толық қарастырылды [4].

Толық жұмыспен қамтылған кездегі өндіріс үшін жиынтық сұраныстың жеткілікті деңгейін қамтамасыз етуге және қолдауға *Laissez faire* қабілетсіз екендігін дәлелдеді.

Мемлекеттік шығыстарды өсіру, инвестициялық, несиелік және салық саясатын қалыптастыру, трансферттерді арттыру, сонымен қатар мемлекеттің басқа да экономикалық және әкімшілік құралдары арқылы жиынтық сұранысты ынталандырудың мемлекеттік іс шаралары қажет. Ал жиынтық сұраныстың артуы объективті түрде жұмыспен қамту деңгейін жоғарылатады және рыноктың аса тиімділікке жетуіне көмектеседі. Қоғамның экономикалық өміріндегі мемлекеттің маңызды рөлі осы жағдаймен түсіндірілді және мемлекет экономикалық процестерді реттеуге белсенді қатысатын рыноктың тең құқықты субъектісі деп танылды.

XX ғасырдың 50-70 жылдары пайда болған “мемлекеттік дирижизм” мектебін кейнсиандықтың бір түрі деп есептеуге болады. Бұл мектеп мемлекеттің экономикаға әсерін күшейтудің қажеттігін негіздеді. “Мемлекеттік дирижизм”, яғни экономикалық процестерді мемлекеттік басқару ғана экономиканың құрылымын тиімді қайта құруға және құлдыраудың алдын-алуға мүмкіндік береді. Олардың ойынша, ғылыми-техникалық прогрестің “моторы”, қозғаушы бөлігі болып табылатын қазіргі заманғы, жаңа салаларға жоғары көңіл бөлу, басқа салаларды да жетілдіруге, дамытуға, болашақта жаппай жаңалықтар енгізуге қабілетті. Бұл салалар “күш қолданудың ерекше нүктелері” ретінде жарияланды. Дирижер ретінде тек осындай салалардың дамуы ғана басқа салалардың даму бағыттарын анықтайды. Сондықтан да олар үкімет саясатының нысанасына айналуы тиіс.

#### **1. 4. Қазіргі аралас экономикадағы мемлекет пен экономиканың өзара қатынасы және экономиканың ғаламдануы**

Батыс қоғамының қазіргі өмір сүру кезеңі аралас экономика ретінде сипатталады. Ол экономиканың индустриалды түрпатының дамуы барысында пайда болды. Шоғырлану процесінің өсуі ғаламдық көлемде әрекет ететін трансұлттық корпорациялардың қалыптасуына әкелді. Экономикадағы әскери

шығыстарды өсіру мен әскери-өнеркәсіптік кешенді құру нәтижесінде ғылыми-техникалық ресурстардың, білікті жұмыс күші мен қаржылық ресурстардың елеулі бөлігі шоғырландырылды. Экономикада мемлекеттің рөлі артып, халықаралық еңбек бөлінісі тереңдей түсті және ірі интеграциялық топтар қалыптасты. Бұл процестер өнеркәсіптің басты салаларын дамытуға, өндірістік инфрақұрылымды құруға мемлекеттің аса белсенді қатысуы үшін алғы шарттарды дайындады.

Осыған байланысты әлеуметтік сфераның - білім беру мен денсаулық сақтаудың рөлі артып, бұл сфералардың дамуын мемлекеттік реттеудің қажеттігін туындатты. Қоғамдағы табыстардың әркелкі бөлінуі бұл қажеттілікті өсіре түсті.

Бұл кезеңнің өзіне тән ерекшелігі- экономикадағы адамдық фактордың рөлінің өзгеруі. Оның шығармашылық қабілеттері, біліктілігі, кәсіпкерлігі өседі. Қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтардың өзіндік тепе-теңдігі қалыптасады.

Осындай жағдайларда мемлекет қоғамдық ымыраға жетуге, әлеуметтік қайшылықтарды азайтуға ықпал етеді, бұл мемлекеттің экономикалық қызметтерінен көрініс алады.

Қазіргі аралас экономика келесі белгілермен сипатталады:

- ірі монополистік, корпоративтік, мемлекеттік, шағын жеке және т.б. меншік түрлерінің үйлесімді әрекет етуі. Мұндай үйлесімділікті экономиканың жоғары дамыған технологиялық және өндірістік-техникалық базасы, әлеуметтік және институционалдық дамыған құрылымы қамтамасыз етеді.

- экономиканың әлеуметтік-рыноктық сипат алуы. Мұнда рыноктық механизмдер бәсекеге, пайда алу мен кәсіпкерлік әрекеттер үшін мүмкіншілік мол. Осымен бірге рыноктық емес қызмет секторының үлесі де елеулі. Мемлекет қоршаған ортаны қорғау, балаларды, мүгедектерді әлеуметтік қолдау, мәдениетті, білім беру мен денсаулықты сақтау, іргелі ғылымды дамыту мәселелерін өз жауапкершілігіне алады.

- экономиканы экологиялық сауықтыру процесі үдейді, өндіріске тартылған табиғи ресурстардың көлемі азаяды, экологиялық қауіпсіз технологияны пайдалану арқылы қоршаған ортаға тасталатын зиянды қалдықтар қысқарады. Экологиялық апаттар және олардың алдын алу, әлемдік мұхит пен ғаламның ластануын төмендету бойынша ұлттық және халықаралық іс шаралар жүзеге асырылады.

- ортақ міндеттерді шешуде елдер арасындағы тығыз әріптестіктің қалыптасуына, экономиканың ғаламдануына әкелген интеграциялық процестердің жедел дамуы. Әлемдік рыноктың ұлттық емес нормалар мен біріккен шектеулер арқылы реттелуі ұлғая түседі.

Бұл процестердің барлығы, әсіресе, ғаламданудың өсуі мемлекеттің экономикадағы рөлін міндетті түрде өзгертеді.

Барлық елдердің экономикасы үшін ғаламданудың оң немесе теріс әсерлері болатыны белгілі. Ғаламдану негізінен дамыған елдерге көп артықшылық беретіндіктен, дамушы елдер бұл процестің теріс салдарынан көп зиян шегеді. Сондықтан елдер арасындағы өмір сүру стандарттары алшақтай түседі. Ұлттық

экономиканы қорғауда мемлекеттің рөлі қандай болуы қажет? Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қандай экономикалық стандарттарды ұстану керек? Мұндай жағдайда мемлекеттің рөлі одан сайын күшейе түседі, бірақ та оның бірқатар экономикалық қызметтері жаңарып, реттеу нысандары, әдістері және әрекет ету бағыттары өзгерістерге ұшырайды.

### **1. 5. Өтпелі кезеңдегі мемлекет пен экономиканың өзара қатынасы**

Бұрынғы кеңес елдерінің экономикалық тәжірибесі әміршілдік-әкімшілдік жүйеден рыноктық экономикалық жүйеге өту процесін сипаттайды. Бұл кезең өтпелі экономика деп аталады, өйткені онда әміршілдік-әкімшілдік жүйе мен рыноктық экономиканың элементтері ұштасады, қайшылықта болады.

Бұрынғы Кеңес елдеріндегі өтпелі экономиканың өзіне тән белгілері:

- Қоғамның әлеуметтік-экономикалық негізі - әртүрлі және қарама-қайшы экономикалық қатынастар жүйесін анықтайтын әртүрлі меншік топтарының болуы. Материалдық-техникалық базасы ретінде қарапайым қол еңбегі, автоматтандырылған жүйеден бастап қазіргі жоғары технологияларға дейін қолданылады, әсіресе, әскери өнеркәсіптік кешенде.

- Бұрыннан бар және жаңадан құрылған институционалдық, әлеуметтік құрылымдар ескі жүйенің идеологиясын дәріптейді, әміршілдік бюрократия жүйесінің ықпалында болады, өйткені әлеуметтік-экономикалық қатынастар үлкен тарихи серпілісті қажет етеді.

- Қалыптасқан бәсеке сыбайлас жемқорлық нысандарына – зорлау, пара беру, адам өлтіру және т.б. айналады.

- Экономика дағдарыстық сипат алады және әлемдік экономикалық кеңістікте ерекше орынға ие болады; оның қозғалысы әркелкі, құбылмалы, тұрақсыз.

Мұндай кезеңде мемлекеттің рөлі одан сайын белсенді болуы тиіс, өйткені рыноктық жүйеге өту, ескі жүйені жаңаша құру мен жаңаша қызмет етудің негіздерін қалау үшін қажетті жағдайларды қалыптастыруда оның жауапкершілігі артады. Белсенді заң шығарушылық қызметі рақылы рыноктық жүйенің инфрақұрылымын құру, салық жүйесін өзгерту, мемлекеттік меншікті жекешелендіру және т.б. нәтижесінде экономиканың рыноктық қозғалысына серпіліс беріледі. Бұл процестердің дамуымен байланысты мемлекеттің рөлі төмендемейді, керісінше, өсе түседі. Жаңа міндеттер - экономикалық өсу, макроэкономикалық тұрақтылық, әлемдік рыноктағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру, сыртқы экономикалық қызметтерді реттеу, әлеуметтік теңдік, ұлттық және экономикалық қауіпсіздік және т.б. пайда болады.

#### **Ізденіс сұрақтары:**

1. Қоғамның экономикалық өміріндегі мемлекет рөлінің өзгеру себептері немен байланысты?

2. Еркін бәсеке рыногын сипаттайтын белгілер қандай?

3. Мемлекет пен экономиканың өзара қатынасының маркстік моделі бойынша экономикалық субъектілер арасындағы байланыстар қалай қалыптасады?

4. Мемлекет пен экономиканың өзара қатынасының классикалық моделінде рыноктық күштердің рөлі қандай?

5. Монетаризм теориясының мәні неде?

6. Ғаламдану жағдайында мемлекеттің рөлі қалай өзгереді?

7. Мемлекет пен экономиканың өзара қатынасының маркстік моделін тәжірибелік тиімсіздігіне әсер еткен факторлар?

8. Ұлттық экономиканы реттеуде Дж.М. Кейнс мемлекетке қандай рөл береді?

9. “Мемлекеттік дирижизм” дегеніміз не?

10. Аралас экономикадағы мемлекеттің рөлі қандай?

11. Өтпелі қоғамдағы экономикаға мемлекет әсерінің күшеюі қандай факторлармен байланысты?



## **II ТАРАУ. ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ**

- 2.1. Рыноктың жетілмегендігі және экономиканы мемлекеттік реттеудің қажеттілігі. “Экономиканы мемлекеттік реттеу” ұғымы.
- 2.2. Экономиканы мемлекеттік реттеудің объектілері мен субъектілері.
- 2.3. Мемлекеттің экономикалық қызметтері.
- 2.4. Экономиканы мемлекеттік реттеудің көрсеткіштері.
- 2.5. Экономиканы мемлекеттік реттеудің кемшіліктері.

### **2. 1. Рыноктың жетілмегендігі және экономиканы мемлекеттік реттеудің қажеттілігі. “Экономиканы мемлекеттік реттеу” ұғымы**

Экономикалық теорияда “көрінбейтін қол” тұжырымдамасы мен “Laissez faire” қағидасының негізін салушы Адам Смит те өз кезеңінде экономиканы мемлекеттік реттеудің қажеттігін теріске шығарған жоқ. Оның жазуы бойынша “мемлекеттің өте маңызды үш міндеті бар: әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сот билігін жүргізу, белгілі бір қоғамдық мекемелерді құру және қамтамасыз ету. Оларды құру және қамтамасыз ету жекелеген тұлғаға немесе аз ғана топтарға тиімді емес, өйткені бұл қызметтен алынатын пайда жекелеген тұлғалардың немесе аз ғана топтардың шығындарын ешқашан ақтамайды, оны тек қоғамдық шығындар арқылы қамтамасыз етуге болады” [5. 51-52б]. Бұл жағдай рыноктық механизмнің қолы жетпейтін қоғамдық игіліктерді өндіруге жекелеген кәсіпкер немесе аз ғана топтардың қабілетсіз екендігін білдіреді, өйткені бұл игіліктерді өндіруге аса күрделі капитал салымдары қажет және олар жеткілікті пайда әкелмейді. Бұл “ұжымдық тауарларсыз” қоғам өмір сүре алмайды, ал жекелеген өндірушілер өндіруге ынталы емес. Ол тауарларға мыналар жатады: ұлттық қорғаныс, іргелі ғылым, ғарышты зерттеу, коммуникациялық құрылғылар, электр энергетикасы, білім беру, денсаулық сақтау, ескерткіштерді қорғау және т.б. Мұндай тауарлар мен қызметтердің өндірісін мемлекет жүзеге асыруы тиіс, өйткені қоғамның оларға қажеттілігін рынок қамтамасыз етуге қабілетсіз.

Қазіргі батыс экономистерінің айтуынша рынок қамтамасыз ете алмайтын тауарлар мен қызметтер тек таза қоғамдық қана емес. Шығындар тауар бағаларынан төмен болған жағдайда да рынок қандай да бір тауарды немесе қызметті әр кез қамтамасыз ете алмауы мүмкін, біз бұл жерде толық емес рынок деп атайтын жетілмеген рынок туралы айтып отырмыз. Толық рынок индивидтер төлеуге дайын бағадан шығындары төмен барлық тауарлар және қызметтермен қамтамасыз еткен болар еді [6.81б]. Банктер банкрот болған жағдайда салымшылардың жинақтарын сақтандыруда, ауыл шаруашылық өнімдерінің бағаларының ауытқуларынан туындайтын шаруа қожалықтарының тәуекелін сақтандыруда, өрт, су тасқынын және т.б. сақтандыруда рынок дәріменсіз деп есептеледі. Сондықтан сақтандыру рыногы мемлекеттік сақтандырумен толықтырылады.

Сонымен бірге мемлекет рынокты басқа сфераларда да толықтырады. Мысалы, қалаларды қайта құру мен жаңарту үшін көптеген зауыттардың, жер иелерінің, саудагерлер мен кәсіпкерлердің күш біріктіруі және олардың іс-әрекеттерін координациялау қажет. Координациялау қызметін де жүзеге асыратын мемлекет. Ол осы жағдайлар үшін қажетті өнімдерді өндіруге рынок субъектілерін мәжбүрлейді.

Рыноктың қызметінде мұндай кемшіліктер жеткілікті. Олардың кейбіреулерін рыноктың “әлсіздігі” деп атайды. Олардың қатарына рынок субъектілерінің іс-әрекеттері мен қоғамның тұтыну стандарттары туралы рыноктың толық ақпарат бере алмауын жатқызуға болады. Сондықтан бірқатар елдерде, қабылданған заң бойынша, несие берушілер қарыз алушыларға нақты пайыз қойылымы туралы ақпарат беруі тиіс, өндірушілерге тауарлардың, азық-түлік өнімдерінің, дәрі-дәрмектердің және т.б. сапаларын сақтау міндеті жүктелген. Бұл ақпараттар да өзінің мәні бойынша рынок жасай алмайтын қоғамдық тауар болып табылады.

Рыноктың қызмет етуіне және оның өзін-өзі күйретуге ықпал ететін бірқатар жағдайлар бар. Яғни, экономикалық монополиялану беталысы және рыноктық экономиканың циклдық дамуы. Бұл беталыс экономиканы аса тиімділік жолынан алыстатып, қоғамдық прогресті тежейді. Мұндай жағдайларда рынокты реттейтін маңызды элемент ретінде бәсекені дамыту үшін мемлекеттің монополияға қарсы заңдарды дайындауы және шаруашылық субъектілерінің іс-әрекеттерінің белгілі бір “шегін” анықтауы өмірлік қажеттілікке айналады. Экономиканың циклды дамуының салдарын азайту үшін, күйзеліс, жұмыссыздық, инфляция, жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың теңсіздігі кезеңінде экономикалық құлдыраудың алдын алу мен экономиканы тұрақтандыру бойынша қажетті экономикалық іс шараларды тек мемлекет ғана жүзеге асыруға қабілетті. Осы кезеңдерде мемлекеттің күш-қуаты, өзінің реттеуші қызметтерін орындай алу қабілеті анық көрінеді.

Рыноктың тағы бір кемшілігі – оның табыстарды біркелкі және әділетті бөлуге қабілетсіздігі. Дербес алғанда рыноктық экономика Парето бойынша тиімді болуы мүмкін және рынок заңына сәйкес әділетті бөлу табыстардың әрқелкілігіне, қоғамның елеулі бөлігінің әлеуметтік қорғансыздығына міндетті түрде әкеледі. Бұл жағдай халықтың көпшілігін қанағаттандырмайды, оның ішінде кәсіпкерлерді де. Өйткені бұл әлеуметтік қақтығыстармен, жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасындағы шиеленіспен, жиынтық сұраныстың қысқаруымен қауіпті.

Сондықтан мемлекеттің маңызды міндетінің бірі – халықтың тұрмысы нашар, өмір сүру жағдайлары төмен топтарды, мүгедектер мен қарттарды және т.б. қолдау үшін табысты қайта бөлу.

Рыноктық механизм шешпейтін мәселелер қатарында сыртқы әсерлер (экстерналий) бар. Олардың ішіндегі белгілісі – қоршаған ортаның ластануы (ауа, су бассейндері, жер), қайта өндірілмейтін табиғи ресурстарды ысыраппен пайдалану.

Кең тараған пікір бойынша мемлекеттің араласуынсыз қоршаған ортаның ластану деңгейі тым жоғары болар еді. Мемлекет өзінің құралдары: айып салу,

нормалар, тыйым салу, бағалар және т.б. арқылы сыртқы әсерлердің теріс салдарын төмендете алады.

Осыған орай мемлекеттің экономика сферасына араласуының негізгі себебі-рыноктың қыбілетсіздігі немесе әлсіздігі, көріп отырғанымыздай, рыноктық механизмді саналы мемлекеттік реттеумен толықтырмайынша ұлттық экономиканың тиімді қызмет етуі мен қоғамдық әл-ауқаттың өсуі мүмкін болмас еді.

Экономиканы мемлекеттік реттеу мәселесінің салыстырмалы түрде жаңа болуына және оның көптеген жағдайларының зерттелмегендігіне қарамастан, экономикалық әдебиеттерде “экономиканы мемлекеттік реттеу” ұғымына бірқатар анықтамалар берілген. Қазақстандық экономистер Н. Мамыров және Ж. Ихданов келесідей анықтама береді: “Экономиканы мемлекеттік реттеу-экономикалық тұрақтылық пен рационалды орнықтылықты қолдау мақсатында мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық процестерге әкімшілік-экономикалық және ұйымдастырушылық-құқықтық араласуының негізгі нысанын сипаттайды [7.8б.].

Келесі бір анықтамада: “экономиканы мемлекеттік реттеу- экономикалық өсуді ынталандыру, дағдарыстық, инфляциялық процестерді жеңілдету, халықты әлеуметтік қорғау мақсатымен салық, несие және басқа да тетіктер арқылы басқару құрылымдарының ұлттық шаруашылыққа макроэкономикалық әсер етуі” деп көрсетілген [8.23б.].

Ресей экономисі В.П. Орешин өзінің анықтамасын берген: “Экономиканы мемлекеттік реттеу экономиканы дамыту мен тұрақтандыру және әлеуметтік-экономикалық жүйені өзгермелі жағдайларға бейімдеу мақсатындағы мемлекеттің өкілетті мекемелері мен қоғамдық ұйымдардың жүзеге асыратын заң шығарушы, атқарушы, бақылаушы сипаттағы мемлекеттік іс шараларының жүйесі [9.26б.].

Келтірілген анықтамаларды талдау негізінде бұл процестің аса елеулі сипаттарын рационалды көрсетуге деген ұмтылысты байқауға болады. Мұнда оның объектілері, субъектілері, мақсаттары, әдістері және құралдары қамтылған. Бірақ бұл анықтамалардағы басты сөз “араласуды” көптеген авторлар сынға алады. “Мемлекеттік меншікті басқару” оқулығының авторлары жазғандай: “Араласу” сөзі адамның ағзасына хирургиялық араласу секілді дербес жүйенің (мемлекеттің) басқа жүйеге араласуы туралы ойды қалыптастырады”. Оған қоса, олардың пікірінше, мемлекет сыртқы жүйе емес, қазіргі экономиканың элементі, құрамдас бөлігі болып табылады [10.31б.].

Әрине, кез келген ұғымның мәнін анықтауда оның көп түрлі жақтарын, жүзеге асыру мен қызмет ету нысандарын толық ашып көрсету мүмкін емес. Бірақ, сонда да жалпы түрде анықтамада бұл процестің өте маңызды белгілері көрініс тапқаны жөн, яғни, реттеудің объектілері, субъектілері, мақсаттары және реттеудің жалпы нысандары мен құралдары.

Сондықтан бұл күрделі және көп қырлы процеске “экономиканы тұрақты дамыту мен орнықты ету және оны сыртқы, ішкі жағдайлардың өзгерістеріне бейімдеу мақсатындағы шаруашылық субъектілері мен әлеуметтік-

экономикалық құрылымдардың іс-әрекеттеріне мемлекеттік басқару органдары арқылы тікелей және жанама әсер етудің мемлекеттік шараларының жүйесі” деп анықтама беруге болады.

## **2. 2. Экономиканы мемлекеттік реттеудің субъектілері мен объектілері**

Экономикалық әдебиеттерде мемлекеттік реттеудің субъектілері мен объектілері, мақсаттары, нысандары мен әдістері және т.б. сұрақтарға берілетін жауаптар біркелкі емес. Мысал ретінде реттеу объектілерін алуға болады. Жекелеген авторлардың айтуынша: “Мемлекеттік реттеу объектілері туралы сұрақтың жақын арада өз шешімін табуы оңай болмай тұр” [7.26б.].

Объектілер ретінде экономикалық құбылыстар мен процестердің мейлінше барлық түрлері қарастырылады. Яғни, экономиканың әртүрлі салалары мен сфераларынан бастап субъектілер арасындағы әртүрлі қатынастар, әртүрлі экономикалық процестердің даму жағдайлары алынады. Осындай жағдайда реттеу шекаралары рыноктық механизм дамуы мен қызмет етуін толық қанағаттандырмайтын немесе мүлдем қамтамасыз етпейтін жоғарыда аталған объектілермен ғана белгіленеді.

Реттеу субъектілері туралы сұрақты талқылау да анық емес: кейбіреулері субъект ретінде мемлекетті анықтаса, ал екіншілері мемлекеттік органдардан басқа көптеген ұйымдастырушылық құрылымдарды жатқызады, олардың ішінде: кәсіподақтар, тұтыну қоғамдары, әртүрлі қауымдастықтар мен бірлестіктер, акционерлік қоғамдар, экологиялық, әйелдер, жастар, спорттық, шығармашылық ұйымдар мен басқа да ұйымдастырушылық құрылымдар.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттарын анықтауда да көптеген сан алуан процестер ұсынылады. Жекелеген авторлардың талдауы бойынша экономиканы мемлекеттік реттеудің басты мақсаттары болып мына процестер табылады:

- жалпы экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету;
- шаруашылық іс-әрекетті координациялау;
- бәсекелік ортаны қолдау [10. 33-18б.].

“Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу” курсы бойынша ең алғашқы оқу құралының авторы В.П. Орешин “сиқырлы төртбұрыш” деп атаған өзара байланысты төрт мақсатты ұсынады:

- экономикалық өсу;
- жұмыспен қамтудың жоғары деңгейі;
- бағалардың тұрақтылығы;
- сыртқы экономикалық тепе-теңдік [9. 20б.].

Басқа авторлардың пікірінше: “Басты мақсаттарға мыналар жатқызылады: 1) қоғамның еркін дамуы. 2) құқықтық тәртіп. 3) ішкі және сыртқы қауіпсіздік. Бұл мақсаттарға жету рыноктық жүйенің өмір сүруі үшін жалпы және негізгі жағдайларды қалыптастырады” [11. 465б.].

Белгілі болғандай, экономиканы мемлекеттік реттеудің объектілерін, субъектілерін және белгіленген мақсаттарын анықтауда кез-келген ұстанымның

дұрыс екендігіне нақты және дәл баға беру қиын. Авторлардың ой-пікірлерімен келісуге де, келіспеуге де болады.

Мәселенің өте маңызды жақтары туралы көзқарастардың әртүрлі болуы оны зерттеуді ғана емес, сонымен бірге қалыптасқан жағдайларға сәйкес экономикалық саясатты жүзеге асыруды да күрделендіре түседі.

Қоғамның әл-ауқатын жоғары деңгейге жеткізу үшін экономиканың аса тиімді жолмен даму жағдайларын қалыптастыру – экономиканы мемлекеттік реттеудің ғаламдық мақсаты десек қателеспейміз. Мақсатты былайша анықтауымыздың себебі, біріншіден, рынок шынында ресурстарды тиімді бөлгенімен, әлеуметтік тиімділікті қамтамасыз ете алмайды, нәтижеде экономикалық тиімділіктің өзі қоғам үшін тиімсіз болып шығады. Екіншіден, экономиканы реттеуде мемлекеттік, әкімшілік тетіктерді жиі пайдалану экономиканың қызмет етуінің жалпы тиімділігін төмендетеді. Сондықтан мемлекет экономикадағы рыноктың және әкімшілік күштерді үйлестіре отырып, ұлттық экономиканың оптималды дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Рыноктың тиімді жақтарын қолдау, ынталандырумен қатар, оның кемшіліктерін толықтыруы керек және де қоғамның әл-ауқатының белгісі ретінде әлеуметтік процестерге де оң әсер ету жағдайларын ойластырғаны абзал.

Қозғалыстың әрбір тарихи кезеңінің өзіне тән ерекшелігі болатындықтан, ғаламдық мақсат нақтыланып, сандары шектеледі. Мысалы, экономиканың циклды дамуы жағдайында циклдың әрбір сатысы үшін бөлек мақсаттар, міндеттер, құралдар мен реттеу әдістері тандап алынады. Құлдырау сатысы жұмыспен қамтуды арттыру және құлдырауды тоқтату мен қайта өсу жағдайларын қалыптастыру үшін мемлекеттік тетіктерді күшейтуді талап етеді. Жандану сатысы шаруашылық іс-әрекеттерді координациялау мен тұрақтылықты қамтамасыз ететін рыноктық және әкімшілік іс-шараларды үйлестіруді қажет етеді.

Монополиялану процесінің өсуі бәсекелестік ортаны қолдау мен дамыту бойынша мемлекеттік іс-шараларды күшейтуді қажет етсе, керісінше халықаралық бәсекелестік күрестің күшеюі отандық өндірушілерді қорғау үшін ұлттық монополияны қолдау іс-шараларын жетілдіруді талап етеді.

Бұл ой-пікірлерден кейін шығатын біздің қорытынды: басты әрі жалғыз реттеу субъектісі – мемлекет. Жоғарыда айтылған мақсаттарға жету тек мемлекеттің ғана қолынан келеді, ол – қоғамның кепілі және оның мүддесін қорғаушы.

Экономиканы реттеудің басқа субъектілері тек белгілі бір халық топтарының мүдделерін білдіретіндіктен және олар экономикалық процестерді өздеріне ғана тиімді бағыттарда жүзеге асыруға тырысатындықтан, оларды реттеу субъектілері ретінде қарастыратын көзқарастармен келіспеуге болады. Шынында да, ірі корпорациялардың, қаржылық-өнеркәсіптік топтардың, акционерлік қоғамдар мен басқа қоғамдық-экономикалық құрылымдардың қоғамның белгілі бір сфераларына әсер ете алатындығы жасырын емес. Ірі капиталға ие болғандықтан, олардың өндіріс көлемі де, ықпал ету күші де жоғары және объективті жағдайларға сәйкес елдің шекарасынан тыс әрекет ету


мүмкіншіліктері де мол. Олар мемлекеттің нақты шешімдеріне де ықпал ете алады. Экономикадағы мұндай субъектілердің рөлін ашық көрсету үшін кейбір авторлар, олардың қолындағы қосымша шаруашылық билікті ерекше атап өтеді. Оның материалдық негізі – билігі бір капитал, яғни, “таза бәсекелестік-рыноктық ұйымдардан және өз іс-әрекеттерінен тыс өз билігін жүзеге асыратын капитал. Ол тек өзінің іс-әрекетін ғана емес, сонымен қатар әрекет ететін ортаны, басқа капиталдарды, қоғамдық және шаруашылық көрсеткіштерді, тұйық және жалпы шаруашылық процестерді де ұйымдастырады, бақылайды” [12. 372 б]. Сонда да байқайтынымыз, біріншіден, бұл құрылымдардың шаруашылық билігі қоғамдық өндірістің белгілі бір бөлігіне ғана жүреді, екіншіден, “соңғы сөзді” мемлекет өзінде қалдырады. Бұл жағдайда мемлекеттік реттеудің әсер ету күші мен оптималдылығы дәл осы секілді құбылыстарға қарсы тұра алуымен, олардың мүдделерін экономикадағы басқа субъектілердің мүдделерімен оптималды үйлестіре алуымен байланысты. Тек мемлекет қана реттеудің жетекші субъектісі бола алады, өйткені экономикадағы барлық субъектілердің қызмет етуінің негізгі көрсеткіштерін анықтайтын да, рыноктық кеңістікте “ойын ережесін” бекітетін де, қоғамдағы қабылданған нормалар мен стандарттардың қоғам мүддесіне сай сақталуын бақылайтын да мемлекет.

Кең мағынада реттеу объектісі болып ұлттық экономика мен оның барлық салаларының, сфераларының және ондағы экономикалық процестердің жиынтығы табылады. Бірақ экономикадағы өзгерістердің әрбір нақты кезеңіне тән, нақты реттеу объектісіне айналатын “әлсіз бөлімдері” немесе “жетілмеген тұстары” болады.

Әрине, бұл жерде мәселе кеңес елдеріндегі әкімшілік-әміршілдік жүйе кезіндегідей кемшіліктермен байланысты туындайтын қабілетсіздіктерді жетілдіруге қатысты болып отыр. Ал мұндай кемшіліктер қоғамның дамуы өскен сайын кез-келген экономика бөлімінде пайда болуы мүмкін.

Шартты түрде алғанда, экономиканы тік және көлденең байланыстар ретінде елестетуге болады. Тік байланыстар көптеген субъектілер қызмет ететін, материалдық және материалдық емес өндіріс сфералары мен салалары арасында болады, ал көлденең – экономиканы қамтитын барлық экономикалық процестер мен құбылыстар – табыстардың қалыптасуы мен бөлінуі, қаржылық, несиелік, ақшалай процестер мен қатынастар, инвестициялар және басқалар (1-сурет). “Тік” және “көлденең” объектілердің жағдайлары өзін-өзі реттейтін рыноктық механизмдердің іс-әрекетімен де, саналы бағытталған мемлекеттік-әкімшілік іс-шаралар жүйесімен де анықтала береді. Егер, бұл объектілердің қозғаласын реттеу тек рыноктық күштерге жүктелсе, онда ресурстарды аса тиімді бөлуді қамтамасыз ететін объектілер ғана динамикалық дамиды. Бірақ осымен бірге жоғарыда айтылған рыноктың кемшіліктері көрініс алады. Тік байланыста қоғамдық өндірістің оптималды емес құрылымы қалыптасуы мүмкін, біреулері қарқынды дамыса, басқа салалар техникалық және экономикалық артта қалады. Оларға жеткілікті пайда алуды қамтамасыз етпейтін және бәсекеге қабілетсіз әлеуметтік, демографиялық сфералар мен қоғамдық тауарлардың өндірісін, қорғаныс, құқық қорғау, ғылым, мәдени

ескерткіштерді қорғау және т.б. елдің ішкі мұқтаждықтары үшін қажет салалар мен өндірістерді жатқызуға болады.



1- сурет. Мемлекеттік реттеудің объектілері

Көлденең жағдайда да теріс салдар қалыптасады, мысалы: табыстардың әркелкі және әділетсіз бөлінуі, қоғамның күрт жіктерге бөлінуі, инфляция мен қаржы жүйесінің күйзелісі, монополияланудың күшеюі мен бәсекелік ортаның қысқаруы және т.б.

Егер, барлық реттеу тек мемлекеттік тетіктер арқылы орындалса, онда әлеуметтік мәселелердің шешілуі, қажетті бағыттарға ресурстарды шоғырландыру мүмкіндігі, толық жұмыспен қамту, инфляцияны тежеу және т.б. секілді оң нәтижелермен қатар, әлеуметтік-экономикалық жүйенің

экономикалық тиімділігі төмендейді, нәтижесінде ұлттың әл-ауқаты да төмендейді.

Мемлекеттік реттеудің басты күрделілігі, біріншіден, реттеу объектілері өзгермелі, тұрақсыз және өтпелі жағдайларда осы объектілерге әсер етудің рыноктық және мемлекеттік тетіктердің қарым-қатынасының оптималды шамасын табу; екіншіден, дамушы ағза ретіндегі экономикадағы үнемі қозғалыста болатын “әлсіз және нашар бөлімді” уақытында, дәл анықтау мен арнайы әзірленген мемлекеттік іс-шаралар арқылы оған көмектесу.

### **2.3. Мемлекеттің экономикалық қызметтері**

Кез-келген қоғамдағы мемлекеттің экономикалық рөлі оның нақты қызметтерінің жиынтығы арқылы көрінеді. Мемлекеттің рөлі мен оның қызметтері мемлекет пен экономиканың өзара қатынасының әртүрлі моделдерінде ғана емес, әр елдің әртүрлі нақты-тарихи жағдайлары бар бір моделінде де өзгеше. Сонымен қатар, мемлекеттің экономикалық рөлі мен атқаратын қызметтері рыноктық экономикасы жоғары дамыған мемлекет пен өтпелі экономикалы мемлекетте бірдей болуы мүмкін емес. Бұл жерде нақты, ерекше жағдайлар да маңызды. Мұндай өзгешеліктер көптеген объективті, материалдық факторларға байланысты, сонымен бірге әр қоғамға тән дәстүрлер мен көзқарастардың (менталитет) әсерінен пайда болады.

Аралас экономика қалыпты немесе нәтижелі қызмет ететін елдердің экономикалық, мәдени және ұлттық-тарихи дамуына қарамастан, бұл елдердегі ерекше көңіл бөлінетін экономикалық теорияға тәуелсіз, мемлекеттің экономикалық рөлі келесідей маңызды қызметтермен байланысты:

- Заң шығарушы, құқықтық базаны және әлеуметтік климатты қамтамасыз ету (меншік құқығын қорғау, шаруашылық өмірдегі құқықтық тәртіп пен заңдардың орындалуын қамтамасыз ету, жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы өзара қатынасты реттеу);

- Кәсіпкерлік еркіндікті қамтамасыз ету, іскерлік белсенділікті ынталандыру және монополиялық тенденциямен күрес (монополияға қарсы заңдар қабылдау, әділетсіз бәсекеге қарсы іс-шаралар жүргізу, тұтынушылардың құқығын қорғау және т.б.);

- Халықтың әртүрлі топтарының ішіндегі мұқтаж топтарды әлеуметтік кепілдіктер беру мен қорғау мақсатында табыстарды қайта бөлу (білім беру саласында міндеттемелерді қабылдау, демографиялық процестерді реттеу, денсаулық сақтау жүйесіндегі емдеу мен сауықтыру, ана мен баланы қорғау, зейнетақы, жәрдемақы, төлемақы және т.б. арқылы халықтың кедей топтары мен қарт адамдарды қолдау) ;

- Сыртқы және ішкі жағдайлармен байланысты ұлттық экономиканың құрылымына өзгеріс негізу мақсатында ресурстардың бөлінуіне түзетулер енгізу;

- Экономикалық конъюктураның ауытқулары кезінде экономиканы тұрақтандыру, экономикалық ыңдаландыру (ақша айналысын реттеу және



ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету, жұмыспен қамту деңгейін реттеу және жұмыссыздықпен күрес және т.б.) ;

- Жеке капитал әрекет етпейтін сфераларда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру (қоғамдық тауарларды өндіру, қалаларды қайта құру, тәуекелден сақтандыру, мәдениет және ескерткіштерді қорғау және т.б.) ;

- Сыртқы экономикалық қызметтерді бақылау, кеден жұмысын ұйымдастыру;

- Қоршаған ортаны қорғау, сарқылатын табиғи ресурстарды пайдалануды реттеу.

Барлық қызметтер, біріншіден, рыноктық жүйенің қызмет етуін жеңілдету мен қолдауға бағытталған, екіншіден, рыноктық жүйенің кемшіліктерін жоюмен қоса, қозғалысына жаңа бағыт беру және түзетулер енгізу.

Қоғамның материалдық-техникалық базасының жетілуімен бірге оның дамуы, экономика субъектілері арасындағы шаруашылық байланыстардың күрделенуі, қоғамдық өмірдің кейбір сфераларының маңызының артуы және интеграциялық процестердің күшеюі нәтижесінде мемлекет қызметтері толықтырылады, нақтыланады және жаңа қызметтер пайда болады. Соңғысының қатарына экономистер [14. 5б] жатқызады:

- өте дәлдікпен қалыптастырылған өнеркәсіп саясатын жүргізу;

- қазіргі заманғы технологиялар жасау мен енгізу үшін арнайы экономикалық аймақтарды құру, жекелеген аймақтар мен сфералардың дамуын ынталандыру;

- ел шекарасын анықтау және мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Бұл қызметтерді жүзеге асыру көбінесе әртүрлі мемлекеттердің ерекшеліктерімен анықталады. Дамыған рыноктық экономикада макроэкономикалық тұрақтылық пен экономикалық өсуге, оның техника-технологиялық базасын дамытуға ықпал ететін қызметтер басты болады әрі жиі қолданылады.

Ал өтпелі экономикалық елдерде ескі жүйені рыноктық жүйеге жедел қайта құруға мүмкіндік беретін қызметтер басты болды.

Сондықтан, әр ел мемлекеттік реттеуге қатысты әртүрлі ұстанымдарды қалыптастырады, әртүрлі ағымдық және стратегиялық мақсаттар қояды, оларға жетудің әртүрлі нысандары мен әдістерін қолданады.

## **2. 4. Экономиканы мемлекеттік реттеудің көрсеткіштері**

Экономикаға мемлекеттік ықпал ету ауқымы туралы мәліметті келесі көрсеткіштер береді. Жиі қолданылатын көрсеткіш – бюджет және бюджеттік емес қорлар арқылы бөлінетін ЖІӨ-нің үлесі. 90 жылдардың басында Жапония мен АҚШ-да бұл үлес 35-40% болған, Германия, Франция, Италия, Канада елдерінде - 50% жоғары, ал Швецияда – 60% жоғары [10. 35б].

Бұл үлес жоғары болған сайын, мемлекеттің экономиканы реттеу ауқымы да жоғары.

Экономикадағы мемлекеттің рөлі елдің ұлттық активтеріндегі мемлекеттік меншіктің үлесі арқылы да сипатталады. Оның үлесінің жоғары болуы, басқа

жағдайлар тұрақты болғанда, мемлекеттің экономикаға қатысуы жоғары екендігін куәландырады.

Экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлі туралы экономистердің көзқарасы бірдей емес екендігін айта кеткен жөн. Біреулері, “командалық биіктер”, “нервтік түйіндер”, “стратегиялық салалар” деп аталатын экономика секторлары кез-келген жағдайда да мемлекет меншігінде қалуы тиіс десе, басқалары - экономикадағы мемлекеттік секторларды қысқартуға, жекешелендіруді жеделдету мен жеке секторды жоғары деңгейде дамытуға шақырады. Ресейлік экономист А. Илларионов 1978-1991 жылдар аралығындағы 76 елдегі статистиканы талдау негізінде ЖІӨ-гі мемлекеттік кәсіпкерліктің үлесін жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ-нің өсу қарқынымен салыстыра отырып, қорытынды жасайды: мемлекеттік меншік пен мемлекеттік кәсіпкерліктің ЖІӨ-гі үлесі 7% төмен болғанда, экономикалық өсу қарқыны жоғары межеге – жылына 1,5% жетеді. Олардың мөлшері өскен сайын, экономикалық өсу қарқыны төмендейді, ал ЖІӨ-гі мемлекеттік кәсіпорындардың өндіріс көлемі 20% асқан жағдайда, экономикалық өсу теріс шамаға айналады. Сондықтан, оның ойынша, мемлекеттік меншіктің мөлшерін азайту экономикалық өсуге жағдай жасайды [15. 76].

Мемлекеттік кәсіпкерліктің үлесін арттыруды жақтаушылар [16.156] керісінше, оның үлесінің артуы экономиканың циклдық ауытқуларын төмендетеді, - дейді. Соңғы 50 жылда экономикалық ауытқудың тереңдігі әжептеуір төмендеген және “Ұлы депрессия” кезеңіндегі көрсеткішпен салыстыруға келмейді.

Мұндай пікірталастар экономикадағы мемлекеттің рөлін қайта қарауға әкеліп, мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен өндіріске мемлекеттік араласудың қажеттігін жаңаша ойластыруға мәжбүрлейді.


Мемлекеттік реттеудің көлемін мемлекеттік шығыстардың үлесі арқылы да анықтауға болады. Осы көрсеткіш бойынша әлем елдерін үш топқа бөлуге болады:

1. ЖІӨ-гі мемлекеттік шығыстардың үлесі 50%-дан жоғары елдер: Бельгия, Италия, Швеция, Нидерланды, Норвегия;
2. ЖІӨ-гі мемлекеттік шығыстардың үлесі орташа елдер, үлестік салмағы 40-50% : Германия, Ирландия, Испания, Жаңа Зеландия, Канада, Франция;
3. ЖІӨ-гі мемлекеттік шығыстардың үлесі төмен елдер, үлестік салмағы 40%-дан төмен: Австралия, АҚШ, Швейцария, Жапония [16.346].

Ресейлік экономистер мемлекеттің экономикадағы рөлін сипаттайтын тағы бір көрсеткішті бөліп қарастырады – жұмыспен қамтылған жалпы халықтың ішіндегі мемлекеттік қызметкерлердің үлесі. Олар бұл көрсеткішті аса қолайлы дей отырып, оның елеулі кемшілігін де бөліп көрсетеді – еңбек өнімділігінің өзгерісі мен өндірістік ресурстардың өзара алмасушылығын ескермейді.

Мемлекеттің белсенділігіне қарсы сын-пікірлер өршіп тұрған кезеңдердің өзінде бірде-бір дамыған ел макроэкономикалық реттеуден бас тартпағанын айта кеткен жөн. 80-жылдары мемлекеттік сектордың өсуі баяулағанымен, мемлекеттік реттеудің экономикалық қуатының өсу процесі тоқтаған емес (2-сурет). Оған дәлел ретінде Ұлыбританияны мысал ретінде алуға болады. 1980

жылы М. Тетчер үкіметі экономиканы мемлекетсіздендіруге бағытталған реформаларды жүзеге асыра бастаған кезде мемлекеттік шығыстардың ЖІӨ-гі үлесі 43% болатын. 10 жыл ішінде бюджеттік баптар мен мемлекеттік қызметкерлер санын елеулі қысқарту нәтижесінде мемлекеттік шығыстардың үлесі 42%-ға дейін ғана азайған. Соңғы жылдары ЖІӨ-дегі мемлекеттік шығыстардың өсуі жалғасуда және Ұлыбританияның мемлекеттік шығыстарының ЖІӨ-дегі үлесі 1980 жылғы көрсеткішіне қайта жақындады. Бұл процесс өмір үшін маңызы бар бірқатар тауарлар мен қызметтерді өндіруші ретінде мемлекет рөлінің әлсіреуімен емес, жеке кәсіпкерліктің құқықтық ортасын қалыптастыратын төреші және әлеуметтік тұрақтылықтың кепілі ретіндегі рөлімен байланысты туындайды.



2 сурет. Рыноктық экономикадағы мемлекет үлесінің өсуі, % [16.с.12]

Ескертпе: Рыноктық экономика мен дамыған елдер топтары бойынша ЖІӨ мемлекеттік шығыстардың пайыздық көрсеткішінің өсімі (Австралия, Австрия, Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Испания, Италия, Канада, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Норвегия, США, Франция, Швеция, Швейцария, Жапон).

## 2. 5. Экономиканы мемлекеттік реттеудің кемшіліктері

Қоғамның экономикалық өмірін ұйымдастыруда мемлекеттің орны мен рөлі туралы түсініктердің біржақты болмауы және онымен байланысты пікірталастардың көптігі мемлекеттік реттеу процесі мен мемлекеттік бағдарламалардың жекелеген кемшіліктерінен туындайды.

Ресейлік экономистер [17. 12; 9; 24 б] мемлекеттік реттеудің келесідей кемшіліктерін көрсетеді:

- реттеуді ұйымдастыру мен жүзеге асыру үшін әкімшілік шығындардың болуы;

- өндірістік ресурстарды аса тиімді пайдалануға жағдай жасайтын рыноктық қатынастар сферасының тарылуы;

- шаруашылық субъектілер арасындағы рыноктық байланыстар қағидаларының бұзылуы.

Батыс экономистері [6. 14-15б] мемлекеттік реттеудің кемшіліктерін төрт себеппен байланыстырады:

1. Өзінің қызметінің салдары туралы мемлекеттің алатын ақпаратының жеткіліксіздігі. Мемлекеттің көптеген іс-әрекеттерінің нәтижесін түсіну және алдын ала болжау қиын. Бұрынғы КСРО Үкіметі ішімдікке салынумен күрес Бағдарламасын қабылдаған кезде қоғам үшін оң мақсаттар көздеген болатын. Бірақ, осыған қарамастан ішімдікті тұтыну қысқарған жоқ, алайда, жүзімдіктердің бағалы сорттары, сирек кездесетін шараптарды дайындау тәсілдері жойылып, шарап зауыттары жабылды, жұмыссыздық өсті және т.б.

Қабылданған шаралардың болашақ нәтижелері туралы мемлекеттің ақпараты аз болғандықтан, ТМД мен ҚР меншікті жекешелендіру және мемлекетсіздендіру процестерін жүзеге асыру көптеген қателіктерге, теріс салдарға әкелді. Елге мәлім қазақстандық экономист А. Есентүгеловтың айтуынша: “Бұл процестің нәтижесінде меншік шет елдердің қолына өтті. Енді жаңа меншік иелері салықтар төлемейді, экспорттан алынатын валюталық түсімді қайтармайды, қаржыларын шикізат салаларын қайта құруға салмайды, капиталды шет елдерге шығарады” [18. 30б]. Мемлекет өзі қыбалдаған шешімдердің салдарын барлық уақытта біле алмайды және қойылған міндеттерді толық шешуге қабілетсіз.

2. Жеке сектордың жауап әрекетіне бақылаудың шектеулілігі. Мемлекеттің қабылдаған іс-шараларына кәсіпкерлер үнемі қанағаттана бермейді. Мысалы, халықтың кедей топтарына тұрғын үйді жалға беру – алуды ыңғайлы ету үшін жал төлемін бақылауды күшейту, кері нәтижеге әкелуі мүмкін, өйткені, пәтер иелері басқа инвестициялық мүмкіншіліктерді пайдалана алады. Бұл тұрғын үй ұсынысын төмендетіп, жал төлемін арттырады.

3. Бюрократияны бақылаудың шектеулілігі. Кез келген қолданыстағы заңның әрекет етуі кез-келген экономикалық құбылысты реттеу бойынша қадамдарды жүзеге асыру мемлекеттік шенеуніктердің кәсіби біліміне, олардың мақсаткерлігі мен адал еңбегіне тәуелді. Бірақ та, өмірде шенеуніктердің өз қалауы бойынша әрекет етуі басым. Қоғамдық мүдделер туралы әркім өз пікірлерін басшылыққа алады. Тек 1990 жылдары ғана бюрократияның тиімсіздігіне және де сыбайлас жемқорлықты өсіретіндігіне, шенеуніктер алған ақпараттарды бұрмалап, экономикалық саясат құралдарын өзінің жеке мақсаттары үшін пайдаланатындығына көңіл бөле бастады [19. 57б]. Әсіресе, мұндай жағдайларды ТМД елдерінің нақты өмірінен көруге болады. Шет елдік инвесторлар, жекешелендіру мен мемлекетсіздендіру, кәсіпкерлікті реттеу туралы заңдар және т.б. мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің жеке басының

баю көзіне айналды. Осыған орай бұл заңдарды жүзеге асырудың соңғы нәтижесі күткен нәтижелерден мүлдем алшақ болды.

4. Саяси процестермен байланысты қойылатын шектеулер. Мемлекеттің іс-әрекеті халықтың барлық тобына қатысты, бірақ шешімді шектеулі адамдар тобы қабылдайды. Қоғамның мүддесіне сай шешім қабылдауға шенеуніктердің қабілетсіздік танытуы, олардың әділетсіздігіне және іс-әрекетіне ғана емес, саясаткер-депутаттардың қысымына бағынуға мәжбүр болуымен байланысты. Өйткені, әрбір депутаттың өз сайлаушылары, сайлаушылардың өз мүдделері мен тандаулары бар; депутаттардың ықпалымен бұл мүдделер қоғам мүддесіне қайшы шешім қабылдауға әсер етуі мүмкін.

Экономиканы мемлекеттік реттеуді сынаушылардың пікірінше, мемлекеттің қабілетсіздігінің төрт көзі қоғамның экономикалық өмірін реттеуден мемлекеттің бас тартуы үшін аса елеулі және жеткілікті күрделі.

Қазіргі кездегі экономикалық әдебиеттерде экономикаға мемлекеттің араласуын шектеу және рыноктық қатынастар мен жеке кәсіпкерлікке экономикада басты орын беру туралы көзқарастар басым. Бұл жағдаймен байланысты XX ғасырдың атақты ғалымдарының ұстанымдары қарама-қайшы. АҚШ-тағы Гарвард университетінің профессоры Джон Кеннет Гэлбрейттің ойы бойынша мемлекеттің экономикадағы рөлі белсенді болуы тиіс, ал Нобель сыйлығының лауреаты Мильтон Фридменнің пікірі керісінше – мемлекеттің рөлі төмен болғаны дұрыс. Мемлекеттің рөлі туралы көзқарастар рыноктың қабілетсіздігінің деңгейі мен оның орнын толтырудағы мемлекеттік іс-әрекеттердің тиімділігіне байланысты өзгеріп отырады.

### **Ізденіс сұрақтары:**

1. Экономиканы мемлекеттік реттеудің қажеттігін негіздейтін қандай факторлар?
2. “Экономиканы мемлекеттік реттеу” ұғымына анықтама беріңіз.
3. Экономиканы мемлекеттік реттеудің жетекші субъектісі.
4. Неліктен әртүрлі қоғамдық-экономикалық құрылымдарды реттеу субъектілеріне жатқызуға болмайды?
5. Экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі объектілерін атаңыз.
6. Экономиканы мемлекеттік реттеудің мақсаттары қандай?
7. Мемлекеттің әртүрлі және жаңа сападағы экономикалық қызметтерінің мазмұнын ашып көрсетіңіз.
8. Экономиканы реттеуде мемлекеттің қабілетсіздік танытуының негізгі себептерін атаңыз.
9. ҚР мемлекеттік реттеудің қандай кемшіліктерін білесіз?

## **III ТАРАУ. ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ НЫСАНДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ**

3.1. Мемлекеттік реттеудің негізгі нысандары мен құралдары.

3.2. Мемлекеттік реттеудің негізгі әдістері.

а) Ұлттық экономиканың әлеуметтік-экономикалық динамикасын болжау.

б) Әлеуметтік-экономикалық дамуды жоспарлау.

### **3.1. Мемлекеттік реттеудің негізгі нысандары мен құралдары**

Мемлекеттік реттеу нысаны дегеніміз экономиканы реттеуді ұйымдастыру тәсілі, яғни экономикаға қатысты сыртқы реттеу құралдарының жиынтығы – нормалар, әкімшілік заңдар, стандарттар, ережелер, шарттар және т.б.

Қолданылатын мемлекеттік реттеудің нысандарын үш топқа бөлуге болады:

1. Заң шығарушы – құқықтық нысаны. Ол ұлттық экономиканың ішінде де, сыртқы әлеммен байланысы кезінде де қолданылады. Экономикалық жүйенің өзгеру қағидаларын, өндірістік, әлеуметтік және басқа да қатынастардың қызмет етуін анықтау үшін пайдаланылатын заңдардың, оларды дайындау, қабылдау мен жүзеге асыру механизмдерінің жиынтығын сипаттайды.

2. Қаржы-несиелік нысаны. Бюджет-салықтық және ақша-несиелік нысандардан тұрады. Бұл нысан макроэкономикалық белсенділікті реттеу, (ынталандыру немесе тежеу) жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың тепе-теңдігін қалыптастыру үшін қолданылады. Қалыптасқан экономикалық жағдайға сәйкес әртүрлі қаржы-несиелік құралдарға негізделген мемлекеттік саясат нақты процестерге әсер етеді:

- Салық саясаты – салық қойылымын, салық салынатын объектіні, салықтық жеңілдіктер мен артықшылықтарды белгілеу;

- Ақша саясаты – ақша эмиссиялау, ең төменгі резерв мөлшерін белгілеу және өзгерту, ашық рыноктағы операциялар;

- Несие саясаты – банктік несие үшін пайыздың есептік қойылымын белгілеу, мемлекеттік бағалы қағаздар мен рыноктық операциялар, мақсатқа сай несиелеу, тікелей қаржыландыру және т.б.;

- Валюталық саясат – ұлттық валютаның айырбас бағамының жүйесін таңдау, номиналды және нақты айырбас бағамын белгілеу, валюталық резервтерді анықтау және т.б.;

- Амортизациялық саясат – амортизация нормасын белгілеу, амортизациялық қордың күрделі жөндеу және қалпына келтіру шығындарына қатынасы;

- Кеден саясаты – экспорттық, импорттық, кедендік бажды және үлесті белгілеу.

3. Әкімшілік нысан әкімшілік-экономикалық және ұйымдастырушылық-әкімшілік нысандарға бөлінеді. Бұл нысан үкіметтің қабылдайтын шешімдерімен, жарлықтарымен, бұйрықтарымен байланысты.

Әкімшілік реттеудің негізгі құралдары: нормативтер мен қатаң ережелер жүйесі, әкімшілік әсер етудің бір сарынды тәртібін дайындау, жекелеген тауарлар мен қызметтердің өндіріс көлемі мен бағаларын белгілеу және т.б.

Әртүрлі ұлттық экономикаларда реттеудің әртүрлі нысандары арасындағы қарым-қатынас бірдей емес. Экономикалық жағдайлардың өзгеруіне орай макроэкономикалық саясаттың мақсаттары мен міндеттері де өзгеріп отырады. Бұл өз кезегінде реттеудің әртүрлі нысандары арасындағы қарым-қатынасқа әсер етеді. Күрделі мемлекеттік реттеу жүйесінде не біріншісіне, не екіншісіне, не үшіншісіне артықшылық беру арқылы олардың орны анықталады. Реттегіштер мен құралдар белгілі бір реттеу нысанын жүзеге асыру кезінде қолданылады. Реттелетін объектіге әсер ету тәсілі бойынша жанама және тікелей реттегіштер бар:

Тікелей реттегіштер – шаруашылық субъектілердің іс-әрекетін қатаң белгілейтін реттегіштер. Олар: заңдар, жарлықтар, бұйрықтар, қаулылар, сот билігінің шешімдері және т.б.

Жанама реттегіштер – реттеуге алынған объектінің іс-әрекетін ынталандырушы немесе тежеуші сипаттағы нұсқаларды қалыптастырады. Оларға: салық салу шарттары, баға, кедендік баж, амортизация нормасы, пайыз, тариф деңгейлері, ауыр және зиянды жұмыс үшін төлем жасау шарттары және т.б.

Кейде, бұл реттегіштерді әкімшілік және экономикалық деп те атайды, яғни әкімшілік реттегіштер – тікелей, ал экономикалық реттегіштер – жанама болады. Іс жүзінде әкімшілік және экономикалық реттегіштер бірдей тетіктерді пайдаланады. Мысалы, тікелей реттеу, тыйым салу, рұқсат беру, мәжбүрлеу секілді таза әкімшілік құралдар мен тетіктерден басқа жеңілдетілген қаржыландыру, келісім-шарт, тапсырыс жасау, бюджеттік инвестициялар, сауықтыру, субвенциялар, дотациялар, трансферттер сияқты экономикалық тетіктерді пайдаланады. Сонымен қатар, жанама реттеу экономикалық құралдар: салықтар, жеңілдіктер, несие үшін пайыз қойылымы, ашық рыноктағы операциялар, тапсырыстар мен келісім-шарттар, акция үлесін иелену арқылы басқаларға қабысу және т.б. ғана емес, қатаң нормалар стандарттар, квоталар, баж және лицензиялар белгілеу арқылы да жүзеге асырылады.

Нақты шаруашылық тәжірибеде әртүрлі реттегіштер өздігінше дербес қана емес, бір-бірімен үйлесімді және өзара тығыз байланыста қолданылады. Әсер ету аясы шектеулі немесе үлкен шеңберде бола отырып, әкімшілік және экономикалық тетіктер сандық және сапалық көрсеткіштерін өзгертеді, олардың мақсатты бағытталуы, шешетін қысқа мерзімді міндеттері және орны мен рөлі құбылмалы болады.

Реттегіштердің көптүрлілігі мен әркелкілігі әртүрлі аядағы қолданудың әртүрлі нәтижелері жылдам өзгертін жағдайларға бейімделуінің күрделілігі экономикаға әсер етудің барлық іс-шараларының өзара байланысы мен кешенділігін қамтамасыз етудің қажеттілігі экономиканы мемлекеттік реттеудің өзіне тән аса күрделі екендігін айқындайды.

### **3. 2. Мемлекеттік реттеудің негізгі әдістері**

Мемлекеттік реттеу іс жүзінде әртүрлі әдістер арқылы жүзеге асады.

Әдіс - бұл мақсатқа жетудің тәсілі, таңдап алынған мақсаттарға жетудің тәртіпке келтірілген іс-әрекеттер жүйесі. Қоғамның даму тарихында экономиканы мемлекеттік реттеу нысандары, құралдары және әдістері үнемі

ұлғайып отырғанын көруге болады. Экономикада мұндай тәртіпке негізделген іс-әрекеттердің аса кең тараған түрлері болжау мен жоспарлау.

а) Ұлттық экономиканың әлеуметтік-экономикалық даму динамикасын болжау.

Ұлттық болжау процесі ұлттық экономиканың даму бағыттары туралы ғылыми негізделген көзқарастар жүйесін қалыптастыруды сипаттайды. Оның мазмұны оңтайлы шешім қабылдау үшін ұлттық экономиканың дамуының мүмкін болатын бағыттарын анықтаумен байланысты.

Ұлттық экономиканың дамуын болжау – ұлттық экономиканың дамуының болашақ көрсеткіштері туралы мәліметтер беретін сандық және сапалық нысандағы дәлелді болжамдар кешені. Болжамды дайындаудың негізіне әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды танудың ғылыми әдістері және экономикалық болжамның тәсілдерінің, әдістерінің, құралдарының жиынтығын пайдалану жатады.

Ұлттық болжаудың мақсаттары:

- экономиканың дамуын ғылыми талдау негізінде ғылыми алғы шарттар қалыптастыру;

- қалыптасқан тенденцияларды да, көзделген мақсаттарды да ескеретін қоғамдық ұдайы өндірістің болашақ даму нұсқаларын алдын ала анықтау;

- қабылданатын шешімдердің мүмкін болатын салдарын бағалау;

- басқару шешімдерін қабылдау үшін елдің әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық бағыттарын негіздеу.

Зерттелетін объектілердің сипатына байланысты болжаудың келесідей түрлері бар:

1. Экономикалық болжау өндірістік қатынастар мен өндіргіш күштердің жекелеген элементтерінің болашақтағы дамуын зерттейді, оның ішінде ЖІӨ көлемі мен динамикасы, инфляция деңгейі, еңбек өнімділігі, еңбек ресурстары мен негізгі қорларды ұдайы өндіру, инвестицияның көлемі, құрамы және тиімділігі, экономикалық өсу қарқыны және т.б.

2. Табиғи ресурстарды болжау, оларды шаруашылық айналымға тартуды сипаттайды және қоғамдық ұдайы өндіріс пен табиғи орта ресурстарының барлық түрін қамтиды: отын, минералды ресурстар, ғарыш ресурстары, әлемдік мұхит ресурстары, энергия түрлері, өсімдіктер мен жануарлар әлемі, қоршаған ортаны қорғау.

3. Ғылыми-техникалық болжау өндірісті орналастыруға табиғи факторларға әсер ететін ҒТП жетістіктерін қарастырады. Оның ішінде: а) ғылым мен техниканың дамуын болжау; б) іргелі және қолданбалы зерттеулердің болжамы; в) ҒТП жетістіктерін дамыту және пайдалануды болжау; г) ҒТП салдарын болжау.

4. Демографиялық болжау халық санының өзгерісін және еңбек ресурстарының ұдайы өндірісін, жұмыспен қамтуды, жұмысшылардың біліктілігі мен кәсіби құрамын қамтиды.

5. Әлеуметтік дамуды болжау азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын халықтың тұтынуын, бөлшек тауар айналымын, өндірістік емес аумақ салаларының дамуын, жалпы және кәсіби білім беруді, мәдениет және өнерді,



денсаулық сақтауды, коммуналдық шаруашылық және тұрмыстық қызмет көрсетуді қамтиды.

Ұлттық болжау экономиканың барлық деңгейлері мен жақтарын қамтиды және жоғарыдағы барлық болжаудың жиынтығына негізделеді, яғни болжау кешенді болып табылады. Болжау үшін атқарушы билік органдары арқылы жинақталған ақпараттар қолданылады. Негізгі орган – алғашқы ақпараттарды жинақтап, оны жұртшылыққа жария ететін ұлттық статистика агенттігі. Басқа министрліктер өздерінің әрекет ететін аумағы бойынша ақпараттарды уақытында беруге жауапты: ақша-несие аумағында - Ұлттық (орталық) банк, бюджеттің орындалуы туралы – қаржы министрлігі, салық жинау бойынша – Мемлекеттік салық қызметі, кедендік статистика бойынша – Мемлекеттік кеден комитеті және т.б.

Ұлттық болжауды дайындау кезінде келесідей әдістемелік қағидалар қолданылады:

- ғылыми негіздеу қағидасы, яғни барлық болжауларда объективті экономикалық заңдардың талаптары ескерілуі тиіс және оларды дайындау ғылыми құралдарды қолдануға, отандық, шетелдік болжауларды жасау тәжірибелерінің жетістіктерін терең зерттеуге негізделуі тиіс;

- болжаудың объективтілік қағидасы экономикадағы тұрақты тенденциялар мен өзара байланыстарды анықтау және бағалауды ғана емес, сонымен бірге нақты процестердің ықтималды сипатын есептеу мен ауытқу мүмкіншіліктерін сипаттайды;

- мақсаттылық қағидасы, болжаудың мазмұны тек ғана алдын-ала мәлімет алудан емес, болашақта жетуге тиіс мақсаттардан құралады;

- баламалылық қағидасы халық шаруашылығының кешені мен оның жеке-леген бөлімдерінің әртүрлі өзара байланыстары мен құрылымдық қарым-қатынастары кезіндегі әртүрлі аумақ бойынша даму мүмкіншіліктерін анықтайды, яғни шаруашылықты дамытудың балама нұсқаларын анықтау қажеттігі туындайды;

- жүйелілік қағидасы экономика салаларының, секторларының, сфералараның және субъектілерінің қозғалысын тұтас, жиынтық күйде бір жүйеде есептеуді білдіреді. Бұл экономикалық жүйенің жалпы мақсаттарына жету үшін әрбір бағыт бойынша жасалатын болжаулардың үйлесімді болуына, қайшылықтарын жоюға арналған.

Болжаудың барлық түрлерін дайындау кезінде бұл қағидалар белгілі бір шамада орындалуы тиіс.

Болжау кезінде келесідей жалпы ғылыми тәсілдер пайдаланылады: тарихи және кешенді. Тарихи тәсіл кезінде әрбір құбылыс пен процесс өзінің тарихи нысандарымен өзара байланыста болады, яғни, зерттелетін объектінің қазіргі жағдайы оның бұрынғы дамуының нәтижесі болып табылады. Кешенді тәсіл зерттеу объектісінің басқа құбылыстар мен процестерге тәуелді байланысын қарастырады. Оның шеңберінде генетикалық (зерттеушілік, ізденістік) және нормативті (мақсатты) ұстанымдар бөлінеді.

Генетикалық ұстанымның соңғы мақсаты - объектінің қалыптасқан даму беталыстарын сақтай отырып, болашақтағы мүмкін болатын жағдайын болжау.

Нормативті ұстанымның мақсаты - объектінің болашақта мүмкін болатын жағдайына жету жолдары мен мерзімін анықтау.

Болжау әдістері дегеніміз - ішкі (эндогенді) және сыртқы (экзогенді) айнаымалыларды, ескі мәліметтерді талдау негізінде, қарастырылатын құбылыстың өзгерісін есепке ала отырып, оның болашақтағы дамуы туралы белгілі бір сенімді пікір қалыптастыруға мүмкіндік беретін ойлау тәсілдері мен амалдардың жиынтығы.

Болжау әдістері интуициялық және қалыптасқан деп бөлінеді. Болжаудың интуициялық әдістері күрделі қалыптаспаған мәселелерді шешуде қолданылады, ақпараттық қамтылуға қарамастан, объектінің болашақтағы болжамды бағасын алуға мүмкіндік береді. Олардың мәні бағалаудың сандық әдістері мен алынған нәтижелерді өңдеуді үйлестіруде адамның интуитивті-логикалық ойлауының рационалды процедурасын қалыптастыру болып табылады. Сарапшылардың жалпылама көзқарастары мәселенің шешімі деп қабылданады.

Сараптамалық бағалаумен сарапшылардың сұрау нысандарын ұйымдастыруына байланысты дербес және ұжымдық сараптамалық бағалау әдістері бар. Олардың әрқайсысының бірнеше түрлері бар. Олардың ішінде кеңінен қолданылатын сараптамалық бағалау әдістері:

- “сұхбат беру” әдісі- “сұрақ-жауап” түріндегі сарапшы мен маман арасындағы тікелей байланыс. Алдын-ала дайындалған бағдарламаға сәйкес сарапшы болжанатын объектінің болашақ дамуы туралы маманға сұрақ қояды;

- талдау әдісі-кез-келген болжанатын жағдайға логикалық талдау жасалады. Сарапшы нақты объектінің болашағын талдау үшін дербес жұмыс атқарады.

- сценарий жазу әдісі- әртүрлі жағдайлардағы уақыт бойынша процестің немесе құбылыстың логикасын анықтауға негізделген.

Ұжымдық сараптамалық бағалау әдістерінің ішінен аса кең тараған түрлері:

- “Дельфи” әдісі. Оның ерекшеліктері: сарапшылардың көп болу және құпиялылығы; бетпе-бет кездесу мен ұжымдық талқылаудан бас тарту; оларға сауалнама жүргізу арқылы көп деңгейлі сұрау жасау; бағалау, дәлелдеу және сандардың құпиялылығын сақтау; ұйымдастырушылардың сұранымы бойынша сарапшылардың жауаптарға түсінік беруі.

- “идеяларды ұжымдық шоғырландыру” әдісі. Алдымен “ми шабуылы” көмегімен белгілі бір идеяларды туындату үшін мамандардың шығармашылық әлеуеті белсенді шығармашылық процеске тарту жолымен өнімді нәтижелер алуға мүмкіндік береді.

Болжаудың қалыптасқан әдістері математикалық теорияға сүйенеді. Сондықтан болжау сенімді, айқын болады, орындалу мерзімі қысқарады, ақпараттарды өңдеу мен нәтижелерді бағалау кезінде мамандарға үлкен жеңілдік болады.

Экстрополяциялау және математикалық модельдеу әдістерін бөлеміз. Экстрополяциялау әдісі – құбылыстың бір бөлігін қадағалау нәтижесінде алынған қорытындыны оның басқа бөлімдеріне таратуды білдіретін ғылыми зерттеу әдісі. Зерттелетін мерзім ішінде өзгеріс деңгейлерінің заңдылықтарын анықтау негізінде бірқатар қозғалыс деңгейлері объектінің болашағында

(болашақ экстрополяция) немесе өткенінде (ретроспективті экстрополяция) жалғасын табуы мүмкін.

Математикалық модельдеу әдісі – нақты процестерге негізделген модель құруды сипаттайды. Модельдеу процесінің мазмұны: объектіні алдын ала зерттеу арқылы модельді құрастыру, оның өзіне тән ерекшеліктерін бөліп көрсету; модельді теориялық және тәжірибелік талдау; модельдің нәтижелерін объекті туралы нақты мәліметтермен салыстыру; модельге түзетулер енгізу және айқындау.

Мемлекеттік реттеу жүйесінде елдің әлеуметтік-экономикалық даму тұжырымдамасын дайындау ерекше орын алады. Оның негізгі мәні – ұлттық экономиканы дамытудың стратегиялық мақсаттары мен оларға жету құралдарын анықтау.

Елдің әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттары мақсатты бағыттардың, мақсатты көрсеткіштер мен нормативтердің сандық және сапалық ерекшеліктерінің жиынтығы арқылы көріне алады.

Ұлттық болжау жүйесі мен тұжырымдалар негізінде елдің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы немесе экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесінің маңызды элементі болып табылатын мемлекеттік стратегиялық жоспар дайындалады.

б) Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау.

Жоспарлау экономиканы мемлекеттік реттеудің әсері жоғары әдістерінің бірі. Жалпы алғанда жоспарлау мақсаттары таңдау мен ғылыми дайындау оларға жету жолдары мен құралдарын анықтаумен байланысты бастапқы ақпараттарды өңдеу арқылы басқару шешімдерін дайындау және қабылдау процесі болып табылады. Жоспарлаудың маңызы елдің экономикалық дамуын ғылыми негізделген басқарумен қамтамасыз ету. Ал бұл объективті экономикалық заңдарды, экономикалық теория мен шаруашылық тәжірибенің негізгі жағдайларын және қорытынды нәтижелерін білу мен пайдалануды қажет етеді. Жоспарлау басқарудың әртүрлі деңгейлерінде жүзеге асырылады: макродеңгейде–макроэкономикалық жоспарлау, аймақтық деңгейде–аймақтық жоспарлау, кәсіпорын немесе фирма деңгейінде – микроэкономикалық жоспарлау.

Жоспар белгілі бір мақсатты айқындау мен зерттелетін объектінің әрбір бөлшегінің жағдайын күні бұрын білуді сипаттайды: жоспарда қойылған мақсатқа сай даму жолдары мен құралдары белгіленеді, қабылданатын басқару шешімдері негізделеді. Оның басты белгісі – көрсеткіштердің нақтылығы, олардың сандық және уақыт бойынша анық болуы.

Жоспарлау әлеуметтік-экономикалық, әдістемелік және ұйымдастырушылық тұрғыда бөлініп көрсетіледі. Әлеуметтік-экономикалық жағы объективті экономикалық заңдарды тануға негізделеді және ұлғаймалы ұдайы өндірістің, яғни жоспарлау объектісінің әлеуметтік және экономикалық процестерін білдіреді. Әдістемелік жағы жоспарлаудың әдістері мен қағидаларының жиынтығын, яғни, әлеуметтік-экономикалық процестерді тану мен белсенді әсер ету құралдарын бейнелейді. Ұйымдастырушылық жағы жоспарлау субъектісінің, яғни жоспарлаушы органдардың құрылымы мен жоспарды дайындау технологиясын анықтайды.

Мазмұны мен көріну нысандары бойынша жоспарлаудың директивті, индикативті және стратегиялық түрлері бар.

Директивті жоспарлау заңдық күші бар жоспарларды дайындау процесі мен олардың орындалуын қамтамасыз ететін іс шаралар кешенін білдіреді. Директивті жоспар орындалуы міндетті, адрестік сипатта болады және оның орындалуы бойынша жауапкершілік жүктеледі.

Бұрынғы КСРО мен бірқатар социалистік елдерде мұндай жоспар халық шаруашылығының барлық бөлімдеріне орталықтан тікелей әсер ету үшін қолданылды. Сонымен қатар, директивті жоспарлар егжей-тегжейлі жасалғандықтан, оның орындалуы қиын болды.

Индикативті жоспарлау – рыноктық экономиканың қызмет етуіне әсер етудің негізгі әдісі және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын жүзеге асыру құралы. Ол рыноктық әдістер арқылы жүзеге асыру қиын экономикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Индикативті жоспарлау мемлекеттің экономикалық саясатына сәйкес экономиканың дамуын сипаттайтын көрсеткіштер (индикаторлар) жүйесін қалыптастыру процесін білдіреді. Индикаторлар ретінде: динамика, құрылым, экономиканың тиімділігі, қаржылардың, ақша айналасының жағдайы, тауарлар мен бағалы қағаздар рыногының ахуалы, бағалардың қозғалысы, жұмыспен қамту, өмір сүру деңгейі және т.б. көрсеткіштер алынады.

Индикативті жоспарлау рыноктық экономика жағдайына аса қолайлы және әлемде кеңінен тараған мемлекеттік реттеу әдісі болып табылады. Индикативті жоспарлар директивті сипатта болмайды, орындалуы міндетті тапсырмалар саны санаулы және ұсыныс ретінде бағыт беруші сипатта болады.

Осыған байланысты макроэкономикалық жоспарлаудың мәні – көптеген көрсеткіштерді дайындау мен оларды орындаушыларға жеткізу емес, болашақ даму мақсатын ғылыми түрде белгілеу және оған жетудің мүмкіншіліктері мен әрекет ету құралдарын дайындау болып табылады. Ол барлық өндіріс факторларын байланыстыруға, натуралдық-заттай және қаржылық-құндық ағымдардың макроэкономикалық теңгерімділігін қолдауға, ресурстарды рационалды әрі тиімді пайдалануға бағытталған.

Әрекет ететін мерзімі бойынша: ұзық мерзімді (10 жыл және одан да жоғары), орта мерзімді (3-5 жыл), ағымдық (1 жыл) жоспарлау болады.

Жоспарлаудың негізгі әдістемелік қағидалары:

- ғылымилық қағидасы, яғни жоспарлар экономикалық даму заңдары мен заңдылықтарын терең танып-білу мен пайдалану кезінде әзірленеді, ҒТП-ң, математиканың және басқа ғылымдардың жетістіктерін пайдаланады;

- әлеуметтік бағытталу және қоғамдық қажеттіліктердің басымдылық қағидасы; бұл қағида бойынша жоспарлау ең алдымен адам мен қоғамның мүдделеріне сай жасалуы тиіс;

- қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру қағидасы, яғни барлық мақсаттар мен міндеттер аз шығындармен жүзеге асырылуы тиіс;

- теңгерімділік және үйлесімділік қағидасы бойынша үлестердің ұлттық мүддеге сәйкес болуын қамтамасыз ету үшін рыноктық механизмге түзетулер енгізу қажет;

- басымдылық қағидасы экономиканың дамуында басымдылықты бағыттарды таңдау қажеттігін білдіреді, өйткені ресурстар әрқашан шектеулі, ал қажеттіліктер шексіз;

- қысқа және ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттердің келісімділік қағидасы әртүрлі жоспарлы құжаттардың үйлесімді, бір бағытта болуын, олардың бір-біріне қайшы келмеуін сипаттайды.

Жоспарлаудың негізгі әдістеріне теңгеру, нормативтік және бағдарламалы-мақсатты әдістер жатады.

Теңгеру әдісінде әрбір өнімнің түрі, бір жағынан, белгілі бір іс-әрекеттің нәтижесі, екінші жағынан – тұтыну үшін ресурс ретінде қарастырылады. Бұл барлық уақытта қажеттіліктерді оларды қанағаттандыру көздерімен байланыстыру қажет екендігін білдіреді. Алдымен ресурстар анықталынып, содан кейін есептелген қажеттіліктермен байланыстырылады, яғни теңгеріледі. Жиынтық қажеттіліктер әрқашанда ресурстар көлемінен жоғары болғандықтан, жоспарлауды дайындау процесі кезінде қажеттіліктер маңыздылықтары бойынша алғашқы, маңыздылығы төмен және т.б. бөлінеді.

Экономикалық тепе-теңдіктің жалпы жүйесінде материалдық, еңбектік және қаржылық тепе-теңдіктер жеке қарастырылады. Материалдық тепе-теңдік ұдайы өндіріс процесінің заттық элементтерінің саны мен жағдайын сипаттайды, еңбектік – еңбек ресурстарының біліктілігі мен сандық деңгейін, қаржылық – елдің қаржы жүйесінің жағдайын анықтайды.

Нормативті әдіс ФТП-ң жетістіктерінің бейнелейтін нормалар мен нормативтер жүйесін анықтау және және пайдалануға негізделген. Норма – белгілі бір сапада бір өнімде дайындауға жұмсалынатын қоғамдық қажетті шығыстардың ғылыми негізделген өлшемі. Ол өндірістің даму деңгейін анықтап қоймай, оған белсенді ықпал етіп отырады.

Норматив - өлшем бірлігіне жұмсалатын ресурстың үлестік шығыстарын сипаттайтын норманың құрамдас бөлігі. Экономикалық нормативтер іс-әрекет нәтижелеріне қойылатын қоғамдық талаптарды білдіреді және соңғы нәтижеде пайдаланылатын ресурстардың қажетті деңгейін анықтайды.

Нормалар мен нормативтердің кешені нормативті база деп аталады.

Бағдарламалық-мақсатты әдіс – халық шаруашылығының ірі мәселелерін жоспарлы шешу жүйесін қалыптастыру тәсілі. Оның мәні әлеуметтік, экономикалық, ғылыми-техникалық дамудың негізгі мақсаттарын таңдап алудан, белгіленген мерзімде оларға жетудің өзара байланысты іс-шараларын дайындаудан көрінеді.

Жоспарлаудың маңызды түрлерінің бірі стратегиялық жоспарлау болып табылады. Ол ұзақ мерзімді болашаққа бағдарланған және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын анықтайды. Оның мәні ұлттық экономиканы дамытудың басты басымдылықтарын таңдаумен байланысты және оларды жүзеге асыруда жетекші рөл мемлекетке жүктеледі. Стратегиялық жоспарлау арқылы елдің болашақтағы даму жолдары анықталады, қандай рынокта әрекет ету, ең алдымен қандай технологияны игеру, елдің әлеуметтік тұрақтылығын қалай қамтамасыз ету, қандай экономика секторлары мен қоғамдық құрылымдарға сүйену қажеттігі туралы мәселелер шешіледі.

Стратегиялық жоспарлаудың негізгі мақсаты - ұлттық экономиканың нәтижелі дамуы үшін жеткілікті әлеуетті қамтамасыз ету. Стратегиялық жоспарлау жалпы мемлекеттік даму тұжырымдаларынан орын алады.

Стратегиялық жоспарлаудың объективті қажеттігі экономика деңгейлерінің әртүрлілігі, меншіктің көптүрлілігі, әртүрлі салалардың, сфералар мен аймақтардың әркелкі және теңсіздікте дамуы нәтижесінде мотивтердің, іс-әрекеттердің, шешімдердің әртүрлі бағытталуымен байланысты түсіндіріледі. Ал макродеңгейде тиімді шаруашылық жүргізу белгілі бір макроэкономикалық тұрақтылық пен тепе-теңдіксіз мүмкін емес. Ағымдағы және болашақтағы ұлттық экономиканың жағдайын жалпы мемлекеттік қабылданатын шешімдерді жүзеге асырудың тұтас объектісі ретінде қарастырған жөн. Ал бұл ұлттық экономикадағы макроэкономикалық процестердің шеңбері мен басты қозғалу жолдарын алдын ала болжау мен ғылыми негізде анықтауды қажет етеді.

Сонымен қатар, ресурстардың шектеулілігі, аймақтық еңбек бөлінісі, нақты аумақтарда орналасқан табиғи ресурстарды өндіру мен қайта өңдеу процестерін оңтайлы дамыту және өндіргіш күштерді орналастыру мәселесін жалпы мемлекеттік деңгейге көтереді. Бұл болашаққа сенімді көзқарастарды талап етеді.

Стратегиялық жоспардың маңызды құралы болып бағдарламалау табылады. Жалпы ұлттық, аймақтық және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік мақсатты бағдарламалар экономиканы реттеудің маңызды бөлігін құрайды. Олар басымдылықты салалардың, сфералардың және аймақтардың екпінді дамуына, сол үшін қосымша күштер мен қаражаттарды жұмылдыруға мүмкіншілік жасайды.

Өндіріс стратегиясын әзірлеу кезінде ұлттық экономиканы дамытудың негізгі көрсеткіштері анықталады. Олар мемлекеттік мақсатты бағдарлама мәртебесін алады. Бұл бағдарламалар халық шаруашылығының нақты мәселелерін аса тиімді жолдармен шешуге бағытталған. Әлеуметтік-экономикалық, өндірістік, ғылыми-техникалық, ұйымдастырушылық-шаруашылық міндеттер мен іс-шаралардың жиынтығын білдіреді, сонымен бірге ресурстары, орындаушылары, орындалу мерзімі бойынша өзара байланысты нұсқаулы және атаулы құжат болып табылады. Сондықтан кез-келген бағдарламада қамтылады:

а) соңғы мақсат; б) білікті және шығармашылық амалдың нәтижесі болып табылатын бағдарламалық іс-шаралардың тізімі, в) соңғы мақсатқа жету үшін қажет ресурстардың кешені; г) жүзеге асыру мерзімі мен сатылары; д) басты және қосымша орындаушылар құрамы; е) бағдарламаны орындауда әртүрлі шаруашылық субъектілерінің қатысуының ерекше нысандарын таңдау; и) жауапкершілік және ынталандыру жүйесі; к) қаржыландыру көздері мен көлемін негіздеу; л) күтілетін соңғы нәтижелері мен экологиялық салдары.

Жоспарлау, оның ішінде стратегиялық жоспарлау, әсіресе мемлекеттік мақсатты бағдарламалар әлемдік шаруашылықта кеңінен қолданылатын экономиканы реттеу әдісі екенін айта кеткен жөн. Әлемнің кез-келген дамыған елінде экономиканы дамытудың индикативті жоспарлары жасалады [20. 376]. Францияда бұл жақсы дәстүрге айналған. Онда жоспарлаудың Бас комиссариаты әртүрлі уақыт аралығында нақты мақсаттары бар индикативті жоспарлар әзірлейді, мысалы, “Францияны орталықсыздандыру” - Париж

аймағында халықтың және өнеркәсіптің шамадан тыс шоғырлануын төмендету немесе ауыл шаруашылығын индустрияландыру, аймақтардағы ескі өнеркәсіпті қайта құру және т.б. 1947 жылы ең алғашқы жоспар 1947-1953 жылдарға арналып қабылданды, екінші 1953-1957 жж, үшінші 1957-1961 жж., төртінші – 1962-1965 жж, бесінші, алтыншы, жетінші. Қазіргі кезде Франция 2015 жылға дейінгі аумақтық орналастырудың Бас жоспарын жүзеге асыруда.

Жапонияда “Ұлттық табысты екі еселеудің он жылдық жоспары” және т.б. кейін 1987ж. XX ғасыр соңына дейін есептелген “Ұлттық дамудың төртінші кешенді жоспары” қабылданған болатын. Оның басты мақсаты – «оның өзіне тән мүмкіншіліктерін жан-жақты пайдалану», «жекелеген аудандар арасындағы байланыстарды тереңдету және халықаралық деңгейде өзара түсіністікті қамтамасыз ету үшін оның қамтылу аумақтарын шексіз ұлғайту».

1996 ж. Жапония Үкіметі 1996-2000 жж. арналған ғылым мен техниканы дамытудың Негізгі жоспарын бекітті. Онда Ұлттық шаруашылықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды, НИОКР-ды динамикалық дамыту негізінде тұрақты өсуді қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдар мен ғылыми мекемелердің, жеке компаниялардың күштерін біріктіру қарастырылған.

Нидерланд елінде жоспарлар «Физикалық жоспарлау туралы есеп беру», «Қосымшалар», «Одан кейінгі дайындамалар» секілді ерекше жоспарлау құжаттары түрінде рәсімделеді.

Германия, Испания, Канада, АҚШ-та ұлттық экономиканы тұтас дамыту жоспарларымен бірге, аймақтық жоспарлауға, нақты аймақтарды (мәселелік, аймақаралық, жергілікті) дамытудың кешенді жоспарларына аса көңіл бөлінген. Осыларға қоса, ұлттық емес сипаттағы жоспарлар да кездеседі, мысалы, “ЕЭҚ-ң экономикалық өсуінің болашағы” (1960-1970жж, 1971-1975жж, 1976-1980жж).

Байқап отырғанымыздай, жоспарлау әлемнің барлық экономикалық кеңістігінде экономиканы реттеудің сынақтан өткен әдісі ретінде қолданылады.

### **Ізденіс сұрақтары:**

1. Экономиканы мемлекеттік реттеудің қандай нысандарын білесіз?
2. Тікелей экономикалық реттегіштердің жанама реттегіштерден айырмашылығы неде?
3. Болжаудың негізгі түрлерін атаңыз.
4. Индикативті және директивті жоспарлардың бір-бірінен өзгешеліктері қандай?
5. Стратегиялық жоспарлау дегеніміз не?
6. Болжаудағы генетикалық амалдың мәні неде?
7. Болжаудың қандай әдістерін білесіз?
8. Жоспарлаудың негізгі әдістеріне сипаттама беріңіз.
9. Нормативті база дегеніміз не?
10. Стратегиялық жоспарлаудың қажеттігі немен түсіндіріледі?
11. Жоспарлаудың шетелдік тәжірибесі туралы не білесіз?

## **IV ТАРАУ. ӨНЕРКӘСІПТИҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК САЯСАТ**

4.1. Ұлттық экономикадағы өнеркәсіптің рөлі және тиімді өнеркәсіптік саясатты қалыптастырудың қажеттігі.

4.2. Өнеркәсіптік саясатты қалыптастырудың мәні, типтері және қағидалары.

4.3. Қазақстан Республикасында өнеркәсіпті қолдаудың жалпы және таңдамалы экономикалық іс-шаралары.

### **4.1. Ұлттық экономикадағы өнеркәсіптің рөлі және тиімді өнеркәсіптік саясатты қалыптастырудың қажеттігі**

Кез-келген елдің экономикалық жағдайы елеулі түрде өнеркәсібінің даму деңгейіне байланысты болады. Елдің өнеркәсіптік кешенінің жағдайы мен даму динамикасы, экономикалық тәуелсіздік пен ұлттық қауіпсіздікті күшейту, халықтың жоғары өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету, қоғамның экономикалық ортасын сауықтыру, тең құқықты және өзара тиімді жағдайда әлемдік экономикаға бірігу секілді ұзақ және қысқа мерзімді міндеттердің сәтті шешілу мүмкіншіліктерін анықтайды.

Ұлттың экономикалық өміріндегі өнеркәсіптік кешеннің маңызы мен рөлі келесі факторлармен анықталады.

Біріншіден, өнеркәсіптік өндіріс объективті түрде ЖІӨ-ді және ішкі тұтыну мен экспорт үшін жалпы тауарлар көлемін өндірудің негізгі көзі болып табылады. Тұрақты дамушы экономикада ЖІӨ-ді өндіруде өнеркәсіптің үлесі 40%-ға жақын [21.4466]. 90 ж. басында бұрынғы КСРО елдеріндегі бұл көрсеткіш 60% құраған болатын. Экономиканың тұрақты даму кезеңінде өнеркәсіптік кәсіпорындарда еңбекке жарамды халықтың 40% жұмыспен қамтылған.

Екіншіден, экономиканың маңызды саласы ретінде өнеркәсіптің жетекші рөлі қоғамдық өндірістің барлық басқа салалары мен сфераларын индустрияландырушы басты фактор болуымен сипатталады, олардың техника-технологиялық деңгейін, ғылыми-техникалық базасы мен сала ішілік және сала аралық кешендердің жағдайын анықтайды.

Сол арқылы өнеркәсіп бұл сфералардағы өндіріс көлеміне белсенді ықпал етеді, олардың ұлттық ЖІӨ-ді өндіруге қатысуын мемлекеттік бюджетті қалыптастыру, жұмыспен қамту деңгейлерін анықтайды, нәтижеде халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын қалыптастырады.

Үшіншіден, көп салалы өнеркәсіптік кешен қоғамдық өндірістің барлық басқа салалары мен сфераларының өнімдерін, қызметтерін негізгі тұтынушы болып табылады. Сол арқылы қоғамда төлем қабілеті бар сұранысты туындата отырып, ЖІӨ-ң өсуін ынталандырады.

Экономикалық өмірдегі өнеркәсіптің осындай маңызды және көп қырлы рөлін ескере отырып, дамыған елдердің өзінде өнеркәсіптік-өндірістік кешенді дамытуды бірінші басымдылық деп таниды. Өнеркәсіп ұлттық экономиканың жетекші бөлімі, елдің экономикалық даму деңгейін анықтайтын “бас нүкте” екендігін дәл айқындайды. Сондықтан да олар белсенді, жан-жақты және қисынды өнеркәсіптік саясат жүргізеді.



Белгілі ресейлік экономист Л. Абалкин мемлекеттік өнеркәсіптік саясатты әзірлеу мен жүзеге асыру қоғамның үдемелі қозғалысымен байланысты мемлекеттің жаңа сападағы маңызды қызметтерінің қатарына жатқызылады деп есептейді. Ресей үшін өнеркәсіптік саясаттың аса маңызды екендігіне көңіл бөле отырып, кейбір авторлар былай деп жазады: “Ресейде қоғаммен мойындалған, ғылыми негізделген және нақты жүзеге асыруға болатын өнеркәсіптік саясаттың болуы немесе болмауы туралы сұрақ, ХХІ ғасырда біздің елдің әлемдегі индустриалды дамыған ірі мемлекеттердің қатарында болу-болмауын шешетін сұрақпен бірдей” [23.17 б].

Қазақстан үшін өнеркәсіптік саясатты дайындау мен жүзеге асыру мәселесі аса өзекті. Бұл мәселенің өзектілігі кез-келген елдің экономикалық өміріндегі өнеркәсіптік саясаттың үлкен және көпқырлы рөлімен ғана емес, сонымен қатар еліміздегі экономикалық дағдарыс кезінде өнеркәсіптің қатты залал шеккендігімен де байланысты.

1990ж. қатысты өнеркәсіптік өндірістің физикалық көлемінің индексі 1995ж. – 48%, 2000ж. – 58%, 2001ж. – 59,8% болған және ЖІӨ-ң жалпы көлеміндегі үлестік салмағы – 30,7% ғана құраған [24.65 б].

Сонымен бірге өнеркәсіптің шикізаттық бағытының күшеюі жалғасуда және шикізат өндіруші салалардың жедел дамуы арқылы оның құрылымы «нашарлай» түскен. Атап айтқанда, 2002ж. тау-кен өндірісі өнеркәсібінің ғана үлесі 46,8%-ды құраған, оның ішінде ішкі мұнай мен оның құрамындағы газ өндірісі – 38,2% [24.80-81 б].

Өнеркәсіптің барлық салаларының өндірістік-техникалық аппаратында ескірген негізгі қорлар басым, техника мен құрал-жабдықтардың орташа қызмет еткен мерзімі 20 жылдан жоғары, тозу деңгейі 45-55%. Ал бұл өндірістік апаттар мен техногендік алапаттардың қаупін өсіретіні белгілі.

Аймақтар бойынша да өнеркәсіптің дамуы біркелкі емес. Бірқатар аймақтардағы шикізаттық мамандандудың тереңдеуі оларды жалғыз салалы аймақтарға айналдыруда, ал ішкі рынокқа бағдарланған салалар одан зиян шегуде. Осының салдарынан бірқатар әлеуметтік-экономикалық қайшылықтар ушығып, аймақтағы тұрғындардың өмір сүру деңгейі мен сапасы республикалық орташа көрсеткішпен салыстырғанда төмендеген.

Елдің өнеркәсіп кешеніндегі осы және басқа да теріс көріністер қалыптасқан жағдайлар бойынша мемлекет тарапынан белсенді іс-әрекеттерді шұғыл талап етеді, өнеркәсіптегі қалыптасқан экономикалық қатынастарды да, елдің болашақ мүдделерін де, халықаралық еңбек бөлінісіне қатысуын да ескеретін мемлекеттің мақсатты бағытталған өнеркәсіптік саясатын қалыптастырудың қажеттігін ескертеді.

Мұндай саясатты дайындаудың алғашқы қадамы 1998 жылы жасалынды. ҚР Үкіметі “1999-2003 жылдарға арналған ҚР өнеркәсіптік саясаты” мемлекеттік бағдарламасын бекіткен болатын. Бұл құжатта басты мақсаттар ретінде келесідей мәселелерді шешу көзделді: а) экспорт пен импортта алмастыруды дамыту; б) жаңа ғылымды қажетсінетін өндірісті дамыту және техникалық жаңарту; в) ішкі және сыртқы рыноктарда Қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Көріп отырғанымыздай, бұл

мақсаттар ұзақ мерзімді болашаққа арналған және ұзақ мерзімге негізделген мемлекеттік іс-шаралар кешенін анықтайды.

2003 жылы осы құжатты дамыту мақсатында «2003-2015 жылдарға арналған ҚР индустриалды-инновациялық даму стратегиясы» қабылданған болатын. Онда көрсетілген басты мақсаттар: «Экономика салаларын әртараптандыру арқылы елдің тұрақты дамуына жету, болашақта сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін жағдайларды дайындау». Стратегияның негізгі міндеттері, сатылары және жүзеге асыру мерзімдері, қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері және күтілетін нәтижелері қарастырылған. Қорыта айытқанда, Қазақстан өз өнеркәсібін реформалау, оның шикізаттық бағытын өзгерту мен тең құқықты және өзара тиімді жағдайларда әлемдік экономикаға интеграциялану жолдарын іздеу үстінде.

#### **4.2. Өнеркәсіптік саясаттың мәні, түрпаттары және негізгі қағидалары**

Оқулықтарда өнеркәсіп саясаты мәселесіне көңіл аударылғалы көп бола қойған жоқ. Бірақ ғылыми әдебиеттерде «өнеркәсіп саясаты» ұғымына берілген анықтамалар жеткілікті. Бұл анықтамаларды талдау бұл феноменнің аса маңызды сипаттамаларын: саясат объектілерін, субъектілерін, мақсаты мен оған жету құралдарын бөліп қарастыруға мүмкіндік береді.

Өнеркәсіптік саясаттың объектісі болып елдің барлық өнеркәсіптік кешені табылады, оның ішінде барлық салалардың жиынтығы, салалық құрылымы мен өнеркәсіп салаларының ғылыми-техникалық деңгейіне әсер ететін құрылымдық ұйымдар. Сондықтан өнеркәсіп саясаты туралы сөз болғанда, міндетті түрде салалық, құрылымдық, ғылыми-техникалық және инновациялық саясат қарастырылады, өйткені олардың барлығы бір кешеннің элементтері болып табылады және мақсаттары бірдей.

Өнеркәсіптік саясаттың субъектісі ретінде барлық деңгейдегі басқару органдарымен бірге мемлекеттің өзінен басқа көптеген шаруашылық субъектілері болуы мүмкін. Яғни, өнеркәсіптік саясатқа әсер ету мүмкіншіліктері өз мүдделері мен мотивтері бар ірі корпорациялар, қаржылық-өнеркәсіптік топтар, акционерлік қоғамдар және ірі құрылымдық шаруашылықтар. Ірі капиталға иелік ете отырып, олардың өзіндік өнеркәсіптік саясатты жүзеге асыруға мүмкіншіліктері жоғары. Мұнда жалпы ұлттық экономиканың мүдделеріне сәйкес қабылданған өнеркәсіптің даму бағыттарын жүзеге асыра алатын, мүдделері әртүрлі барлық шаруашылық субъектілерінің мүмкін болатын қатысу нысандарын табуға қабілетті мемлекеттің жетекші субъект ретіндегі рөлі жоғары болуы тиіс.

Өнеркәсіптік саясатты құру кезінде саясаттың дұрыс таңдап алынған мақсатты белгілемелері өте маңызды рөл атқарады. Өнеркәсіптік саясаттың нақты түрпаты да, басымдықтар жүйесі де, оның нақты мазмұны да, қолданылатын құралдар тобы да дәл осы мақсатты белгілемелерге тәуелді. Бірақ өнеркәсіптік саясат болашаққа бағдарланатындықтан, оған қойылатын басты талаптардың бірі- нақтылық, қол жетерлік, экономикадағы қалыптасқан жағдайларды есепке алу болып табылады. Сондықтан, өнеркәсіптік саясатты

ұзақ мерзімді және сатылы процесс ретінде сипаттаған жекелеген авторлардың [25.100-1046] көзқарастарында шындық жатыр. Бұл процесс саясаттың басты, орта мерзімді, қысқа мерзімді мақсаттарын бөліп қарауға мүмкіндік береді. Басты мақсат-республиканың аграрлы-шикізаттық мамандануынан өту және өндірушілер арасында әрекет ететін бәсеке механизмі мен кәсіпорындардың жоғары техника-технологиялық деңгейі негізінде тиімді олигополиялық рынок құрылымын қалыптастыру.

Орта мерзімді мақсат- халық шаруашылығының индустриалды негізін құрылымдық және технологиялық қайта құру, ұлғаймалы ұдайы өндірісті қалпына келтіру.

Қысқа мерзімді мақсат өндірістің құлдырауының алдын алу, экономиканың тұрақты өсуін және орнықтылығын қамтамасыз ету секілді ағымдық міндеттерді шешеді. Көріп отырғанымыздай, бұл мақсаттар әртүрлі уақыт кезеңдерін сипаттайды және өнеркәсіптік саясаттың басты мазмұнын орындаудың логикалық сатылары ретінде көрінеді.

Өнеркәсіптік саясатты жүзеге асырудың негізгі әдістері мен құралдарына жалпы экономикалық саясатта қолданылатын олардың барлық тобы жатады. Жоғарыда аталып өткендей, оларды келесідей үш топқа бөлуге болады: заң шығарушы-құқықтық, қаржылық-несиелік және әкімшілік.

Осы мазмұнда, өнеркәсіптік саясатты экономиканың индустриалды деңгейін арттыру мен оны ішкі және сыртқы өзгермелі жағдайларға бейімдеу мақсатында заң шығарушы-құқықтық, қаржы-несиелік, әкімшілік реттеу әдістерін пайдалану арқылы, құрылымдық және ғылыми-техникалық әлеуетімен қоса, елдің өнеркәсіптік кешеніне тікелей және жанама әсер ететін мемлекеттік шаралардың жүйесі ретінде сипаттауға болады.

Өнеркәсіптік саясат мемлекеттік сектордағы өндірістің дамуын, олардың дербестік шеңберін анықтап қоймай, сонымен қатар, ұлттық экономиканың ұзақ мерзімді мүдделеріне сай бағытталған басқа меншік нысандарындағы өнеркәсіптің негізгі салаларының дамуына жағдай жасайды.

Бұл мемлекеттің қарамағындағы мемлекеттік реттеудің әртүрлі нысандары мен әдістерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Экономикалық әдебиеттерде мемлекеттік өнеркәсіптік саясаттың әртүрлі жіктемесі кездеседі:

а) Экономикалық өсудің сипаты бойынша өнеркәсіптік саясат теңгерілген және теңгерілмеген түрпатына бөлінеді.

б) өнеркәсіп кешеніне әсер ету тәсілі бойынша – белсенді және енжар өнеркәсіптік саясат түрпаты.

с) бағытталуы бойынша - жалпы жүйелік және таңдамалы өнеркәсіптік саясат түрпаты.

д) мазмұны бойынша – экспортқа бағдарланған, импорт алмастырушы және инновациялық өнеркәсіп саясатының түрпаты.

е) қамтылу көлемі бойынша – жалпы ұлттық, аймақтық өнеркәсіптік саясат түрпаты.

Тәжірибеде олардың қолданылуы нақты жағдайлар мен ұлттық экономикалық ерекшеліктеріне, өнеркәсіптік кешеннің даму деңгейіне және

қабылданатын стратегиялық мақсатты белгілеулерге тәуелді. Сондықтан нақты шаруашылық тәжірибеде өнеркәсіптік саясаттың әртүрлі тұрпаттарын белгілі бір жиынтық күйде және үйлесімділікте қолдануға болады.

Мысалы, өнеркәсіптік саясаттың экспортқа бағдарланған тұрпаты өнеркәсіптік дамуға әсер ету тәсілі бойынша не белсенді, не енжар, бағытталуы бойынша – жалпы жүйелік немесе таңдамалы, теңгерілген немесе теңгерілмеген болуы мүмкін. Оларды бір уақытта да, әртүрлі кәсіпорын, сала, аймақтарға қатысты сараланған күйде де қолдануға болады.

ҚР экономикалық саясатына қатысты кейбір экономистердің пікірінше өнеркәсіптік саясаттың аса қолайлы нұсқасы теңгерілмеген өсу саясаты болып табылады, өйткені қаржылық ресурстардың шектеулілігі жағдайында өнеркәсіптің барлық салаларын бір уақытта қайта құру мүмкін емес. Сондықтан таңдамалы ынталандыру арқылы сыртқы рынокта жоғары бәсекелік қабілеттілікті қамтамасыз ете алатын салалар мен кәсіпорындарды ғана дамыту қажет. Іс жүзінде бұл экспортқа бағдарланған өнеркәсіптік саясатты қолдануды білдіреді. Оны жүзеге асыру кезінде нақты салалар мен өндіріске әсер етудің белсенді және енжар әдістерін қолдануға болады. Қорыта айтқанда, өнеркәсіптік саясаттың жоғарыда айтылған барлық тұрпаты бір ғана саясаттың әртүрлі қырлары болып табылады.

Жалпы ұлттық өнеркәсіптік саясаттың жалпы сызбасы 3-суретте берілген.


Әлемдік тәжірибеде өнеркәсіптік саясаттың белгілі бір қағидалары пайдаланылады. Оларға:

- ұлттық экономиканың сапалық өзгерістерге жетуді көздеуі;
- өнеркәсіп өндірісінің әлемдік талаптарға бағдарлануы,;
- өнеркәсіп өндірісінің басымдылықты салалары мен сфераларын айқындау;
- өнеркәсіп өнімдеріне жаппай сұраныс және табыстылық;
- өнеркәсіптік саясаттың барлық құрамдас элементтерінің өзара байланыстылығы;
- өнеркәсіптік әлеуетке сүйену;
- билік тармақтары: ведомствалар, кәсіпорындар арасында өнеркәсіптік саясатты жүзеге асыру бойынша қызметтердің бөлінуін айқындау.

Қазақстанның өнеркәсіпті қайта құруы ұзақ мерзімді және сатылы процесс болып табылады. Сондықтан өнеркәсіптік саясатты құру кезінде қалыптасқан жағдайларды ескеруі тиіс: елдің және оның аймақтарының мамандануын, өнеркәсіптің салалық құрылымын, оның техника-технологиялық деңгейін, шаруашылық байланыстарын, өнеркәсіп кәсіпорындарының нысандарын, тұрпаты мен көлемін және т.б. Бұл жағдайлар объективті түрде өнеркәсіпті қайта құру процесінің ұзақтығын болжайды. Сондықтан өнеркәсіптік саясаттың қойылған мақсатты белгілеулерін жүзеге асыруда оны нақты кезеңдерге бөлу қажет болып табылады. Осыған орай “Стратегия” келесідей кезеңдерден тұрады:

1-кезең – 2003-2005 жылдар; 2-кезең – 2006-2010 жылдар; 3-кезең – 2011-2015 жылдар.

Бұл тек өнеркәсіп кешенінің ғана емес, сонымен қатар жалпы ұлттық экономиканың нақты даму жолдарын көрсетеді.



3 сурет. Жалпыұлттық өнеркәсіп саясаты әзірлемесінің жалпы сұлбасы

#### 4.3. Өнеркәсіпті қолдаудың жалпы және таңдамалы экономикалық іс-шаралары

Өнеркәсіптік саясатта өнеркәсіпті қолдаудың заңдық іс-шаралар жүйесіне көп көңіл бөлінеді. Мұнда инвестициялық, инновациялық іс-әрекетті және өндірістің дамуын ынталандыратын жалпы және мақсатты іс-шаралар

ерекшеленеді. Жалпы мақсатты іс-шаралар өнеркәсіптің барлық кәсіпорындары үшін, ал мақсатты іс-шаралар ішкі тұтынуға арналған жекелеген тауарлар тобын өндірушілерге немесе мемлекеттік басымдығы бар тауарларға қатысты және мемлекеттің қолдауымен белсенді қаржы-шаруашылық іс-әрекетті қалпына келтіруге қабілетті ірі шаруашылық жүргізуші субъектілерге қатысты дербес қолданылады.

Жалпы іс-шаралардың ішіндегі аса тиімділері:

1. Салық жүйесі арқылы өнеркәсіпті ынталандыру механизмдерін дайындау, яғни жеңілдетілген салық салу, бәсекеге қабілетті өндіріс үшін қолданылатын мүліктерді салықтан босату және т.б.

2. Амортизациялық қорды мақсатқа сай пайдалануды бақылау.

3. Кәсіпорындардың өз инвестицияларын ынталандыру.

4. Өнеркәсіпті инвестициялау үшін несиелер беру жағдайларын өзгерту.

Мақсатты немесе таңдамалы іс-шаралар нақты кәсіпорындарға сараланған түрде қолданылады. Бұл іс-шаралар бағытталған кәсіпорындарды таңдау кезінде олардың жалпы тиімділігін анықтайтын өлшемдерді басшылыққа алады. Ондай критерилер ретінде: кәсіпорынның тауарлық мамандануының болашағы; бюджетті қалыптастыруға қатысуы; өндірістің материалдық-техникалық ахуалы; инвестициялаудың тиімділігі және т.б.

Мақсатты іс-шаралардың кеңінен қолданылатындары:

- өнеркәсіп кәсіпорындарының қарыздарын қайта қарау бойынша іс-шаралар;

- салықтық несиелер немесе салықтық каникулдарды қолдану арқылы айналмалы қаражаттарды толықтыру;

- мемлекеттік инвестициялық саясатқа енгізілген жұмыстарды атқару үшін инвестициялық және несиелік жеңілдіктерді ұсыну;

- отандық және шетелдік инвесторларға мемлекеттік кепілдіктерді ұсыну.

Нақты кәсіпорындарды қолдаудың барлық іс-шаралары күтілетін нәтижелер мен таңдап алынған өлшемдерге сәйкес тиянақты маркетингтік талдау арқылы жүзеге асырылады.

### **Ізденіс сұрақтары:**

1. Ел экономикасындағы өнеркәсіптің жетекші рөлі қандай факторлармен анықталады?

2. Елдегі өнеркәсіптің болашақ құрылымын қалыптастыруға қандай факторлар әсер етеді?

3. ҚР тиімді өнеркәсіптік саясатты қалыптастырудың қажеттігі неден туындайды?

4. Аймақтар деңгейінде өнеркәсіптік саясатты қалыптастырудың қажеттігі неде?

5. Өнеркәсіптік саясатты қалыптастырудың негізгі қағидаларын атаңыз.

6. Өнеркәсіптік саясаттың қандай құрамдары бар?

7. Өнеркәсіптік саясаттың қандай түрпаттарын білесіз?

8. Өнеркәсіпті дамытуды мемлекеттік қолдаудың қандай іс-шараларын білесіз?

## **V ТАРАУ. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СФЕРАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ**

- 5.1. Инвестициялар мемлекеттік реттеудің объектісі ретінде.
- 5.2. Инвестициялық сфераны реттеудің қағидалары мен негізгі бағыттары.
- 5.3. Инвестициялық климат және оны құраушылар.

### **5.1. Инвестициялар мемлекеттік реттеудің объектісі ретінде**

Инвестициялық процесс – қоғамның нақты капиталын өсіру мақсатындағы ұдайы өндіріс процесіне қатысушылардың жан-жақты іс-әрекеті. Оның экономикалық жүйе динамикасына тікелей қатысы бар.

Экономикалық объектілерде «инвестиция» ұғымының мәніне толық талқылау берілмеген. Жалпы көзқарастарды шартты түрде екі бағытқа бөлуге болады. Бірінші бағыт инвестиция ретінде ұлттың нақты қызмет етуші капиталын өсіруге ықпал ететін салымдарды сипаттайды. Инвестицияның мұндай мәнін түсіндіруде, біріншіден, инвестицияның объектісі қоғамның нақты өндірістік аппараты болып табылады, ал субъектісі - өндірістік сферада ғана қызмет ететін мемлекет пен кәсіпкерлер. Инвестициялық процесс ұлттың қызмет етуші капиталын өсіретін өндіруші процесс ретінде көрініс алады. Екіншіден, олардың айналымдылығы мен өтелуі ұзақ мерзімге созылады. Үшіншіден, пайда алу мақсатындағы кез-келген қаражат салымдары инвестиция болып табылады деген дәстүрлі көзқарас теріске шығарылады. Мысалы, акция, облигация, жылжымайтын мүлікті сатып алу және т.б. қатынастар кезіндегі алғашқы салымдардың әртүрлі себептерге байланысты артуы.

Белгілі американдық ғалым П. Самуэльсон бұл жайында: «біздің күнделікті қолданыстағы «инвестиция» сөзі экономикалық пікірталастардағы оған берілетін маңыздылығымен үнемі сәйкес келмейді. Біз «таза инвестициялау» немесе капитал құраушы деп қоғамның нақты капиталының таза өсімін (ғимараттар, құрал-жабдықтар, материалдық-өндірістік қорлар және т.б.) айтамыз. Жергілікті халық болса «инвестициялауды» жер телімін, айналыстағы бағалы қағазды немесе кез-келген меншікті сатып алумен байланыстырады. Таза инвестициялау тек жаңа нақты капитал пайда болғанда ғана орын алады», - деп жазады [26. 204б].

Бірақ та қазіргі экономистердің көптеген ғылыми еңбектеріндегі инвестицияның мәнін келесідей анықтау басым: инвестиция деп иесіне белгілі бір табыс әкелетін кез-келген салымдарды айтады. Бұл ұстаным бойынша инвестициялар қаржылық, нақты және санаткерлік түрлеріне бөлінеді.

Қаржылық инвестициялар – қаржылық құралдарға салымдар, яғни акция, облигация және басқа да бағалы қағаздарға салымдар.

Нақты инвестициялар - белгілі бір өнім өндірісіне капитал салу, яғни қоғамның нақты капиталын арттыруды қамтамасыз ететін салымдар.

Санаткерлік инвестициялар – мамандарды дайындауға, тәжірибені, лицензияны, ноу-хауды беруге, ғылыми зерттеулерге және т.б. салымдар.

Инвестицияның мәнін осылайша кеңінен талқылау инвестициялық іс-әрекеттің сипатын ғана өзгертіп қоймай, сонымен қатар инвестициялық іс-әрекеттің субъектілері мен объектілерінің санын ұлғайтады, ұлттық

экономикадағы инвестицияларға мүлдем басқа рөл береді, сәйкесінше инвестициялық саясатты анықтайды.

Салымдарды өсіру мүмкіншілігі инвесторларды жоғары тәуекелге баруға мәжбүрлейді, инвестициялық ағындарды басқарады, инвестициялық портфельдің әртүрлі тұрпаттарын қалыптастыруға, қаржылық активтерді орналастыруға нұсқау береді. Инвестициялық іс-әрекет шеңберінде рыноктық экономиканың көптеген субъектілері, жеке тұлғалар, шағын және орташа фирмалар, ірі халыаралық корпорациялар, банктер және үкіметке дейін қатынасқа түседі. Салымдар әртүрлі сфералар мен объектілерге, әртүрлі нысандар мен бағыттарда жасалады. Сондықтан инвестиция мәселесі өте маңызды тәжірибелік мәселеге айналады, әртүрлі мемлекеттердің экономикалық ғана емес, саяси жағдайларын, ұлттық экономиканың өсу мүмкіндіктерін, құрылымдық қайта құруды, халықтың әл-ауқатын және басқа процестерді анықтайды. Инвестицияға деген осы сияқты көзқарастан кейін шығатын қорытынды: «Инвестициялар АҚШ, Европа, Жапония секілді әлемдік қаржылық орталықтардың да, қор биржалары бар кез-келген «үшінші әлем» елдерінің де негізі болып табылады» [27. 334б].

Осыған орай инвестиция субъектілері бола алады:

- мемлекет;
- жеке және заңды тұлғалар (отандық және шетелдік);
- кәсіпорындар, фирмалар, АҚ, концерндер, комбинаттар және т.б.;
- банктер (ұлттық және коммерциялық);
- сақтандыру ұйымдары;
- зейнетақы қорлары (жеке және мемлекеттік);
- инвестициялық қорлар;
- халықаралық ұйымдар;
- басқа да бюджеттік емес қорлар.

Инвестициялық іс-әрекеттің объектілері:

- экономиканың барлық сфералары мен салаларындағы негізгі және айналмалы қорлар;
- бағалы қағаздар (акциялар, облигациялар, сертификаттар және т.б.);
- мақсатты ақшалай салымдар;
- ғылыми-техникалық өнімдер;
- мамандарды дайындау және қайта дайындау;
- мүліктік құқық пен санаткерлік меншік құқығы.

Қоғамдық өндірістің әртүрлі сфераларында көп қырлы қызмет ететін, мүдделерінің бағыты әртүрлі инвестициялық іс-әрекеттің субъектілері мен объектілерінің көп болуы ұлттық экономика көлемінде олардың қызметін реттеудің объективті қажеттігін туындатады. Сонымен бірге, мемлекеттік реттеу процесі күрделі процеске айналады. Инвесторлар үшін қолайлы жағдайларды қалыптастыру, реттеудің әртүрлі әдістері мен құралдарын пайдалану арқылы мемлекет инвестицияның барлық субъектілерінің ортақ мақсаттарға бағынуын қамтамасыз етуі, инвестициялық процестің барлық субъектілерінің экономикалық мүдделерін үйлестіруге, олардың инвестициялық қызметтерін белсенді етуге ықпал етуі тиіс (4-сурет).





Қазақстан Республикасы үшін бұл мәселе ерекше өзекті: экономиканың жеке секторында елдің ЖІӨ-ң 75% өндіріледі. Бұл инвестициялық белсенділікті ынталандыру үшін либералды және мемлекеттік-реттегіштік амалдарды оңтайлы үйлестіруді қажетсінеді, елдің инвестициялық-ресурстық әлеуетін қайта бөлу бойынша мемлекеттің жүйелі іс-әрекеттерінің маңызы өседі.

Сондықтан шикізаттық емес салаларға инвестицияларды жұмылдыру мақсатында Қазақстанда жарғылық қоры 250 млн. долл. асатын мемлекеттік Даму Банкі құрылды. Индустриалды-инновациялық стратегияның сәтті жүзеге асуы үшін Қазақстандық инвестициялық қоры, Инновациялық қор, экспортты сақтандыратын Корпорация пайда болды. Бір жағынан, бұл қорлар елдің экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттарын шешуді қамтамасыз ететін, экономиканың аса маңызды сфераларына инвестициялық ағындарды бағыттайтын негізгі құралдар болып табылады. Екіншіден, шикізаттық емес салалардағы жеке секторға қаржылық, ақпараттық және басқа да қолдау түрлерін көрсетеді.

Инвестициялық іс-әрекеттің субъектілері мен объектілерінің көп болуы инвестициялау көздерінің көптүрлілігіне әсер етеді. Мұндай инвестор мен инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру ретінде қандай субъект болатындығы да маңызды. Осыған байланысты инвестициялаудың көздері бола алады:

- мемлекеттік, аймақтық және жергілікті бюджеттердің инвестициялық қаржылық көмектері;

- инвесторлардың жеке меншік қаржылары мен ішкі шаруашылық қорлары. Олар: пайда, амортизациялық аударымдар, ақшалай қор және жинақ, мүлікті сатудан түскен табыс және т.б.;

- инвесторлардың қарызға алған қаржылары. Олар: банктік және бюджет несиелері, облигациялық қарыз және басқа қаражаттар;

- инвесторлардың тартқан қаражаттары. Олар: акцияны сатудан алынған қаражаттар, азаматтар, заңды тұлғалардың, еңбек ұжымы мүшелерінің пайлары мен басқа да жарналары;

- кәсіпорын бірлестіктері, одақтары арқылы орталықтандырылған ақша қаражаттары;

- бюджеттен тыс – зейнетақы, сақтандыру, инвестициялық қорлардың қаражаттары;

- әртүрлі нысандағы шетелдік инвестициялар (5-сурет).

Ұлттық инвестициялық стратегияны жасауда мемлекет пен кәсіпкерлік арасындағы рационалды қатынасты анықтау басты рөл атқарады. Кәсіпкерлер мен кәсіпорындардың іс-әрекеттеріне тікелей араласу емес, кәсіпкерлік ережелерін қалыптастыру және бақылау, көмек көрсету, үйлестіру қажет деп табылады. Мемлекет кәсіпкерлердің тиімді жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайларды қалыптастыруы, барлығы үшін ортақ шаруашылық іс-әрекет ережелерін белгілеуі және қолдауы тиіс. Мемлекеттің заң шығарушы-құқықтық, қаржы-несиелік, салықтық, амортизациялық, сыртқы экономикалық саясаттары және басқа да қызметтері бір арнаға бағытталуы қажет. Олардың барлығы елдегі инвестициялық ортаның жақсаруына, экономикаға инвестициялардың ағылуы үшін жағдайларды қалыптастыруға, ұлттық көлемде инвестициялық процесті белсенді етуге әсер етуі тиіс.



Осыған орай, инвестициялық процесті мемлекеттік реттеу – бұл инвестициялық белсенділік пен экономикалық өсуді ынталандыру үшін мемлекеттік басқару органдарымен жүзеге асырылатын заң шығарушы-құқықтық, атқарушы және бақылаушы сипаттағы іс-шаралардың жүйесі.

## **5. 2. Инвестициялық сфераны реттеудің қағидалары мен негізгі бағыттары**

Инвестициялық іс-әрекет белгілі бір қағидаларға сәйкес мемлекеттік саясат арқылы жүзеге асырылады. Оларға тұрақтылық тән емес және ұлттық экономиканың даму сатыларына, көзделген қайта құруларға байланысты. Негізгі қағидаларға келесілерді жатқызуға болады:

- экономикалық қауіпсіздік;
- мемлекеттің инвестициялық мақсаттарын жүзеге асыру;
- инвестициялық ресурстарды пайдалану бағыттарының сатылығы мен басымдылығы;
- заңға қайшы емес инвестициялық іс-әрекетке азаматтардың, заңды тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың, мемлекеттік билік пен басқару органдарының араласпауы;
- инвестициялаудың еріктілігі;
- меншік нысаны мен іс-әрекет түрлеріне қарамастан барлық инвесторлардың тең құқықта болуы;
- инвестицияның қорғалуы;
- инвестициялық іс-әрекетті жүзеге асыру кезінде критерилерді таңдау еркіндігі;
- азаматтардың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен мүдделерін сақтау.

Инвестициялық іс-әрекетті мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары:

- Инвестициялық іс-әрекетті заңдық-құқықтық реттеу. Инвестициялық іс-әрекеттің негізгі жақтарын реттейтін құқықтық нормалар мен актілердің көптеген әрі көп түрлі тобы қалыптасқан: шетелдік инвестиция бойынша, салық салу, инвестициялық ресурстарды жарыс өткізу арқылы орналастыру, даму бюджеті, инвестициялық бағдарламалардың қатысушылары арасындағы өзара қатынастар бойынша және т.б. Оларда инвестициялық іс-әрекетпен байланысты меншік құқықтары, шарттарды орындау кепілдіктері, инвесторлардың құқықтарын қорғаудың құқықтық негіздері және басқа да маңызды мәселелер айқын анықталған.

- Инвестициялық процестердің көптеген қатысушыларының іс-әрекеттерін реттеуге, үйлестіруге және бақылауға бағытталған атқарушы билік жүйесінің арнайы өкілетті органдары түріндегі басқару жүйесін құру. ҚР мұндай орган «ҚР инвестициялар бойынша Мемлекеттік комитет» 1996 жылы құрылған.

- Экономикадағы инвестициялық климаттың тиімділігі мен тартымдылығын анықтайтын инвестициялық институттарды қалыптастыру. Институттар – инвестициялық ортаны қалыптастыратындардың барлығы. Яғни, инвестициялық іс-әрекет жағдайларын жасайтын ережелердің жиынтығы,

қатысушылардың құқықтары мен міндеттері қарастырылатын келісім-шарттар, инвесторлар мен сыртқы әлем арасындағы ақпараттармен танысу және айырбас жасауды қамтамасыз ететін ақпараттық база. Басқаша айтқанда, инвестициялық институттар инвесторларға қызмет көрсетуге, олардың іс-әрекеттері үшін қолайлы жағдайларды қалыптастыруға арналған.

- Мемлекеттік инвестициялық стратегияны дайындау және оны жүзеге асыру үшін барлық мемлекеттік реттеу жүйесін сәйкестендіру. Онда инвестициялық саясаттың қысқа, орта және ұзақ мерзімді мақсаттары көрсетілуі қажет және қолда бар барлық ұлттық инвестициялық ресурстарды жұмылдыру мен шетелдік капиталды тартуға бағытталған іс-шаралар кешені анықталуы тиіс. Мемлекеттің бюджет, салық, несие, ақша, сыртқы экономикалық саясаттың барлық құралдары қойылған міндеттерді шешуге бағытталуы тиіс.

Осыған орай, инвестициялық саясаттың басты міндетті ұзақ мерзімді инвестициялар мен шетелдік капиталды тартудың экономикалық жағдайларын құру болып табылады. Қаражаттарды осындай негізде жұмылдыру экономикадағы құрылымдық, технологиялық қайта құруды қарқынды жүргізуге және инвестициялау тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

### **5.3. Инвестициялық климат және оны құраушылар**

Инвестициялық іс-әрекет инвестициялық климатты қалыптастырумен тығыз байланысты, яғни экономиканың институционалдық жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде инвестициялық қаражаттарды аса тиімді пайдалану мен қоғамның өндіргіш күштерін ғылыми-техникалық жаңарту үшін алғы шарттарды қалыптастыруға арналған.

Инвестициялық климат – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының саяси, экономикалық, қаржылық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық-басқарушылық, институционалдық және басқа да факторлары әсер ететін инвестициялық сфера жағдайының жалпылама сипаты.

Кез-келген шаруашылық жүйенің инвестициялық климатына өсу тән және ол үнемі өзгерісте болады. Әсіресе бұл ТМД елдерінің жағдайынан көрінеді. Бұл елдер инвестициялық іс-әрекетті реттеудің аса тиімді нысандарын іздеу үстінде.

Инвестициялау потенциалды табыс және потенциалды тәуекелмен жалғасатын болғандықтан, инвестициялық климат, біріншіден, елдің инвестициялық әлеуетін, екіншіден – инвестициялық тәуекелін анықтайды. Инвестициялық әлеует пен инвестициялық тәуекел көптеген элементтерден тұрады. Мысалы, инвестициялық әлеует жеке әлеуеттердің сомасы ретінде анықталады, олардың ішінде:

- ресурстық-шикізаттық - минералды-шикізаттық табиғи ресурстар қорлармен қамтамасыз етілуімен сипатталады;
- еңбектік – еңбек ресурстары мен олардың білім-біліктілік деңгейінен тұрады;

- өндірістік - экономиканың негізгі салалары мен сфераларындағы іс-әрекеттің макроэкономикалық нәтижелерімен анықталады;
- инновациялық – НИОКР деңгейін, ФТП жетістіктерін сипаттайды;
- инфрақұрылымдық – көлік-коммуникациялық сфера мен инвестициялық институттар жағдайымен байланысты;
- қаржылық – бюджет табыстары, кәсіпорын пайдасы, халық табыстары туралы мәлімет береді;
- тұтынушылық – халықтың сатып алу қабілетінен көрінеді.

Салық және инвестиция бойынша Халықаралық Орталық жүргізген сұрау нәтижесінде инвестициялау туралы шешімге әсер ететін тартымды факторлардың ішінен шетелдік инвесторлар үшін Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуеті маңызды екендігі анықталған. Бірақ та, инвестициялық әлеуетті құраушылардың барлығы бірдей жоғары деңгейде деп айтуға болмайды. Сондықтан ҚР инвестициялық климатты жақсарту мақсатында олардың түрлерін қолдау және арттыруда мемлекет жан-жақты әрекет етеді.

Инвестициялық тәуекел – экономикалық іс-әрекет жағдайларының кездейсоқ өзгерістерімен және қолайсыз жағдайлармен байланысты күтілетін пайда, мүлік, ақшалай қаражаттардың болжанбаған жоғалтуларының пайда болу қаупі. Оның негізгі құраушылары ретінде тәуекелдердің келесідей түрлерін көрсетуге болады:

- экономикалық;
- қаржылық;
- саяси;
- әлеуметтік;
- қылмыстық;
- заң шығарушылық;
- экологиялық.

Бұл тәуекелдерді төмендету инвестициялық климатты жақсартудың басты бағыттарының бірі болып табылады.

Көптеген инвесторлардың пікірінше, Қазақстандағы инвестициялық климаттың болашағы бар, бірақ тұрақсыз. Шетелдік инвестициялардың ағымын тежейтін факторлардың ішінде инфляция және валюта бағамының ауытқуларымен байланысты туындайтын қаржылық тәуекел мен құқықтық режимнің жиі өзгеруі – заң шығарушылық тәуекел басым. Осыған қарамастан, 1993-2002 жж. аралығындағы республикаға келген шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы көлемі 21 млрд. доллардан асқан, бұл Орталық Азияға енген шетелдік тікелей инвестициялардың 80% құрайды [28. 186]. Euromoney журналының рейтингісіне сәйкес 2000 ж. өзінде инвестициялық тартымдылық деңгейі бойынша Қазақстан алғашқы жүздікке еніп, әлемде 81-орын алған болатын. Тізімде Ресей (95-орын), Қырғызстан (106-орын), Өзбекстан (110-шы), Украина (115-ші), Түркменстан (125-ші), Белоруссия (129-шы), Армения (135-ші), Европалық Даму және Қайта Құру Банкінің бағалауына тартылған шетелдік инвестициялар көлемі бойынша Қазақстан ТМД елдері арасынан бірінші, ал Шығыс Европа мен Балтық елдерінің арасында үшінші орын иеленген (Польша мен Венгриядан соң).

Еш уақытта инвестициялық климаты болмаған ел үшін бұл көрсеткіштердің маңыздылығы айтпаса да түсінікті. Сондықтан құқықтық, саяси және макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету – экономикалық өсудің факторларының бірі. Шетелдік капиталсыз, технология мен әлемдік тәжірибесіз ұлттық экономиканы жаңарту мен құрылымдық қайта құрудың қиын екендігін ел Үкіметі түсінген.

### **Ізденіс сұрақтары:**

1. Инвестиция ұғымын қалай түсінесіз?
2. Елдегі инвестициялық іс-әрекетті реттеу не үшін қажет?
3. Инвестициялық іс-әрекеттің негізгі субъектілерін атаңыз.
4. Инвестицияның қандай көздерін білесіз?
5. Инвестициялық іс-әрекеттің объектісі не?
6. Инвестициялық климатты қандай факторлар қалыптастырады?
7. Инвестициялық дағдарыс дегеніміз не?
8. Инвестициялық тартымдылығы бойынша Қазақстан әлемде қаншасыншы орында?

## VI ТАРАУ. АЙМАҚТЫҚ ДАМУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

6.1. Аймақтық дамуды мемлекеттік реттеудің мәні және қажеттігі.

6.2. Аймақтық дамуды реттеудің макроэкономикалық және микроэкономикалық аспектілері.

6.3. ҚР аймақтық дамуы: жағдайы, болашағы.

### 6. 1. Аймақтық дамуды мемлекеттік реттеудің мәні және қажеттігі

Әртүрлі белгілері бойынша аумақтардың әркелкілігі немесе зерттеудің белгілі бір мақсаттары тұрғысынан немесе тәжірибелік әрекетте аумақтардың шамадан тыс көлемі аумақтарды бөлімдерге – аймақтарға бөлуді қажет етеді. Аймақ – басқа аумақтардан бірқатар белгілері бойынша өзгешеленетін, оны құрайтын элементтерінің өзара байланыстылығы мен тұтастығына ие белгілі бір аумақ.

Аймақтар белгілі бір мақсаттары мен міндеттеріне байланысты аумақтардан бөлінеді. Бұл мақсаттар мен міндеттер аймақтарға бөлуге негіз бола алады, әкімшілік-аумақтық шекаралары сәйкес келетін, мысалы, дәстүрлі облыстар немесе аудандар – Алматы облысы, Қарағанды облысы және сәйкес келмейтін, мысалы, ҚР Оңтүстік Қазақстан, РФ-ғы Солтүстік – Батыс округі немесе әлемдік экономикадағы Азия Тынық мұхит аймағы.

Мұндай аймақтарға бөлу үшін белгілі бір аумақтарды мүшелеудің әртүрлі қағидалары қолданылады. Экономикада аймақтарға бөлудің аса маңыздылары - әкімшілік және экономикалық басқаруға, аумақтық еңбек бөлінісіндегі орнына, еңбек, капитал, тауарлар мен қызметтер рыноктарының қызмет етуіне, әлеуметтік-экономикалық мәселелердің ұқсастығына және т.б. байланысты қолданылады.

Нақты белгілері бойынша біріккен аймақтардың бір-бірінен өзгешеліктері айқын көрініп тұрады. Бұл өзгешеліктер объективті және субъективті факторлармен түсіндіріледі. Объективті факторларға: табиғи-шикізаттық және еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі, географиялық орналасуы, ауа райының жағдайлары, халықтың ұлттық құрамы, тарихи қалыптасқан мәдени және экономикалық байланыстар және т.б. жатады. Субъективті факторлар ретінде нақты аймақты экономикалық дамыту мәселелері жөнінде басқару органдарының шешімдері: инвестициялау, нақты аумақтарды игерудің қажеттілігімен байланысты өндірістің түрлерін орналастыру, өнеркәсіптік кәсіпорындарды, көлік және инженерлік желілерді және т.б. құру (тарату) туралы. Жалпы алғанда, бұл факторлар нақты аймақтың әртүрлі даму деңгейі мен әртүрлі әлеуметтік-экономикалық жағдайын анықтайды. Сондықтан әртүрлі елдердің өзін айтпағанда, бір мемлекеттің ішінде де аймақтардың әркелкі дамуының объективті негізі бар және олар өмір сүрудің маңызды көрсеткіштері бойынша жіктелуге әкеледі.

Осымен бірге, бір мемлекет ішіндегі аймақтардың шамадан тыс жіктелуі теріс салдарлы құбылыс болғандықтан, бұл әлеуметтік қайшылықтар мен қақтығыстарды өсіреді, ішкі рыноктың және аймақ аралық байланыстардың дамуын қиындатады, ұлттық бюджетке түсетін салмақты арттырады және т.б.



Соңғы нәтижеде ұлттық экономиканың тұтастығы мен аумақтық тұтастығына қауіп төнуі мүмкін. Сондықтан елдің шаруашылығын кеңістік бойынша орналастыруда қамқорлық жасау кез-келген мемлекеттің өзін-өзі сақтау түріндегі міндетті қызметі болып табылады.

Әртүрлі елдердегі аймақтық дамуды реттеудің қазіргі жүйесі 1930 жылдардағы әлемдік дағдарыстан кейін қалыптаса бастады (әсіресе АҚШ-та); екінші дүниежүзілік соғыстан кейін (әсіресе Батыс Еуропада) бұл реттеу жана нысанда дамып, соңғы он жылдықта көптеген реформалауға ұшырады [25.3506]. Аймақтық мәселелерді шешпейінше, ұлттық мақсаттарға: толық жұмысбастылық, тұрақты экономикалық өсу, табыстарды әділетті бөлу және т.б., жоғары деңгейде жету мүмкін еместігін түсінгендіктен, бұл сферадағы мемлекеттің белсенді іс-әрекеті күннен-күнге өсуде.

Бұл экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесінде аймақтың саясат деп аталатын арнайы аймақтарға бағытталған іс-әрекетке ерекше мән берудің қажет екендігін айқындайды. Белгілі кеңестік аймақтанушы Э.Б. Алаевтың пікірінше, “Мемлекеттің аймақтық саясаты – елдің экономикалық, әлеуметтік және саяси дамуын кеңістікте, аймақ деңгейінде, яғни аудандар мен аудан аралық деңгейде басқару бойынша іс-әрекет сферасы [30.189-191б.]. Аймақтық саясаттың қажетті құраушылары болып айқындалған мақсаттар, объектілер мен субъектілер және оны жүзеге асыру қаражаттары мен құралдары табылады.

Жалпы алғанда, аймақтық экономикалық саясат мақсаттарының әр елде әртүрлі болуына қарамастан экономикалық тиімділік пен әлеуметтік әділеттілік арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге арналуы тиіс.

Олар тоқырауға ұшыраған аймақтардың өндірісін жандандырудан, еркін экономикалық аймақтар мен өсу нүктесін қалыптастырудан, аймақтық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттырудан, аймақаралық бірігуді күшейтуден және т.б. тұруы тиіс. Әлеуметтік мақсаттардың ішіндегі ең бастылары – жұмысбастылықты өсіру, табыстарды арттыру, артта қалған аймақтардың әлеуметтік инфрақұрылымын жақсарту, қоғамдық игіліктерге қол жеткізу мүмкіншіліктерін ұлғайту және т.б. Аймақтық деңгейдегі әлеуметтік әділеттілік қағидасы бір елдің азаматтары мен әлеуметтік топтары тұрғылықты мекен-жайына қарамастан қоғамдық игіліктер мен табыстарды алуда бірдей мүмкіншіліктерге ие болғанда жүзеге асады. Бұл қағиданы жүзеге асыру жұмысбастылық, табыс, өмір сүру сапасы, даму деңгейлеріндегі аймақтық алшақтықты жою үшін табысты аймақтардан нашар аймақтарға қаржылық ресурстарды қайта бөлуді қажет етеді.

Осыған байланысты, аймақтық саясаттың мәні елдің тұтас әлеуметтік-экономикалық дамуына кедергі келтіретін, әлеуметтік тұрақсыздықты туындататын теңсіздікті мүмкіндігінше төмендету болып табылады.

Шетелдік аймақтанушылардың еңбектерінде аймақтық теңсіздіктің себептеріне келесілер жатқызылады:

- өмір сүрудің және кәсіпкерліктің табиғи ахуал жағдайларындағы шамадан тыс алшақтық;
- аймақтардың өнімділігін анықтайтын табиғи ресурстардың көлемі, сапасы және пайдалану бағыттары;

- аймақтардың қашық орналасуы, нәтижеде шығындар, көлік шығындары өседі және өткізу рыногы тарылады;
- өндіріс құрылымының ескіруі, инновацияны енгізудегі кешігулер;
- бірігудің нәтижесіндегі артықшылықтар (аймақтың салааралық байланыстардың тоғысында орналасуы және дамыған инфрақұрылымның болуы) нәтижесінің кемшіліктері;
  - халықтың шамадан тыс тығыз орналасуы;
  - белгілі бір өндірістік және өндірісітік-технологиялық тәртіптің басмыдылығын сипаттайтын технологиялық даму сатысы;
  - демографиялық айрымашылықтар (халықтың құрылымы, ұдайы өсу қарқыны, ұлттың діни сенімдеріндегі өзгешеліктер);
  - кәсіпкерлік ортағы өзгешеліктер (салық, фирмаларды әкімшілік бақылау деңгейі);
  - саяси және институционалдық факторлар (дербестік деңгейі);
  - әлеуметтік-мәдени факторлар (қалалардың өсу деңгейі, халықтың сауаттылығы, мәдени және ғылыми орталықтардың болуы және т.б.).

Әр ел өзінің аймақтарына тән аймақтық саясатын қалыптастырады. Ол негізінен сол елдің және оның аймақтарының әртүрлі экономикалық даму жағдайларымен анықталады. Әрбір елдің дамуының тиімділігі осы теңсіздіктердің аймақтық экономикалық саясатта қаншалықты ескерілгендігіне байланысты.

Федеративтік және унитарлық мемлекет құрылымдарында тиімді мемлекеттік аймақтық саясат қалыптастыру үшін ең алдымен қажет: а) аймақтардың экономикалық қабілетін бағалау; б) еңбек бөлісіндегі нақты аймақтық орнын және ұлттық экономикадағы оның рөлін анықтау; в) әртүрлі факторлардың әсерінен туындайтын аймақтық теңсіздіктердің негізгі себептерін талдау; г) жалпы елдің және нақты аймақтың дамуының нақты әрі ғылыми тұжырымдалған мақсаттарын қалыптастыру; д) қойылған мақсаттарға жетудің макроэкономикалық және микроэкономикалық құралдарын анықтау; е) ұлттық деңгейде жүзеге асырылатын саяси, әлеуметтік және экономикалық қайта құруларға нақты аймақтардың бейімділік қабілетін анықтау. Аймақтық саясаттың барлық айтылған элементтері бір-бірімен өзара байланысты. Мысалы, аймақтың жоғары экономикалық әлеуеті ұлттық экономикадағы оның рөлінің жоғары екендігін сипаттайды және жалпы ұлттық мүдделері жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Бірақ аймақтың дамуының өзіндік мүдделері де ескерілуі тиіс. Қалыптасқан аймақтық теңсіздік аймақты дамытуға сәйкес мақсаттардың қойылуын талап етеді және оларды жүзеге асырудың арнайы құралдарын пайдалануды қажетсінеді.

Қазіргі түсініктегі кез-келген елдің аймақтық экономикалық саясаты – бұл мемлекеттің аймақтық процестерге әсер етуінің ғылыми негізделген іс-шараларының кешені және бұл саясат жалпы ұлттық, өзіндік аймақтық және жергілікті мүдделердің сақталуын ескере отырып, елдің белгілі бір әлеуметтік-экономикалық тепе-теңдігіне жету мен сақтау үшін жүзеге асырылады. Бұл мемлекеттің аймақтық саясатының көп деңгейлі екендігін сипаттайды және кем дегенде үш деңгейде: ұлттық, аймақтық және жергілікті деңгейде қалыптасып,

жүзеге асады. Әрбір деңгейдің өз мақсаттары, жүзеге асыру әдістері мен механизмдері қалыптастырылады. Олар жалпы және бір бағыттылығының арқасында ғана нақты ел азаматтарының еркін дамуы мен сапалы өмір сүруі үшін қолайлы жағдайларды жасай алады.

## **6. 2. Аймақтық дамуды реттеудің макроэкономикалық және микроэкономикалық аспектілері**

Аймақтық экономикалық саясатты макроэкономикалық деңгейде мемлекет пен оның басқарушы органдары, заң шығарушы және атқарушы билік тармақтары жүзеге асырады. Жалпы ұлттық экономиканың және әрбір аймақтың дамуы туралы жоғары деңгейдегі шешімдер жалпы ұлттық мүдделерге сай қабылданады. Мұндай жағдайда ұлттық экономика аумақтарының көлемі мен сапалық сипаттамаларынан бас тарта отырып, біртұтас ретінде ғана қарастырмай, көптеген белгілері бойынша бір-бірінен өзгешеліктері бар өзара әрекет етуші аймақтар жүйесі ретінде талдау маңызды. Бұл жүйеде нақты аймақтарда аумақтық орналасқанына қарамастан, бүкіл елдің өндірістік-экономикалық әлеуетін, оның әлемдік экономикалық кеңістіктегі орнын, ұлттық және экономикалық қауіпсіздігі мен тұрақтылығын анықтайтын объектілер қызмет етеді. Олар: әскери өнеркәсіптік кешен, бәсекеге қабілетті, ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялы салалар мен сфералар, аса маңызды әлеуметтік және мәдени объектілер және т.б.

Осы секілді объектілердің дамуын реттеу мемлекеттің аймақтық экономикалық саясатының жоғары деңгейлі негізгі қызметі болып табылады. Нақты айтқанда, теңдесі жоқ табиғи ресурстарға бай аймақтарды игеру және дамыту, жоғары технологиялы өндірістің қызмет етуі мен дамуы үшін қолайлы ортаны құру, қорғаныс сферасындағы кәсіпорындардың іс-әрекеттерін шешу, сыртқы экономикалық және аймақаралық байланыстарды ұйымдастыру және басқа да мәселелер ірі көлемдегі мемлекеттің мақсатты бағдарламаларын құру мен жүзеге асыру арқылы мемлекеттік органдармен шешіледі. Сонымен қатар мемлекет қарамағындағы барлық әкімшілік және экономикалық тетіктер мен құралдарды пайдалану негізінде орындалады.

Жоғары макроэкономикалық деңгейдегі мемлекеттің реттеуші күштері мына бағытта тоғысады: ұйымдастырушы-басқарушылық, заңды-құқықтық, қаржы-экономикалық.

Ұйымдастырушы-басқарушылық бағытта негізінен аймақтық экономикалық саясатты дайындау мен жүзеге асыру жауапкершілігі жүктелген аймақтың дамуды реттеу институттары мен органдары қалыптастырылады, қойылған мақсаттарға жетуде әрбір ұйымдық құрылымның рөлі мен өкілеттігі (қабылданған заңдарға сәйкес) анықталады. Бұл бағыттағы басты міндеттер:

- меншік нысандарына қарамастан, сол аумақта орналасқан барлық кәсіпорындардың мақсатқа сай бағытталған және біріккен іс-әрекеттері арқылы аймақтың дамуына мемлекеттің ықпалын күшейту;

- аймақтық инфрақұрылымды жетілдіру жобаларын жүзеге асыру, әлеуметтік және экологиялық ортаны сауықтыру;

- инвесторларды тарту, әсіресе, мәселелі аймақтарға, әрекет етуші объектілерді қайта құрылымдау және жаңаларын құру, инновациялық іс-әрекетті ынталандыру үшін жеке кәсіпкерлерге қаржылық, құқықтық, ақпараттық және т.б. көмектер көрсету.

Мемлекет ұлғайған қалалар мен аудандарда әрекет етуші кәсіпорындарды ұлғайту және жаңаларын орналастыру бойынша әкімшілік іс-шаралар қолдана алады және керісінше, кәсіпорындар сирек орналасқан аймақтарға олардың орын ауыстыруын қолдау (тіркеуді жеңілдету, өнеркәсіптік жерлер беру, ақпараттық және жарнамалық қолдау немесе ірі бірігулерге тежеу шараларын қолдану).

Аймақтық дамуды заңдық-құқықтық реттеу елдің Конституциясы (Негізгі Заң) мен басқа да көптеген арнайы заңдармен бекітілген. Оларда орталық, аймақтық мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару араларындағы өкілеттіліктер, ерекше экономикалық аймақтардың құқықтық жағдайы анық көрсетілген.

Жалпы алғанда, аймақтық реттеудің құқықтық негіздері теңгерілген ұлттық дамуға жетуді қамтамасыз етуге, ұлттық бірлік пен ынтымақтастықты нығайтуға және тұрғылықты мекен-жайына қарамастан өзін-өзі дамыту үшін барлық азаматтарға бірдей мүмкіншіліктер беруге арналған.

Аймақтық дамуды қаржы-экономикалық реттеу әлемдік тәжірибеде сынақтан өткен және кең тараған реттеу әдістері мен нысандарын пайдалануды сипаттайды. Олар: жоспарлау және болжау, қаржы-несиелік және бюджет-салықтық жүйе.

Аймақтық реттеу құралдарының әмбебаптылығы мен әсер ету арқылы бойынша оларды екі топқа бөлуге болады:

- жалпы экономикалық реттегіштер немесе макроқұралдар, олар белгілі бір аумақтардағы көптеген экономикалық субъектілердің әрекетіне әсер етеді.
- жеке әсер етуші реттегіштер немесе микроқұралдар.


Аймақтық экономикалық саясаттың макроқұралдары аймақтар бойынша жіктелген көрсеткіштер (нормативтер, қойылымдар және т.б.) мен жалпы мемлекеттің салықтық, несиелік, инвестициялық, әлеуметтік саясатының шарттарын білдіреді.

Сөзімізді нақтылайтын болсақ, мәселелік аймақтар үшін кәсіпкерлікке төмендетілген қойылымдар белгіленеді: жеңілдетілген несиелік қойылым, жеңілдетілген көлік тарифтері. Жекелеген аймақтарға халықтың қоныстануын арттыру және қолайсыз жағдайларды көтермелеу үшін мемлекет табыс салығын төмендетуі мүмкін немесе жалақыға қосымша төлемдер енгізуі мүмкін.

Оларды пайдаланудағы мақсат – ұлттық және сыртқы рыноктағы аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін көтеру, сол аймақта орналасқан ресурстарды шаруашылық айналымға қосу үшін шеткері орналасқан және тоқырауға ұшыраған аймақтардың дамуына жағдай жасау және сонда тұратын халықтың өмір сүруінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсарту.

Аймақтарда әртүрлі макроқұралдарды пайдалану бойынша үлкен алшақтық байқалады. Макроқұралдардың көрсеткіштері мемлекеттің макроэкономикалық саясаты мен қаржылық мүмкіншіліктеріндегі

өзгерістермен байланысты жиі қайта қаралады. Экономикада либерализм қағидаларын ұстану салықтық және басқа да жеңілдіктердің қысқаруына әкеледі, ал әлеуметтік басымдықтардың күшеюі аймақтық макрореттегіштерді белсенді пайдалануға жағдай жасайды.




#### Аймақтық макросаясаттың құралдары

Соңғы жылдары реттеудің макроэкономикалық деңгейден төменгі аймақ деңгейіне ауысқаны байқалады. Бұл бірнеше ішкі және сыртқы себептермен түсіндіріледі. Экономистер сыртқы себептерге аймақтық қайта бөлу нәтижесінде ұлттық бюджет табыстарының төмендеуіне және рыноктық бәсеке үшін кедергілерді жою бойынша ЕО-ң саясатына сын көзқарастарды жатқызады. Ішкі себептер нақты аумақтардың даму ерекшеліктерімен анықталады. Көптеген жағдайда аймақтық органдар өз аумақтарының қаржылық, ресурстық, ғылыми-өндірістік, мамандану мүмкіншіліктері және мәселелері мен даму болашағы туралы кешенді, егжей-тегжейлі, жедел – жоғары сапалы ақпараттарға ие болады. Сонымен қатар, аймақты дамытуда әртүрлі мақсатты бағдарламаларды және әлеуметтік сфераны қаржыландырудың негізгі көзі ретінде өздерінің кәсіпорындарының тиімді қызмет етуіне басқалармен салыстырғанда олардың қызығушылықтары жоғары. Сондықтан, аймақтық органдар аумақтардың кешенді даму көрсеткіштеріне, халықтың өмір сүру деңгейлеріне тікелей және жанама түрде әсер ететін аймақтық дамудың барлық факторларын болжау мен бақылауды әрбір кезең бойынша максималды қамтамасыз етуге ұмтылады.

Сонымен қатар, ТМД елдерінде, оның ішінде Қазақстанда орталықтың қаржылық әлсіздігі мен аймақтардағы жағдайларға нақты және кең көлемде әсер етуге қабілетсіздік танытуы аймақтық органдарға өздерін дамытуда дербестік көрсетудің қажет екендігінің тағы бір дәлелі болып табылады.

Өз аумақтарын дамытуда аймақтық органдардың рөлін арттырудың қажеттілігін өсіретін маңызды фактор, мысалы, шикізаттық және экспортқа бағдарланған аймақтар елдің валюталық түсімдерінің елеулі бөлігін

құрайтындықтан, аймақтық органдар бұл түсімдердің бөліну механизмдері туралы ақпарат алып қоймай, осы бөлу процесіне қатысуы, сонымен бірге алынған табыстардың бөлінуін бақылауы тиіс, өйткені табыстарды бөлу кезінде әділетсіздіктер орын алады, кейде қылмыстық сипатта болуы мүмкін [31. 56.].



### Аймақтық микросаясаттың құралдары

Аймақтық экономикалық саясаттың микроқұралдары аймақтық экономика субъектілерінің іс-әрекетіне тікелей әсер ету үшін қолданылады. Әсер етудің екі бағыты бар: еңбекке және капиталға әсер ету.

Аймақта толық және тиімді жұмысбастылыққа жету мақсатында әсіресе экономиканы қайта құрылымдау кезінде, жұмыс орындарын құру үшін субсидиялар мен мақсатты несиелер бөлінеді, мемлекет қаржыларына мамандарды қайта даярлау ұйымдастырылады. Жұмыссыздықты аймақ аралық тарату арқылы төмендету үшін оның қозғалысын ынталандыратын шаралар қолданылады (көшіп-қону шығындарының бір бөлігін өтеу, жаңа тұрғын үйге несиелер беру, еңбек рыногы туралы ақпарат алуды жақсарту және т.б.).

Капиталға әсер етудің негізгі микроқұралдары болып әртүрлі бағыттағы инвестициялық гранттар (субсидиялар, жеңілдіктер) табылады. Олар аймақтың экономикалық дамуына мүмкіндік жасайтын нақты объектілерге инвестиция болып саналады (ҒТП-ті дамытуға, жаңа технологияны құруға және НИОКР жүзеге асыруға және т.б.).

Аймақтық мақсаттарға жету үшін қаржылық қолдаудың қарқыны, біріншіден, ұлттық және аймақтық бюджеттің мүмкіншіліктеріне байланысты, екіншіден, олар рыноктық бәсекенің талаптарымен шектеледі.

Макро және микроқұралдар орталық Үкіметпен де, аймақтық органдармен де қолданылады. Бірақ, біріншісі орталықта, екіншісі – аймақтарда жиі пайдаланылады. Бірақ мұндай бағыт орталықтың нақты объектілерге, ал аймақтардың аймақ экономикасына салықтық несиелік, бағалық әсер ету тетіктерін қолдана алмайды дегенді білдірмейді.

Мемлекеттік реттеудің тиімділігі, көп жағдайда, макро және микро-құралдарды үйлесімді пайдалана алудың мүмкіншіліктеріне, сонымен қатар ынталандыру құралдарын мақсатқа сай пайдалануды бақылауға байланысты, әйтпесе, мемлекеттік шенеуніктер арасында жемқорлық өршуі мүмкін.

Әлеуметтік-экономикалық дамуды ынталандыру және дағдарыстың алдын алу мақсатында көптеген елдер экономикалық іс-әрекеттерді реттеудің ерекше әдістері мен механизмдерін қолданады. Олар: еркін экономикалық аймақтар, кәсіпкерлік аймақтарын құру және т.б.

### **6. 3. ҚР аймақтық дамуы: жағдайы, болашағы**

Әкімшілік белгілеген облыс шекараларында Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерінің өзгешеліктері бірден көзге түседі. Аса маңызды экономикалық көрсеткіштер және халықтың өмір сүру деңгейлері мен сапалық көрсеткіштерінің дерліктей барлығында өте үлкен алшақтық бар.

Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемінің Атырау облысындағы ең жоғары көрсеткіші (581,7 мың теңге) мен Жамбыл облысындағы ең төменгі көрсеткіші (50,2 мың теңге) араларындағы алшақтық 2000 ж. 11,6 есе болған, бір жұмысшының орташа айлық жалақы мөлшері бойынша Атырау облысындағы ең жоғары шама мен Алматы облысындағы ең төменгі шама арасында 3,1 есе өзгешелік бар, тіркелген қылмыс саны бойынша (бұл инвестициялық тәуекелдің құраушысы болып табылады) ауытқу – 5,4%. Маңғыстау облысында күнелтудің ең төменгі мөлшері республикалық орташа көрсеткіштің 134,6%, Оңтүстік Қазақстанда –72,0%.

Өндірістік және өндірістік емес бағыттағы өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, инвестициялық іс-әрекет, денсаулық сақтау, білім беру, көлік, өндірістік және рыноктық инфрақұрылым және т.б. секілді маңызды салалар мен сфералардың барлығында мұндай алшақтық елеулі мөлшерге жеткен.

Облыстардың ішінде үлкен, орта, шағын қалалар, аудан орталықтары, салалар, ауылдар араларындағы дамудың сәйкессіздігі бұл ауытқуларды одан сайын тереңдете түседі.

Мұндай шашыраңқылық бірқатар объективті және субъективті себептермен байланысты. Объективті себептерге облыстарда қалыптасқан экономикалық әлеуетті, олардың өндірістік-салалық мамандануы және соңғы тұтынуға дейін өнім шығару сатылары бойынша негізгі салалардың технологиялық даму қарқыны, орталық пен аймақтар арасында қалыптасқан шаруашылық байланыстары, экологиялық жағдайлары, реформаларға дейінгі бастапқы қаржылық жағдайлары және т.б. жатқызуға болады. Ал субъективті себептер ретінде экономистер аймақ экономикасын мемлекеттік реттеудің тиімді механизмдерінің жоқтығы, жекешелендіру, институционалдық өзгертулер саласында жүргізілген сәтсіз іс-шаралар, жасанды рынок құрылымын құру және т.б. деп санайды.

Қазіргі кезде ҚР аймақтары бірнеше белгілері бойынша топтастыралды. 2001ж. қабылданған Қазақстан Республикасының 2002-2006 жылдарға

арналған аймақтық саясат Тұжырымдамасында Жалпы аймақтық өнім (ЖАӨ) және жан басына есептелген табыс деңгейі көрсеткіштері бойынша Қазақстан аймақтары 6 топқа бөлінеді.

Бірінші топқа ЖАӨ мен жан басына есептелген табыс көрсеткіштері жоғарылау аймақтар кіреді. Бұл экономикасы әртараптандырылған, дамыған қаржы секторы бар, ғылыми-техникалық көрсеткіштері жоғары Астана және Алматы қалалары.

Екінші топқа көмірсутекті минералды ресурстарға бай облыстар: Маңғыстау, Атырау жатады. Бұл облыстарда Қазақстан халқының 5,2% тұрады және жан басына келетін орташа табыс ең жоғары болып табылады. Олар елдің өнеркәсіп өнімдерінің 1/3-33,4% өндіреді.

Үшінші топ - табиғи минералды-шикізаттық ресурстарға бай өнеркәсіптік облыстар: Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды. Оларда жергілікті шикізатты пайдаланатын ірі қазба және қайта өңдеуші кәсіпорындар қызмет етеді. Жан басына келетін орташа табыс жеткілікті түрде жоғары және ЖАӨ-н 26,6% береді.

Төртінші топқа табиғи ресурстарға да, ауыл шаруашылығы үшін пайдаланатын жерлерге де бай аймақтар кіреді. Олар: Ақтөбе, Қостанай, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары. Алғашқы екі облыстың жан басына келетін орташа табыстары республикалық орташа көрсеткішпен сәйкес келеді, ал қалған екеуінің көрсеткіштері бірталай төмен. Олар ЖАӨ-н 17,2%, оның ішінде ауыл шаруашылық өнімдерінің 35,2% береді.

Бесінші топтағы Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарында машина жасау, оның ішінде қорғаныстық бағыттағы, өндіріс жақсы дамыған және ауыл шаруашылығы үшін қолайлы жерлері де ауқымды. Халқының табыстары республикалық орташа деңгейден төмен. Республикалық ЖАӨ-гі үлес – 8,3%, ауыл шаруашылық өнімдерінде – 16,6%, өнеркәсіптік өндірісте – 4,4%.

Алтыншы топ – ауыл шаруашылықты облыстар: Ақмола, Алматы, Қызылорда. Халықтың табыстары төмен, республикалық ЖАӨ-гі үлесі – 10,8%, ауыл шаруашылық өнімдерінде – 27,8%.

ҚР ҰҒА экономика институтының ғалымдары Қазақстан аймақтарын табиғи-ресурстық әлеуеті мен өндірістік мамандану сипатымен байланысты өндіргіш күштердің даму деңгейі бойынша төрт ірі экономикалық аудандарға бөледі [33. 40-46б.].

Бірінші топтың қатарында ғылыми-өндірістік әлеуеті жоғары, ауыр өнеркәсіп саласында мамандануы айқын, жоғары технологиялық өндірісті құру үшін қолайлы жағдайлары жеткілікті аймақтар бар. Олар: Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстары.

Екінші топтың қатарына стратегиялық маңызды, өте сирек кездесетін минералды ресурстар қорына ие және әлемдік экономикаға жедел бірігуге қабілетті, ғылыми-техникалық әлеуетті интенсивті дамытуға мүмкіншілігі жоғары облыстар: Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда кіреді.

Үшінші топта ҚР азық-түлік қорын қалыптастыруда жетекші аймақтар: Ақмола, Жамбыл, Қостанай, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстары.



Төртінші топ – бұл ауа райы, топырағы, әлеуметтік-экономикалық және техника-технологиялық жағдайлары нашар, экономиканың тиімсіз құрылымын қолайлы ету мүмкіншіліктерін қатаң шектейтін және өмір сүру ортасы қатты зардап шеккен тоқыраған облыстар: бұрынғы Семей, Қызылорда, Атырау, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстары.

Аймақтарды нақты белгілеріне байланысты топтастыру аймақтарды дамыту бағыттарын анықтауға, олардың деңгейін арттырумен байланысты іс-шараларды жасауға мүмкіндік береді. Айтар болсақ, бірқатар аймақтарды дамытудың бірінші кезектегі мәселелеріне құрылымдық қайта құру, өндірістік аппаратты жаңарту, ғылымды қажетсінетін өнім шығаруды ұйымдастыру, жаңа технологияларды қолдану арқылы машиналар мен құрал-жабдықтар өндіру жатады.

Көмірсутек пен басқа да шикізат түрлеріне бай кен орындарын интенсивті игеру қазып өндіруде жаңа технологиялар енгізу және елдің барлық инвестициялық ресурстарын жұмылдыру арқылы шикізатты кешенді қайта өңдеу қажеттілігін туындатады.

Ауыл шаруашылық-шикізаттық аймақтар үшін жаңа технологиялар мен биотехнология, гендік инженерия және т.б. жетістіктерін пайдалана отырып, ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу және сақтау айналысатын шағын өндірістерді құрумен байланысты мамандандуды тереңдету саясатын жүргізу керек.

Тоқырауға ұшыраған аймақтарды дамыту үшін аймақты ұтымды мамандандыру, басқа сфераларды кешенді дамыту жан-жақты қарастырылған мақсатты, кешенді бағдарламалар қажет.

Бұл мәселелерді шешу үшін мемлекет жекелеген салаларды таңдамалы қолдау бойынша іс-шараларын қолданады, артта қалған аймақтарды қолдау мен ынталандырудың дәстүрлі механизмдерін қолданады. Мұнда инвестициялар мен аймақтарда қолайлы инвестициялық климат қалыптастыруға, жеңілдетілген несие беру мен бюджеттен тікелей қаржыландыруға басты орын беріледі. Тұйық сипаттағы мәселелер әрбір аймақтың нақты мақсатты бағдарламалары арқылы шешімін табуы тиіс.

### **Ізденіс сұрақтары:**

1. Аймақтық экономикалық саясаттың мақсаттары қандай?
2. Аймақтық экономикалық саясат дегеніміз не?
3. Аумақтарды аймақтарға бөлудің қажеттігі неде?
4. Аймақ дегеніміз не?
5. Жоғары мемлекеттік деңгейдегі аймақты дамытудың негізгі міндеттері қандай?
6. Аймақтық органдар қандай міндеттерді шешеді?
7. Аймақтық теңсіздіктердің негізгі себептерін атаңыз.
8. Қазақстан Республикасындағы аймақтар қандай белгілері бойынша топтастырылады?
9. Аймақтарды дамытуды реттеудің қандай құралдары бар?

## **VII ТАРАУ. БӘСЕКЕЛІК ОРТАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ РЕТТЕУ**

7.1. Бәсекенің арттықшылықтары және бәсекелік ортаны қалыптастырудың қажеттігі.

7.2. Монополияға қарсы саясаттың мазмұны мен түрлері.

7.3. Қазақстан Республикасындағы монополияға қарсы реттеу.

### **7. 1. Бәсекенің арттықшылықтары және бәсекелік ортаны қалыптастырудың қажеттігі**

Рыноктық экономиканың мәнді сипатының бірі бәсеке екені белгілі. Рыноктық шаруашылықты дамытудың маңызды тәсілі, қоғамдық өндірісті реттеудің негізгі тетігі ретінде бәсекенің рыноктық экономиканың тиімділігін қамтамасыз ететін экономикалық арттықшылықтары бар.

Бәсеке – тауарлар мен қызметтерді өндіру және өткізудің аса қолайлы жағдайлары үшін шаруашылық субъектілері арасындағы экономикалық бақталастықтың антогонистік нысаны. Әрбір кәсіпкердің мақсаты – пайданы мейілінше жоғарылату болғандықтан, олардың әрқайсысы өзінің кәсіпкерлік іс-әрекетінің көлемін ұлғайтуға ұмтылады. Ал өндірісті ұлғайту сол тауарға (қызметке) деген қажеттілікке, сұранысқа тәуелді. Кәсіпкерлер тұтынушы үшін өзара экономикалық күреске түседі, өзін өндіру мен өткізудің аса қолайлы жағдайларымен қамтамасыз етуге тырысады, бәсекелесіне қарағанда өз тауарының бағасын төмендету үшін шығындарды төмендетіп, өндірісі көлемін арттырады, сол арқылы тауарларына деген сұранысты жоғарылатады. Бірақ та, бағаны одан ары төмендету ұсыныстың қысқаруына әкеледі. Егер сұраныс ұсыныстан жоғары болса, онда тұтынушылар бір-бірімен бәсекеге түседі. Тапшы тауарды сатып алу үшін кейбір тұтынушылар басқаларға қарағанда жоғары баға ұсынуы мүмкін. Баға өседі және бұл ұсыныстың артуын ынталандырады. Ұсыныстың өсуі өзіне сәйкес көлемдегі сұранысқа теңескенге дейін жалғасып, тепе-теңдік баға қалыптасады. Сұраныстың немесе ұсыныстың кез-келген өзгерісі бағаның өзгеруі арқылы басқа жаңа тепе-теңдіктің қалыптасуына әкеледі. Басқаша айтқанда, бәсеке рыноктық тепе-теңдікке жетудің, белгілі бір қоғамдық үйлесімділікті қамтамасыз етудің тәсілі болып табылады.

Шаруашылық жүйесінде бәсекенің болуы барлық экономикалық процестерге оң әсер етеді. Бәсекелесінің өкшелеп келе жатқанын сезген кез-келген кәсіпкер өндірістің “кілтін” ғана тауып қоймай, сонымен бірге болашақты болжауға, болашақ сұранысты қалыптастыруға міндетті болады.

Бәсекенің экономикалық басты арттықшылықтары:

1. Қоғамдық тұрғыда бәсекелік күрес арқылы шектеулі ресурстардың аса тиімді бөлінуі жүзеге асады, өйткені сұранысы бар тауарлар ғана өндіріледі, яғни не, қанша өндіру мәселесі шешіледі. Бұл жағдай Парето бойынша тиімділік деп аталынады (италияндық экономист әрі әлеуметтанушы ВильФредо Паретоның атымен байланысты), өйткені ол ең алғаш «жетілген

бәсекенің ресурстарды тиімді бөлу» жағдайын қалыптастырған болатын. Егер кез-келген басқаның әл-ауқатын төмендетпейінше, ешкімнің әл-ауқатын жақсарту мүмкін емес болса, онда ресурстар Парето бойынша оңтайлы бөлінген деп есептеледі.

2. Бәсеке кәсіпкерді өз өндірісін үнемі жетілдіруге, өнім сапасына кері әсер етпейтіндей төмен баға қоя отырып, өнім бірлігіне жұмсалынатын шығындарды азайтуға мәжбүр етеді. Ал бұл төмен бағаға сұранысты өсіру арқылы жауап беретін тұтынушыларға қолайлы. Тұтынушылардың сұранысы үшін күресте кәсіпкер шығындарды төмендетудің жолдарын жиі-жиі іздестіруге, шектеулі ресурстарды қолайлы пайдаланудың жаңа комбинацияларын есептеуге мәжбүр. Осыған қоса, өмір сүру үшін күресте ол тек сапалы өнім шығаруға, қоғамдағы барлық стандарттарды сақтауға, тұтынушылардың өзгеріп отыратын талаптары мен артықшылық беруіне сәйкес игіліктер мен қызметтердің сұрыпталымын жаңартумен айналысуға мәжбүр. Бұл, сөзсіз, жалпы өндірістің тиімділігін жоғарылатады.

3. Шығындарды төмендетудің жаңа тәсілдерін іздестіру ауқымын ұлғайта отырып, кәсіпкерлер жаңа, өнімділігі жоғары техника мен технологияларды, еңбек пен өндірісті ұйымдастырудың жаңа әдістерін пайдалануға және рыноктағы өз үлесін нығайтуға ұмтылады. Оған тек қана ғылыми-техникалық инновациялар арқылы жетуге болады. Бұл да, нақты кәсіпкерге ғана емес, қоғамға да тиімді.

4. Қоғам үшін бәсекенің елеулі маңызды нәтижесінің бірі- тұтынушылар үшін күресте өз фирмасының беделі және адал, әділетті бизнесмен абыройының кәсіпкерлерді толғандыруы. Ол үшін өз тауарлары мен қызметтерінің сапасына ғана емес, сервистік қызмет көрсетуге, сонымен қатар өз фирмасының имиджінің сыртқы көріну нысанына да көп көңіл бөлуге тура келеді. Өз пайдасын ойлап қана қоймай, сонымен бірге халықтың белгілі бір тобына бағаны төмендету, тұрақты сатып алушылары үшін сый-ақы және жеңілдіктер беру, қайырымдылықпен айналысу және т.б. арқылы тұтынушылар үшін белгілі бір шығын шегуге дайын болуы тиіс.

Мұның барлығы қоғамда қолайлы жағдайларды, сауатты бизнесменді қалыптастырады, әлеуметтік шиеленісті төмендетеді.

Бәсекенің осындай экономикалық артықшылықтары қоғамдық экономикалық ұйымдастырудың басқа нысандарымен салыстырғанда рыноктық экономиканы аса тиімді етеді. Осымен бірге бәсеке объективті түрде қоғам үшін қажетсіз теріс салдар туындатады. Бәсеке Парето бойынша ресурстарды оңтайлы бөлгенмен, әлеуметтік әділеттікті мүлдем қамтамасыз ете алмайды екен. Ал қоғам тек озық деңгейлі бизнесмендерден ғана тұрмайды, онда өмір сүру деңгейі әртүрлі халық топтары, сырқат, қарт адамдар, балалар мен жұмыссыздар бар. Қоғамның бұл бөлігінің үлестік салмағы жоғары болған сайын, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету қажеттігімен салыстырғанда, Парето бойынша тиімділіктің маңыздылығы төмен болады. Бұл жерде әлеуметтік шиеленісті төмендету үшін ресурстар мен табыстардың бөлінуіне түзетулердің қажеттігі туындайды, ал рынок бұл мәселені жеке өзі шешуге дәрменсіз.

Сонымен бірге бәсекенің нәтижесінде экономиканың тепе-теңдік жағдайы, белгілі бір үйлесімділіктер мен өндіріс және салалар арасындағы оңтайлы қарым-қатынастар орнағанға дейін, ішкі себептерге байланысты ресурстардың стихиялық, алдын-ала болжауға қиын рыноктық процестердің дамуы жүреді. Яғни, бұл тепе-теңдік, оңтайлылық қоғамдық елеулі еңбек шығындарының, артық өндірудің, өндірушілердің жіктелуінің, біреулерінің зиян шегуі және екіншілерінің баюының нәтижесінде орнайды және аса ірі шаруашылық субъектілерінің пайда болуына жағдай жасайды. Бұл процестің жүйелі түрде жаңаруы монополияның пайда болуын объективті түрде қамтамасыз етеді және рыноктық жүйенің қозғаушы күші ретіндегі бәсекенің өзін жою қаупін өсіреді.

Бұл кемшіліктердің салдары өте жоғары болғандықтан, мемлекет бәсекелік ортаның жағдайын бақылайды және қажеттігіне орай монополиялық тенденциялардың дамуына тосқауыл болатын экономикалық іс-шараларды қолданады.

## 7.2. Монополияға қарсы саясаттың мазмұны мен түрлері

Монополия - өнімдер, қызметтер, ресурстар өндірісінің елеулі бөлігін бақылай отырып, рыноктық бағаларға, ұсыныс көлемі мен өндірілген тауарлардың, қызметердің сатылу бағыттарына ықпал ете алатын кәсіпорын, фирма немесе бірлестік.

Монополиялар ірі компаниялар, кәсіпорындар түрінде болады, алайда монополия мен ірі компания түсініктері синоним болып табылмайды. Бірақ, іс жүзінде олар жиі сәйкес келеді.

Ірі компания түсінігі фирманың рыноктағы алатын үлесімен сипатталуы мүмкін немесе оның активтерінің көлемі, сату, пайда мөлшері, жұмысшылар немесе акционерлер саны сияқты абсолютті көрсеткіштермен байланысты.

Бір мезгілде фирма рынок мөлшеріне қатысты ірі болуы, сонымен бірге абсолютті шамада шағын болуы мүмкін. Керісінше, абсолютті шамада ірі фирма, барлық рынокқа қатысты шағын болуы мүмкін, әсіресе шетелдік бәсеке басым болса. Бірақ та көптеген жағдайларда абсолюттік көрсеткіштер бойынша ірі фирма рыноктың басым бөлігін бақылайды, сондықтан олар монополия ретінде көрінеді.

Монополияланудың келесідей екі көрсеткіші бар:

1. Кәсіпорындардың белгіленген санының үлесі – шоғырлану коэффициенті – CR (Concentration Ratios), рыноктағы жағдайды көрсетеді. CR берілген тауарлар рыногындағы ірі компаниялардың кез келген саны үшін есептеледі. Мысалы, CR–4 – төрт кәсіпорынның, CR–7 – жеті кәсіпорынның, CR-20 – жиырма кәсіпорынның шоғырлану коэффициентін көрсетеді. Шоғырлану деңгейін қарапайым бағалау CR-4 белгілерінің 50% негізінде жасалады. Одан жоғары болғанда, рынок монополияланған деп саналады.

2. Харфинделл – Хирмман индексі (ХХИ немесе ННІ), ол келесі формуламен есептеледі:

$$ННІ = \sum_{i=1}^n x_i^2$$

мұндағы  $x_1$  – пайызбен көрсетілген рыноктағы  $i$ -ші фирманың үлесі.

$n$  – рыноктағы фирмалардың саны.

Рынокта бір өндіруші болғандағы монополияланудың ең жоғарғы деңгейі  $HHI = 10\ 000$  тең. АҚШ-да рұқсат етілген монополиялану деңгейі  $HHI = 1000$ , яғни 10 фирманың рыноктағы үлестері бірдей дегенді білдіреді.

Бұл көрсеткіштер монополиялану деңгейін сипаттайды және монополиялық іс-әрекеттерді реттеу және бәсекені дамыту бойынша іс-шараларды қабылдау мен олардың бағыттарын анықтайды. CR және HHI көрсеткіштеріне сүйене отырып монополияға қарсы органдар әкімшілік және экономикалық сипаттағы іс-шаралар кешенін дайындайды. Мысалы, 1982 жылы АҚШ-ғы “АТиТ” телефон компаниясына қарсы сот процесі нәтижесінде ол ұлттық телефон байланысының басым бөлігінің жұмысын қамтамасыз ететін “Бел системнің” 22 компаниясынан бас тартуға мәжбүр болды. Бұл процесс маңыздылығы мен көлемі бойынша 1911 ж. процеспен салыстырылады. Онда Рокфеллер отбасына тиесілі “Стандарт ойл” компаниясын 33 дербес компанияларға бөлу туралы тарихи сот шешімі қабылданған болатын.

Нобель сыйлығының лауреаты Ф.Фон Хайектің жазуынша: “монополияның өзі емес, бәсекені шектеу немесе жою жаман” [35.1296]. Бәсекені жою арқылы монополия қоғамда бірқатар теріс салдар туындатады. Қоғамдық пікір бойынша олардың ең бастылары: әртүрлі салалар арасындағы ресурстардың тиімсіз бөлінуі және олардың монополияланған салаларда пайдаланылуы, өйткені, баға мен ұсыныс көлеміне монополдық биліктің болуы жоғары бағаны қолдау үшін өндірісті шектеуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, монополист-фирмалардың өнімдерінің бағалары бәсекелік рыноктағы ұқсас тауарлар бағасымен салыстырғанда жоғары болғандықтан, тұтынушылар шығыстары өседі. Үшіншіден, монополия жиі өндірістің техникалық тоқырауына, еңбек ету жағдайларының нашарлауы мен өнім сапасының төмендеуіне әкеледі.

Экономикадағы монополияланудың осы секілді теріс салдары қазіргі кездегі мемлекетті монополияға қарсы саясатты дайындауға және жүзеге асыруға мәжбүрлейді. Монополияға қарсы саясат – барлық шаруашылық субъектілерін бәсекеге түсудің бірдей жағдайларымен қамтамасыз етуге, әділетсіз бәсекені шектеуге, монополиялық іс-әрекеттің алдын алуға, ескертуге бағытталған мемлекеттік іс-шаралардың кешені.

Мемлекеттік реттеуге ұшырайтын, аса жиі кездесетін монополиялық іс-әрекеттер:

1. Рыноктың монополиялануы – белгілі бір компанияның рыноктың шамадан тыс үлесін бақылауы.

2. Бағаны белгілеу – баға деңгейі мен өндіріс көлемі туралы келісілген шешімдердің сөз байласу арқылы қабылдануы.

3. Компаниялардың қосылуы – тік және көлденең қосылу нәтижесінде қайта ұйымдасқан компания саладағы бәсекені шектейді.

4. Тоқайласпалы директораттар – екі немесе бірнеше компаниялары бірдей адамдар тобының басқаруы нәтижесінде ұқсас баға саясаты жүзеге асырылады.

5. Бағалық алалау - өндірушілер өз тауарларын тұтынушылардың әртүрлі топтарына әркелкі бағада сата алады. Егер бағалардағы айырмашылық өндіріс шығындарындағы өзгешелікпен байланысты емес болса, онда заң тауарларды бірдей бағада сатуға міндеттейді.

Монополияға қарсы мемлекеттік реттеу өзара байланысты екі бағыттан тұрады:

а) монополияға қарсы арнайы заңды дайындау және қабылдау.

б) монополияға қарсы реттеуді жүзеге асыратын және монополияға қарсы қабылданған заңдардың орындалуын бақылайтын органдар жүйесін қалыптастыру.

Монополияға қарсы саясаттың қаталдығы мен бағытталуы бойынша елдер арасындағы елеулі өзгешелік байқалады. Бұл өзіндік ерекшеліктер нақты елдің жалпы экономикалық саясатымен, экономикасының даму деңгейімен, әлемдік шаруашылықтағы орнымен, ел ішіндегі және әлемдік экономикадағы құрылымдық өзгерістермен байланысты түсіндіріледі. Мұндағы көптеген жағдайлар әлемдік рыноктағы бәсекенің жаңа шарттарына, халықаралық сауда ережесіндегі және басқа факторлардағы өзгерістерге тәуелді. Сондықтан монополияға қарсы заңдар өзгермелі ішкі және сыртқы факторларға қатысты өзгерді және бейімделіп келді.

Қазіргі күні монополияға қарсы заңдардың екі түрпаты бар – американдық және батыс еуропалық. Бөлу критеріі ретінде заңдардың монополиялық бірлестіктердің іс-әрекеттеріне қатынасы алынады.

АҚШ-да монополияға қарсы саясат бәсекелік ортаны қалыптастыруға және монополиялық бірлестіктердің кез-келген нысанына қатал қатынас жасауға баса көңіл бөледі. Әртүрлі тік көлденең қосылулар жан-жақты тексеріледі және оның нәтижесі бәсекенің әлсіреуіне әкелмейтін жағдайда ғана қосылуға рұқсат беріледі. Баға деңгейі немесе сату көлемі туралы келісілген шешімдер қабылданған монополиялар қудаланады. Монополияға қарсы жазалау шаралары рыноктың елеулі үлесін бақылайтын монополияларға қатысты қолданылады. Жазалау шаралары ретінде азаматтық-құқықтық түрі ғана емес, қылмыстық жаза да қолданыла алады.

Монополияға қарсы реттеудің еуропалық моделі либералды болып табылады. Мұнда шаруашылық субъектілерінің кез-келген монополиялық іс-әрекеті заңсыз деп есептелмейді, тек қана қоғам үшін теріс әлеуметтік-экономикалық салдары бар әрекеттер реттеуге алынады. Арнайы әкімшілік органдар арқылы әртүрлі рыноктардағы бәсеке жағдайы үнемі талданып, бақылауға алынады. Қажет болғанда, бұл органдар, көбінесе әкімшілік сипаттағы түзетуші, реттеуші және тыйым салушы іс-шараларды қолданады.

Жапондық тәжірибе мүлдем өзгеше. Жапония ұлттық монополияны, әсіресе жоғары технологиялық салалардағы монополияны ашық түрде қолдайды. Бұл ақпараттық ресурстарға негізделген экономика құрылымын қалыптастырудың, құрылымдық үдемелі өзгерістерді жеделдетудің қажеттігімен түсіндіріледі. Осыған қоса, ішкі рынокты бөлумен байланысты ашық келісімдер жазаланбайды және экспорттық фирмалардың қосылуына

көмек көрсетіледі, ал тоқырауға ұшыраған салаларда арнайы картельдер ұйымдастырылады.

Қазіргі кезде арнайы монополияға қарсы заңы, оның орындалуын қамтамасыз ететін дербес және тәуелсіз органдары жоқ бірде-бір мемлекет экономикалық дамуда аса ауқымды жетістіктерге жете алмақ емес.

### **7. 3. Қазақстан Республикасындағы монополияға қарсы реттеу**

Қазақстан ТМД-да ең алғашқылардың бірі болып 1991 жылдың маусым айында «Бәсекені дамыту және монополиялық іс-әрекетті шектеу туралы» Заң қабылдады. Он жыл ішінде бұл заң жинақталған тәжірибеге байланысты толықтырылды және жетілдірілді. Монополияның іс-әрекетін реттейтін басқа да үкіметтік құжаттар қабылданды. Монополияға қарсы тиімді саясат қалыптастыруда мәселелер көлеміне орай 1991 жылы «Бәсекені дамыту және монополиялық іс-әрекетті шектеу туралы» Заңды 2001 жылы қаңтарда жаңа Заңмен ауыстыру үшін елге 10 жыл уақыт қажет болды [34].

Бұл құжаттардың басты мақсаттары болып табылады:

- Бәсекені қорғау және ынталандыру.
- Тауар рыногында елеулі экономикалық билігі бар шаруашылық субъектілерін бақылау.
- Тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау.
- Шағын кәсіпкерлікті қолдау.

Мамандардың пікірінше ҚР монополияға қарсы Заң өзінің мақсатты белгілеулеріне байланысты батыс еуропалық модельге жақындау «монополияға қарсы бағытталған, өйткені олар бәсекені шектейді, сондықтан оның міндеттері монополизммен күреске қарағанда анағұрлым кең».

Жалпы алғанда қабылданған құжаттар кешені қамтамасыз етеді:

- Нормативтік реттеуді, бұл шаруашылық іс-әрекетті жүргізу ережелерінің нормативтік-құқықтық актілерін бекітумен және оның орындалуын бақылаумен сипатталады.

• Ұйымдастырушылық реттеуді, ол экономикалық қатынастарға нақты әрі оң әсер етуге қабілетті, ұйымдық құрылымы бар, белгілі бір өкілеттіктерге ие монополияға қарсы органдарды құрудан тұрады.

• Заңға тәуелді реттеуді, бұл - әділетті бәсекені қорғау және рыноктық қатынастардың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатымен тауарлар рыногындағы экономикалық іс-әрекеттерді жүргізу ережелерін бекітумен жүзеге асыру бойынша қабылданған Заңға сәйкес орындалатын мақсатты бағытталған іс-әрекет.

Монополияға қарсы экономикалық реттеу жүйесі келесі элементтерден тұрады:

- Монополист түсінігі, оның сандық және сапалық сипаттамалары.
- Мемлекеттік реттеуге алынатын монополиялық іс-әрекеттердің түрлері.
- Тыйым салынған әділетсіз бәсеке нысандарының тізімі.

- Монополияға қарсы органдар жүйесін, олардың міндеттерін, қызметтері мен өкілеттіктерін анықтау.

- Монополияға қарсы Заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік шаралары.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында монополияға қарсы орталық орган болып Үкіметтің құрамына кіретін, табиғи монополияларды реттеу және бәсекені қорғау бойынша ҚР Агенттігі табылады. Агенттік 1999 жылы қаңтар айында ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес құрылған болатын, бірақ та оған дейін ол реформалау және қайта ұйымдастыру сатыларынан өткен болатын; оның атауы, ведомстволық бағыныштылығы, ұйымдық құрылымы және бірқатар қызметтері де өзгертіледі. Экономиканы сатылы басқару құрылымындағы бұл органның мәртебісінің жиі өзгеруі, белгіленген қызметтерінің тұрақсыздығы оның тиімді әрі мақсатқа сай әрекет етуіне мүмкіндік бермеді.

Қазіргі күні Агенттік өзінің іс-әрекетінде басты екі бағытты анықтаған:

бірінші – монополияға қарсы заңның, бағаны құру және тұтынушылардың құқығын қорғау туралы заңдардың орындалуын бақылау.

екінші – табиғи монополиялардың және шаруашылық жүргізуші монополист – субъектілердің іс-әрекеттерін реттеу.

Бұл бағыттардың әрқайсысы бойынша нормативтік және әдістемелік нәтижелер қалыптасқан, ТМД-ң басқа республикаларының тәжірибелерін ескере отырып, өзіндік тәжірибе жинақталынған. Сонымен қатар, заңдық, ұйымдастырушылық және материалдық базаларды болашақта жетілдірудің қажеттігі сөзсіз.

### **Ізденіс сұрақтары:**

1. Қоғамның экономикалық өміріндегі бәсекенің басты экономикалық артықшылықтарын атаңыз.

2. Бәсекенің қандай кемшіліктері бар?

3. Өз тауарының бағасына әсер ете алмайтын фирма қалай аталады?

4. Өз тауарының бағасын толық бақылайтын фирма қалай аталады?

5. Монополиялану процесін қандай көрсеткіштер сипаттайды?

6. Монополиялардың қандай іс-әрекеттеріне монополияға қарсы іс шаралар қолданылады?

7. Әлемдік тәжірибеде белгілі монополияға қарсы заңдардың түрпаттары қандай?

8. Монополияға қарсы реттеудің әртүрлі түрпаттарын пайдаланудың себептері қандай?



## **VIII ТАРАУ. БЮДЖЕТ-САЛЫҚ ЖҮЙЕСІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ**

8.1. Экономиканы реттеудегі мемлекеттік бюджеттің рөлі және қызметтері.

8.2. Салық жүйесі мемлекеттік реттеудің маңызды құралы ретінде.

8.3. Мемлекеттік қарыз экономиканы мемлекеттік реттеудің құралы ретінде.

8.4. Қазақстан Республикасының бюджет-салық жүйесін дамытудың қазіргі бет алысы.

### **8.1. Экономиканы реттеудегі мемлекеттік бюджеттің рөлі және қызметтері**

Мемлекеттік бюджет – белгілі бір мерзімге арналған мемлекеттік шығыстар мен табыстарды сипаттайтын елдің негізгі қаржылық жоспары. Бұл ұлттық табысты қайта бөлу арқылы жинақталған және мемлекет қызметтерін жүзеге асыру үшін жұмсалынатын ірі орталықтандырылған ақшалай қор. Мемлекеттік бюджетке елдің негізгі қаржылық операциялары – шығыстар, әртүрлі табыстар, мемлекеттік қарыздар өзара байланыста бейнеленеді. Мемлекеттің саясатына сәйкес олар біртұтас бағыттылық сипатқа ие болады.

Мемлекеттік бюджет ХХ ғасырдың басында дамыған елдер дайындаған бірқатар маңызды қағидаларға сай құрылады.

1. Тұтастылық қағидасы – мемлекеттің барлық шығыстары мен табыстарының бюджетке шоғырлануы. Мемлекетте біртұтас бюджет жүйесі, қаржылық құжаттардың және бюджеттік жіктелудің біркелкілігі болуы тиіс.

2. Толықтылық қағидасы бюджеттің әрбір бабы бойынша барлық шығыстар мен түсімдерді есепке алады.

3. Нақтылық қағидасы мемлекет шығыстары мен табыстарының шындыққа сәйкес болуын қамтамасыз етеді.

4. Жариялылық қағидасы – бұл негізгі шығыстар мен табыс көздері туралы халықты міндетті ақпараттандыру.

Бюджет табыстары салықтар мен салықтық емес түсімдерден қалыптасады. Бюджет шығыстары: қорғанысқа, мемлекеттік аппаратты ұстауға, экономиканы және әлеуметтік сфераны қаржыландыруға, мемлекеттік қарыз бойынша пайыздық төлем үшін және т.б. шығыстар.

Соңғы жылдары көптеген елдердің тәжирбесінде мемлекеттік бюджеттен басқа көптеген әлеуметтік және бюджеттен тыс қорлар, мемлекеттік мекемелер пайда болды (несиелік, әлеуметтік, ғылыми-техникалық және басқа да қорлар).

Мысалы, Қазақстанда зейнетақы қоры, сақтандыру қоры және т.б. секілді қорлардан басқа 2015 жылға дейінгі ҚР индустриалдық-инновациялық стратегияны жүзеге асыру үшін Қазақстандық инвестициялық қоры, инновациялық қор, Қазақстан даму банкі, экспортты сақтандыру коорпорациясы құрылған. Бұл қорлардың ерекшеліктері сол, олардың әрқайсысының қатаң бағыты, бөлек табыс көздері бар және белгілі бір міндеттерді шешеді. Бірақ, олардың іс-әрекеттері қабылданған Үкімет бағдарламасының шеңберінде жүзеге асады.

Мемлекеттік бюджеттің маңызды қызметтері:

1. қаржылық ресурстарды салалар, аймақтар және халық топтары арасында бөлу және қайта бөлу мақсатымен оларды мемлекеттік органдарда жинақтау;
2. мемлекеттің қызметтерін жүзеге асыратын мемлекеттік билік институттарын қаржылық қамтамасыз ету;
3. экономикалық басымдықты бағыттары бойынша экономикалық өсуді ынталандыру;
4. халықтың кедей топтарын, зейнеткерлерді, жас ұрпақты әлеуметтік қорғау.

Бұл қызметтерді жүзеге асыра отырып, мемлекет кәсіпкерлікті рыноктық ынталандыруды төмендетпеуі қажет. Сондықтан бюджет саясаты реттеудің рыноктық және мемлекеттік механизмдерінің үйлесімділігіне сай құрылуы тиіс.

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі екі деңгейлі бюджеттердің жиынтығынан тұрады: республикалық және жергілікті. Бұл бюджеттер салыстырмалы түрде дербес қызмет етеді. Олардың әрқайсысының заңмен анықталынған табыс көздері мен шығыстарының бағыттары бар. Республикалық бюджет жалпы ұлттық мүдделерді жүзеге асыратын барлық ұлттық экономикаға қатысты қаражаттардың бағыттарын анықтайды: қорғанысқа, басқаруға, іргелі ғылымға, ғарышты игеруге және т.б. шығыстар. Аймақтық (облыстық) бюджет, ең алдымен, әлеуметтік сфераның дамуын анықтайды, өйткені, әлеуметтік мәселелер нақ осы аймақтарда, жергілікті жерлерде түйықталған, сонымен қатар өздерінің шаруашылық кешендерін дамытуға бағытталған. Олардың табыс көздері болып нақты аймақтарға бекітілген салықтық түсімдердің түрлері, оған қоса бюджет тапшылығын азайту және табыстарды толықтыру үшін мемлекеттік бюджеттен бөлінетін субвенциялар табылады.

Экономикаға әсер етудің құралы ретінде бюджетті пайдалану теориялық тұжырымдамаларға сүйенеді. Ондаған жылдар бойы дамыған елдерде бюджеттің шығыстары мен табыстарының теңгерімділігін қамтамасыз етуге бағытталған және ұдайы өндіріс процесіне бетарап қатынасты жақтайтын бейтарап бюджет тұжырымдамасы үстемдік етіп келді. Қаржылардың қалыпты қызмет етуі барлық экономиканың тиімді қызмет етуі деп саналады. Бірақ мұндай бюджет саясатының өзіндік кемшіліктері болды: а) экономикалық маневрлер көлемін және оларды орындау уақытын шектеді; б) экономикалық операциялардың тиімділігін төмендетті, себебі салықтық жеңілдіктер қаржылық операциялармен теңестірілді; в) мемлекеттік бюджеттің онсызда шамалы икемділігін одан сайын төмендетті, экономикалық жағдайлардың өзгерісіне қарсы жедел әрекет ету мүмкіншілігін айырды; г) құлдырау кезеңінде мемлекеттік шығыстарды қысқарту тоқырау ықтималдығын арттырып, өрлеу сатысында экономикалық “қызып кетуін” туындатты.

“Атқарымдық қаржылардың” кейнстік тұжырымдамасы табыстар мен шығыстардың теңсіздігін сипаттайды және мемлекеттік бюджеттің қаржылық қызметінен басқа экономиканы тұрақтандыру қызметіне де ерекше мән беріледі.

Экономикалық қызметтердің басты – экономиканың теңгерімділігіне артықшылық беріледі. Макроэкономикалық тұрақтылыққа жету үшін мемлекеттік бюджеттің артықшылығы (табыстардың шығыстардан артық болуы) да тапшылығы (шығыстардың табыстардан артық болуы) да қолайлы әсер етуі мүмкін. Бәрі ағымдық кезеңдегі экономика жағдайына байланысты. Бюджеттік реттеудің кейінгі стратегиясы мен “ұсынысы экономикасы” теориясы (XX ғасыр 80-90жж.) “атқарымдық қаржылар” тұжырымдамасын тәжірибе жүзінде іске асыруға болатынын дамыған елдердегі экономикалық реттеу моделіне айналдырды.

## **8. 2. Салық жүйесі мемлекеттік реттеудің маңызды құралы ретінде**

Салықтар заңды және жеке тұлғалардың мемлекетке төлейтін міндетті төлемдері. Олар екі қызмет атқарады: фискальдық және экономикалық. Фискальдық қызмет арқылы мемлекеттің қызмет етуі үшін қажетті ақшалай, орталықтандырылған қорлар құрылады. Салықтардың экономикалық қызметінің нәтижесінде экономикаға әсер етуі үшін ұлттық табыс қайта бөлінеді. Екі қызмет өзара байланыста әрекет етеді, бірақ олардың әрқайсысы салықтық қатынастардың белгілі бір жақтарын бейнелейді. Фискальдық қызметі салық төлеушілердің мемлекет алдындағы міндеттемесін, ал экономикалық – мемлекеттің салық төлеушілер алдындағы міндетін көрсетеді.

Салық салуды басқарудың ұйымдық-құқықтық нормалары мен әдістерінің жиынтығы салықтық механизмді құрайды. Әр елде қалыптасқан салық заңы арқылы мемлекет салық механизміне заңдық сипат береді.

Салық жүйесінің негізгі элементтері болып салықтардың түрлері және оларды есептеу қағидалары – салық қойылымы мен салықтық негіз болып табылады.

Салық қойылымы – бұл салық түрінде бюджетке аударылуы тиіс табыстың белгілі бір үлесі. Әдетте салық қойылымы табыс сомасына қатысты пайыз түрінде бекітіледі. Салық қойылымдары әрбір табыс санаты үшін ұзақ мерзімге заңмен анықталады. Алайда, салық қойылымдарын өсіру немесе төмендетумен байланысты қайта қаралуы мүмкін, ал жалпы мемлекет дамуы да, бюджетке ең жоғары түсімдерді де қамтамасыз ететін қойылымдарды бекітуге мүдделік танытады.

Салық қойылымдарын бекітудің әртүрлі әдістері бар. Егер қойылым табыс мөлшеріне қарамастан тұрақты болса, онда бұл салық салу, егер табыстың өсуіне орай өссе, онда бұл үдемелі салық салу, ал егер табыстың өсуімен байланысты қойылым төмендесе, онда кемімелі салық салу деп аталады.

Салықтық негіз салық салуға жататын табыстың жалпы сомасы, яғни салық қойылымы есептелетін табыс сомасы. Салықтық негіздің мөлшері салық салынатын табыстан алынатын заңмен рұқсат етілген шегерімдерге байланысты өзгеріп отырады.

Салықтар тікелей және жанама, мемлекеттік, аймақтық, жергілікті деп бөлінеді. Тікелей салықтар табыстан немесе мүліктен тікелей алынады. Олар екі түрге бөлінеді: нақты тікелей салықтар және жеке тікелей салықтар.

Нақты тікелей салықтардың қатарына жер салығы, кәсіпкерлікке салық, бағалы қағаздарға салық және т.б. жатады. Олардың табыстың пайда болуымен емес, сыртқы белгілеріне байланысты алынады. Жеке тікелей салықтарға жеке табыс салығы, корпорацияның пайдасына салық, мұрагерлік пен сыйға салық, мүліктік салық және т.б. жатқызылады. Жеке салық салудың негізі ретінде табыстың мөлшері алынады.

Жанама салықтар – бұл тауарлар немесе қызметтер бағасына қосымша түрдегі салықтар, яғни оны өндіруші емес, тұтынушы тауарды немесе қызметті сатып алу кезінде төлейді. Оларға: қосылған құнға салық, акциз, кедендік баж, монополды салық жатады.

Мемлекеттік салықтар – заң актілерімен бекітілген мемлекеттік бюджетке түсетін салықтар. Олардың қатарына кәсіпорындар мен ұйымдардың пайдасына салық, қосылған құнға салық, жеке тұлғалардың табыс салығы, бағалы қағаздардың операцияларына салық, кедендік баж және т.б.

Аймақтық салықтар аймақтық бюджетке жинақталады. Олар: кәсіпорындардың мүлкіне салық, табиғи ресурстарды өндіруге салық.

Жергілікті салықтар: азаматтардың жылжымайтын мүлігіне салық, көлік салығы, кәсіпкерлік қызметті тіркеу алымы және басқа да алымдар. Олар жергілікті бюджетті құрайды.

Экономикаға әсер ету үшін мемлекет салық жүйесін белсенді түрде пайдаланады. Салық жүйесін құру барысында А.Смит қалыптастырған классикалық қағидалар басшылыққа алынады. Ол қағидалар келесідей:

1. Мемлекеттің қамқорлығы мен қорғауында болғандықтан, мемлекет азаматтары өз табыстарын сәйкес мемлекетті салық төлеу арқылы қолдауы тиіс.

2. Төленетін салық сомасы, мерзімі және төлеу тәсілі бойынша анық болуы тиіс.

3. Әрбір салық салық төлеуші үшін ыңғайлы уақытта, тәсілде алынуы тиіс.

Салық саясаты алдымен мемлекеттің шығыстарын, содан соң осы шығыстарды жабуға жеткілікті табыстарды анықтаумен байланысты қалыптасады. Бұл шығыстар қоғамның мүддесін қамтамасыз етуі керек.

Мемлекет экономикаға әсер ету үшін салық жүйесінің құралдарын қолданады. олардың ең маңыздылары:

1. Салықтық жеңілдіктер. Олар келесі жағдайлардан көрінеді. а) жекеленген кәсіпорындар үшін салық салу қойылымын төмендету. Олардың өзгеруі аймақтық сипатта болуы мүмкін, егер тоқырауға ұшыраған аудандарға қызмет ететін кәсіпорындар үшін салықтық жеңілдіктер қолданылса немесе таңдамалы сипатта болуы мүмкін, егер оны өндірістің басымдықты (ғылымды қажетсінетін немесе экспорттық) салаларында қолданса. б) салықтық жеңілдіктер салықтық несиелер түрінде болады, яғни бастапқы салық мөлшерінен шегерімдер жасау. Мысалы, НИОКР сферасын дамытуға шығындар өсімнің белгілі бір үлесін салық салудан босату. в) салықтық жеңілдік салық төлеу мерзімін кейінге қалдыру немесе салықтан толық босату болып табылады. Мұндай жеңілдікті шағын және қайта құрылған кәсіпорындар алғашқы 2-3 жыл ішінде қолданады. г) салықтық жеңілдіктің басқа түрі –

жедел амортизация, яғни тозған капиталдың орнын жедел толтыру. Жедел амортизация жүйесі кәсіпорындардың тозған капиталын рухани тозуға ұшырағанға дейін құнын қайтаруға, ал амортизациялық қаражаттарды өндірістік аппаратты жаңарту үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Жоғары салық қойылымы мен салық салудың үдемелі жүйесі инвестиция мен жинақ деңгейлеріне кері әсер етеді, нәтижесінде жалпы экономикалық жүйенің тиімділігі төмендейді, өйткені жинақ пен инвестиция ең алдымен табыстары өте жоғары халық топтарының қызметі болып табылады. Сондықтан салық жүйесі терең, жан-жақты ойластырылған және икемді болғаны жөн.

Қазіргі жағдайда салық жүйесіне қойылатын басты талап рыноктың механизміне қатысты оның тұрақты, бейтарап болуы және рыноктық экономиканың барлық субъектілерін бірдей қамтамасыз етуі.

2. Салық қойылымдарымен айла-шарғы жасау дамыған елдердегі салық саясатының міндетті элементі. Қалыптасқан экономикалық жағдайларға, шешілетін экономикалық міндеттерге, ҒТІ пен құрылымдық өзгерістерді ынталандырудың қажеттілігіне байланысты салықтық қойылымдар не төмендетілуі, не жоғарлатылуы мүмкін.

Әртүрлі салықтық іс-шаралардың қарама-қайшы салдары да болады. Біріншіден, олар ҒТІ пен құрылымдық өзгерістерді ынталандырса, екіншіден – мемлекеттік бюджетке түсетін қаражаттарды азайтады. Бұл бюджеттің тапшылығына әкеліп, инфляцияны күшейтуі мүмкін.

Жоғары салық қойылымы мен салық салудың үдемелі жүйесі инвестиция мен жинақ деңгейлеріне кері әсер етеді, нәтижесінде жалпы экономикалық жүйенің тиімділігі төмендейді, өйткені жинақ пен инвестиция ең алдымен табыстары өте жоғары халық топтарының қызметі болып табылады. Сондықтан салық жүйесі терең, жан-жақты ойластырылған және икемді болғаны жөн.

Қазіргі жағдайда салық жүйесіне қойылатын басты талап - рыноктық механизмге қатысты оның тұрақты, бейтарап болуы рыноктық экономиканың барлық субъектілерін бірдей жағдайлармен қамтамасыз етуі.

### **8. 3. Мемлекеттік қарыз экономиканы мемлекеттік реттеу құралы ретінде**

Мемлекет өзінің реттеу іс-әрекеттерінде салықтармен қатар қаржыландырудың көзі ретінде Үкімет мен ақша эмиссиясын пайдаланады. Қаржыландырудың мұндай түрі мемлекеттік қарыз арқылы қаржыландырудың немесе тапшылықпен қаржыландыру деп аталады. Ол барлық елдерде кеңінен қолданылады.

Бюджет тапшылығы экономикалық жүйенің ажырамас элементтері болып табылатын инфляция, дағдарыс, жұмыссыздық секілді теріс экономикалық категориялардың бірі. Бірақта бюджет тапшылығының болмауы экономиканың тұрақтылығын сипаттайды.

Мемлекеттік қарыз және тұлғалар мен институттардан ақшалай қаражаттарды қарызға алу және шетелдік мемлекеттерден несие тарту арқылы

мемлекеттің қосымша ресурстарын қалыптастыру үшін ЖҮӨ мен ұлттық табыстың бір бөлігін қайта бөлумен байланысты.

Несиелік қаражаттардың пайда болуына орай мемлекеттік қарыз ішкі және сыртқы деп бөлінеді.

Сыртқы қарыз – бұл шетелдік мемлекеттерге, ұйымдарға және жеке тұлғаларға қарыз. Бұл қарыз ел үшін үлкен ауыртпалық, өйткені қарыз бен қарыз үшін пайызды қайтаруға бағалы тауарларды беруге, белгілі бір қызметтерді көрсетуге тура келеді.

Ішкі қарыз – мемлекеттің өзінің халқына және бюджеттік емес қорларға қарызы, мысалы зейнетақы қорларына немесе әлеуметтік сақтандыру қорларына және басқаларға қарыз.

Мемлекеттік қарыз екі негізгі нысанда пайда болады – мемлекеттік бағалы қағаздар және бухгалтерлік есептегі жазбалар. Бағалы қағаздар өтімді, құпия және екінші ретті рынокта еркін айналысқа түсе алуы мүмкін. Бухгалтерлік есептегі жазбалар түрінде рәсімделген қарызды сатуға және қайта табыстауға болмайды.

Мемлекеттік қарыздың негізгі міндеті – мемлекеттік реттеудің құралы болу. Ол екі міндетті шешеді – мемлекеттік қажеттіліктер үшін қаржы ресурстарын алу және сол арқылы экономиканың тұрақтылығын қаматамасыз ету мен экономикалық өсуді ынталандыру. Бұл міндеттерді шешу қоғамның экономикалық және әлеуметтік қажеттіліктері арасындағы қайшылықтарды азайтуға және оларды бюджет қаражаттары арқылы қанағаттандыруға жағдай жасайды.

Бірақта мемлекеттік қарыздың көлемін, құрылымын, шегін реттеу қажет, өйткені ол экономикаға оң немесе теріс әсер етеді. Мемлекеттік қарызды реттеу әдістері көп түрлі. Олар: ұзақ мерзімді бағалы қағаздарды эмиссиялық банктің несиелерімен ауыстыру, мемлекеттік қарызды қаржыландыру кезінде ұзақ мерзімді бағалы қағаздарды қысқа мерзімділермен ауыстыру, инфляция деңгейін белгілі бір шекке дейін жоғарылату, мемлекеттік меншікті жекешелендіру.

Жалпы алғанда, мемлекеттік қарызды экономиканы реттеу құралы ретінде пайдалану мүмкіншіліктері елдің даму деңгейімен анықталады. Экономикалық өсу қарқыны жоғары, нақты пайыз қойылымы төмен болған сайын қаржыландыру үшін мемлекетке қарыз алудың қажеттілігі төмен болады.

#### **8.4. Қазақстан Республикасының бюджет салық жүйесін дамытудың қазіргі бет алысы**

Қазақстанның бюджет-салық жүйесіндегі реформалар экономикалық және саяси сфералардағы терең өзгерістермен қатар жүрді. Бюджет жүйесін де, салық жүйесін де реформалау кезінде қабылданған шешімдер экономикалық процестерді дербес басқарудың өзіндік тәжірибесін игеру қажеттілігін түсінудің нәтижесінде жүзеге асты және де ұлттық экономиканың ішкі және сыртқы қызмет ету жағдайларындағы өзгерістермен байланысты болады.

Бюджет жүйесіндегі реформалар 1996 жылы қабылданған “Бюджет жүйесі туралы” ҚР заңында өз жалғасын тапты. Онда ҚР бюджет жүйесінің қазіргі қағидалары анықталынып, бюджетті құру, қарау, бекіту, орындау және оның орындалуын бақылау тәртіптері жан-жақты реттелінген болатын. Бұрынғы заңмен салыстырғанда субвенция, субсидия, ресми трансферт, бюджет тапшылығы (артықшылығы), мемлекеттік кепілдік, мемлекеттік қарыз, қарыз алу және борыш, Үкімет пен жергілік атқарушы органдардың резервтері секілді жаңа ұғымдар енгізіледі. Бұл заң бойынша жергілікті бюджеттердің теңгерімділігі жалпы мемлекеттік салықтар мен алымдардың аударымы есебінен қамтамасыз ететіледі. Ал, олар жеткіліксіз болған жағдайда республикалық бюджеттен субвенциялар бөлу қарастырылған.

Мемлекеттік қарызды басқару үшін заң жүзінде мемлекеттік қарыз алудың қатаң шегі бекітілді. Осындай шаралардың нәтижесінде мемлекеттік бюджет тапшылығының мөлшеріне қатынасы бойынша Үкімет қарыздары (ішкі және сыртқы) елеулі қысқарды.

Бюджеттің орындалуымен айналысатын мемлекеттік органдардың құрылымы өзгерді, бюджетті орындау қызметі қаржы министрлігіне берілді, ал бұрын бұл қызмет екі органмен: Ұлттық Банк және Қаржы Министрлігімен атқарылған болатын. Бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру және бақылау, мемлекеттік қарызды қайтару, Үкіметке есеп беру бойынша міндеттер жаңа құрылған Қазынашылық Бас басқармасына жүктелінді.

1997 жылы халықаралық стандарт талаптарының негізінде ҚР табыстар мен шығыстардың жаңа бюджеттік топтамасы әзірленіп, енгізілді. Бұл барлық деңгейдегі бюджет шығыстарын мемлекеттің бағдарламалық міндеттерінің орындалуымен өзара байланыстыруға мүмкіндік береді.

2000 жылы Қазақстанда бюджет Кодексі дайындалды. Оның мақсаттары болып бюджет қатынастарын реттейтін заңдық-құқықтық нормаларды біріктіру және жүйелеу, ортақ қағидалар мен ережелерге сай бюджеттік қатынастар жүйесінің біртұтастылығын қамтамасыз ету, бюджеттік процестің қатысушылары мен олардың өкілеттілігін анықтау, бюджет құрылымы мен бюджет процесін жүйелеу табылады.

Салық жүйесі де үлкен өзгерістерді өткеруде. 1991 жылғы “Салық жүйесі туралы” ҚР алғашқы заңын Ресейдің салық заңының көшірме нұсқасы деуге болады. Салықтар санының көп болуы (43 түрі: 16 жалпы мемлекеттік, 10 жалпы міндетті, 17 жергілікті салықтар мен алымдар), заңның тұрақсыздығы, көптеген төлемдердің болуы, көптеген жеңілдіктерді қолдану (200-ден аса) салық жүйесін басқаруды қиындатып, тиімділігін төмендетті. Салық қойылымдарының жоғары болуына қарамастан салықтық түсімдер күрт төмендеді, нәтижеде салық салынатын негіз қысқарады және салық төлеушілердің заңсыз секторға кетуі өсті.

1995 жылы “Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы” Қазақстан Республикасы Президентінің заңдық күші бар жарлығы шықты. Оны әзірлеуге ХВҚ, ЭҚДҮ секілді халықаралық ұйымдардың сарапшылары және халықаралық салық бағдарламасының өкілдері қатысты. Қазіргі уақытта бір-ақ рет алынатын салықтың 18 түрі және 12 алым бар.

Салықтар жалпы мемлекеттік және жергілікті деп бөлінген, бюджетке алу механизмі қарапайымдатылған. Қазір бюджеттік түсімдердің негізгі үлесін алатын салықтар жеке және корпоративті табыс салығы, қосылған құнға салық, акциз, әлеуметтік салық және жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдері.

Халықаралық салық салу қағидаларына бір табан жақындау және жүйелі рыноктық қатынастардың талаптарына сәйкестендіру нәтижесінде салықтық ауыртпалық күрт төмендеп, шаруашылық субъектілерінің іс-әрекетін тұрақтандыруға оң әсер етті, сәйкесінше бюджетке түсетін түсімдер де өсті.

Қосылған құнға салықты алу механизмі үлкен өзгерістерге ұшырады. Тауарды сатып алу кезінде төленген салықты өнімді өткізу бойынша есептелген салық саласынан шегеру арқылы есептелетін салық салудың есепке алу әдісі қабылданды. Бұл әдіс ішкі өндіріс пен тауарды сату кезіндегі араласуды болдырмайды және ҚСС сыртқы саудаға байланысты абсолютті бейтарап етеді. ҚСС бойынша екі қойылым әрекет етеді: стандартты – 16%, ішкі сату кезінде де тауарлардың импорты кезінде қолданылады және нөлдік қойылым, тауарларды экспорттау мен халықаралық тасымалдауда қолданылады.

Корпоративті табыс салығының қойылымы 30% құрайды. Салық төлеушінің жылдық жиынтық табысы мен шығыстарына айырмасына салық салынады. Коммерциялық емес ұйымдар мен әлеуметтік сфераның ұйымдары корпоративтік табыс салығын төлеуден босатылған.

Жеке табыс салығы екі объекті бойынша салынады: салық салынатын табыс көздері, ол бойынша салықтық аударымдарды салық агенттері жүзеге асырады және салық салынбайтын табыс көздері, ол бойынша бюджетке аударымдар мен төлемдерді декларацияның негізінде жеке тұлғаның өзі орындайды. Салық табыс мөлшеріне байланысты 5-30% аралығында үдемелі қойылым бойынша төленеді. Бірақта дивидент, сыйақы, ұтыс түріндегі табыстарға 15% салық салынады.

Әлеуметтік салық қойылымы 2001 жылдан бастап 21% жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу келісім шарттың тұрпатына байланысты: салықтар арнайы төлемдер түрінде болады – бонустар, роялти, өнімді бөлу бойынша ҚР үлесі және үстеме пайдаға салықтар. 2002 жылы жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдері бюджеттік түсімдердің 5-13% құраған, оның ішінде: бонустар – 0,3%, роялти – 4,1%, өнімді бөлу бойынша ҚР үлесі – 0,7%, үстеме пайдаға салық – 0,03% [36. 86б].

Салық кодексі шағын кәсіпкерлік субъектілері мен ауыл шаруашылық өндірушілері үшін арнайы салық режимінің бірнеше түрін қарастырады. Бұл режим салықтық ауыртпалықты төмендетуге, қолайлы жағдайлар құруға және көлеңкелі экономикадан оларды шығаруға бағытталған.

Осы және басқа да өзгерістердің нәтижесінде бюджет табыстарының ЖІӨ-ге қатынасымен анықталатын салықтық ауыртпалық едәуір төмендеді, 1993 ж. – 28,1 %, 2002 ж. – 22,6%. Салықтар тәртібін нығайту шаралары аса ірі салық төлеушілерге мониторинг жүргізу, трансферттік баға құруды бақылау салықтардың жиналу деңгейін елеулі арттырды. Жаңа салық кодексіне енгізілген тұжырымдама (2002ж. қаңтардан бастап әрекет етеді) салық



жүйесінде әділеттілікті қамтамасыз етуге, оны тұрақтандыру мен алдын ала болжауға салық төлеушілердің барлық баптары үшін салықтық ауыртпалықты теңестіруге және экономикалық процеске қатысты салық жүйесін бейтарап етуге бағытталған.

### **Ізденіс сұрақтары:**

1. Мемлекеттік бюджет қандай қызметтер атқарады?
2. Бюджетті құрудың қандай қағидаларын білесіз?
3. “Бейтарап бюджет” тұжырымдамасының мәні неде?
4. “Атқарымдық қаржылар” тұжырымдамасы нені білдіреді?
5. Экономикалық жүйедегі салықтардың негізгі қызметтерін атаңыз.
6. Салықтардың қандай түрлерін білесіз?
7. Салық жүйесі қандай қағидалар бойынша құрылады?
8. Экономикаға әсер ететін салық жүйесінің қандай құралдарын білесіз?
9. Экономиканы реттеуде мемлекеттік қарыздың рөлі қандай?
10. ҚР бюджет-салық жүйесін дамытудың негізгі бет алысын айтып беріңіз.

## ІХ ТАРАУ. ЭКОНОМИКАНЫ АҚША-НЕСИЕЛІК РЕТТЕУ

- 9.1. Мемлекеттің ақша-несие саясатының теориялық негіздері.
- 9.2. Орталық банктің экономикадағы ақша ұсынысына әсер ету механизмі мен құралдары.
- 9.3. Ақша-несиелік реттеудің мақсаттары.
- 9.4. Қазақстан Республикасының ақша-несие саясатының негізгі міндеттері.

### 9. 1. Мемлекеттің ақша-несие саясатының теориялық негіздері

Мемлекеттің ақша-несие саясатының негізі болып ұлттық экономика жағдайына ақшаның және ақша-несие саясатының әсер ету процесін зерттейтін ақша теориясы табылады. Сондықтан ақша-несие саясаты экономиканы жанама реттеудің маңызды нысандарының бірі. Саясат экономикадағы ақшаның рөлі және олардың экономикалық өсу, жұмыспен қамту, төлем балансы және т.б. макроэкономикалық көрсеткіштерге әсері туралы белгілі ғалым-экономистердің көзқарастарына негізделеді.

Макроэкономикалық дамуда ақшаның рөлі туралы үш теориялық тәсіл бар:

Неоклассикалық мектеп өкілдерінің көзқарастары бойынша рыноктық экономика өзін-өзі реттеуші, дамытушы механизм болғандықтан, экономикалық процестерге мемлекеттің араласу қажеттілігін терістеді, ал ақша ЖҮӨ, табыс, инвестиция, баға және б.т секілді көрсеткіштерді тек ғана номиналдық сипаттау үшін ғана қажет деп есептелді. Олардың динамикасы мен нақты деңгейіне ақша ықпал ете алмайды, өйткені ұлттық өндірістің нақты көлемі экономикадағы өндірістік ресурстарға тәуелді. Ақша санының өзгерісі экономикадағы тек ішкі баға деңгейіне ғана әсер ете алады. Бұл ұстаным И.Фишердің ақша теориясында ерекше орын алады, ол ақшаның номиналды санының үйлесімді өзгерісі бағаның абсолютті деңгейінің үйлесімді өзгерісін туындататынын дәлелдеді. Бұл байланыс И.Фишердің айырбас тәуелдеуі арқылы бейнеленеді:  $M \times V = P \times Q$ ;  $M$  - айналыстағы ақша саны;  $V$  – ақша айналысының жылдамдығы;  $P$  – тауарлар мен қызметтердің орташа бағасы;  $Q$  – жыл ішінде ұлттық экономикада өндірілген тауарлар мен қызметтердің саны. Сондықтан неоклассиктер ақша саясаты тиімсіз, ең алдымен теңгерілген мемлекеттік бюджет пен төлем балансын қамтамасыз ету қажет деп қорытындылайды.

1929-1933 жылдардағы Ұлы дағдарыс бұл мектептің көптеген көзқарастарын теріске шығарды, оның ішінде рыноктық экономикада дағдарыс пен мәжбүрлі жұмыссыздықтың мүмкін еместігі туралы пікірді. Бұл ақшаның сандық теориясының дағдарыспен байланысты мәселелерді шешуге қабілетсіз екендігін білдіреді. Сондықтан экономиканы реттейтін мемлекеттің іс-шараларын, оның ішінде ақшалай реттегіштерді пайдалану қажет болды.

Кейнстік тәсіл. 1936 жылы белгілі экономист Дж.М.Кейнстің “Жұмыспен қамту, пайыз және ақшаның жалпы теориясы” атты кітабының жарық көруімен байланысты жалпы макроэкономикалық саясатқа, оның ішінде ақша саясатына

деген көзқарастарда үлкен төңкеріс болды. Дж. Кейнстің пікірінше экономикадағы жиынтық сұранысты өзгерту үшін ақша-несие және бюджет-салық саясатының әдістерін пайдалана отырып, мемлекет экономиканың белсенділігін реттеуі қажет. Мұндағы негізгі теориялық теңдеулер:

$Y=C+I+G+N_x$ ;  $Y$  – ЖҮӨ-ң номиналдық көлемі,  $C$  – тұтынушы шығыстары,  $I$  – фирмалардың инвестициялық шығыстары,  $G$  – мемлекеттік шығыстар,  $N_x$  – таза экспорт. Инвестициялық сұранысқа шешуші рөл беріледі, өйткені мультипликаторлық әсерге байланысты инвестициялардың ауытқуы өндіріс пен жұмыспен қамтуды үлкен өзгерістерге әкеледі. Ал инвестициялардың деңгейі негізінен пайыз қойылымына тәуелді, оның өсуі инвестиция деңгейін төмендетеді, нәтижеде өндіріс пен жұмыспен қамту көлемі азаяды, ал оның төмендеуі, керісінше, өндіріс пен жұмыспен қамтуды ынталандырады.

Өз кезегінде пайыз қойылымы ақша массасының деңгейімен анықталады, оның өсуі пайыз қойылымын төмендетеді және инвестицияны арттырады, ал төмендеуі – пайыз қойылымын өсіріп, инвестицияны азайтады. Бұл пайыз қойылымының ауытқулары арқылы ақша айналысы жалпы экономикаға қатты әсер етеді дегенді білдіреді.

Себеп салдарлы байланыстар желісі келесідей: ақша массасының өсуі пайыз қойылымын төмендетеді, ал бұл инвестицияның өсуіне әкеледі, нәтижеде табыс пен жұмыспен қамту артады, яғни пайыз қойылымы – бұл экономикаға әсер ететін ақша айналысын реттейтін басты тетік.

Кейнс ақшаға сұранысты екі шаманың қызметі ретінде қарастырады: Номиналдық ұлттық табыс және пайыз қойылымы, өйткені ақшаға сұраныс екі элементтен тұрады: а) трансакциялық сұраныс немесе мәміле жасау үшін ақшаға сұраныс. Ол жоспарланған шығыстар үшін ақшалар әм қажет. Трансакциялық мотивті ескереді. Трансакциялық сұраныс номиналдық ұлттық табыс деңгейіне тәуелді: ұлттық табыс жоғары болған сайын, шығыстар деңгейі де жоғары және мәміле жасау үшін көп ақша керек.

б) Алыпсатарлық сұраныс бағалы қағаздарды сату-сатып алумен байланысты. Бұл сұраныстың болуы адамдардың өз табыстарының қанша үлесін тұтынуға, қаншасын жинақтауға және жинақтарды қандай нысанда сақтау қажеттігін шешуге негізделеді. Бағалы қағаздар табыс әкеледі, алайда оның белгілі бір тәуекелі бар, өйткені пайыз қойылымының өзгерісі бағалы қағаздар бағамының өзгерісіне әкеледі: пайыз қойылымы жоғары болған сайын бағалы қағаздың бағамы төмен болады. Бұл жағдайда өтімділікті таңдауға жалпы ұмтылыс пайда болады. Яғни, алыпсатарлық мотив ақшаға сұраныс мөлшері мен пайыз қойылымы арасында кері байланысты қалыптастырады.

Ақша-несиелік реттеу әдістерін пайдалана отырып, мемлекет пайыз қойылымына, сол арқылы инвестиция мөлшеріне әсер ете алады.

Ақшаның монетаристік сандық теориясы. XX ғасырдың 60 жылдарының соңында кейнстік теорияның қателіктері айқындала бастады, оның ішінде инфляциялық процестердің қауіптілігін ескермеу, бюджеттік механизмнің, мемлекеттік шығыстардың рөліне шамадан тыс көңіл бөлу, тапшылық пен қаржыландырудың әсеріне дұрыс баға бермеу. Бұл экономикадағы ақшаның рөлін қайта қарауға және монетаристік теорияға сүйенуге ықпал етеді.

Экономикалық теорияда монетаристер ретінде белгілі М.Фрейдмен мен оның ізбасарлары қазіргі ақшаның сандық теориясын дайындады. Бұл теорияның басты пастулаттары болып табылады: рыноктық жүйе өзін-өзі реттеу арқылы автоматты түрде тепе-теңдікке жетуге қабілетті. Экономикада кездесетін қиындықтар сыртқы факторлар деп аталады және ол мемлекеттік органдардың қате іс-әрекеттерінің нәтижесі болып табылады. Ал рыноктық экономикада табандылық қоры жеткілікті, ол жеке шаруашылықтың табиғатында бар.

“Бірде-бір үкімет рыноктан ақылды бола алмайды”. Сондықтан экономикаға мемлекеттің араласуын шектеу қажет. Себебі: а) мемлекеттің араласуы тепе-теңдікті қалыптастыруға ұмтылған рыноктың ішкі реттегіштеріне тосқауыл болады; б) мемлекеттің араласуы қысқа мерзімді болашаққа бағдарланған, ал туындаған мәселелерді шешу үшін ұзақ уақыт қажет, ол тек қана рынок арқылы мүмкін; в) мемлекет сұранысты қалыптастырып, оны басқара алуы мүмкін (мемлекеттік шығыстар, салықтар, қарыздар арқылы), бірақ тауар ұсынысын арттыра алмайды. Зерттеулер мен тәжірибелік ұсыныстарды ақша-несие саласы бойынша дамыту. Ақша экономикалық процестер тәртібін реттегіші бола алады. Бұл жағдайда ақша массасына, оның мөлшеріне, өсу қарқыны мен айналыс жылдамдығына үлкен көңіл бөлінеді.

Монетаристердің ойынша ақша массасының өсу қарқынының өзгерісі мен номиналды және нақты ЖҮӨ-ң өсу қарқыны арасында тығыз байланыстар бар. Бұл іскерлік цикл ішінде айналыстағы ақша массасының өсу қарқыны азғана кешіге отырып, номиналды ЖҮӨ-ң өсу қарқыны өзгеруін туындатады. Сәйкесінше нақты ЖҮӨ-де өзгеріп, жұмыссыздықтың төмендеуіне ұласады. Нақты өндірістің өсу қарқынының баяулауы нәтижесінде ақша массасының өсу қарқынының өзгеруімен байланысты бағаның өсуі ақшаның экономикаға әсерін әлсіретеді. Осыған орай, олар экономикадағы мемлекеттің рөлін шектеу қажет деген қорытынды жасайды. Оның стратегиялық мақсаты ЖҮӨ-де бөлу мен тұтынуға мемлекеттің қатысуын шектеу болуы тиіс, кейнсмандықтар айтқандықтай, реттеу объектісі пайыз қойылымы емес, тек қана ақша ұсынысының өсу қарқыны болуы керек. М. Фрейдменнің “Ақша ержесіне” байланысты мемлекеттің орталық банкі, экономикалық конъюнктура мен циклдық ауытқуларға қарамастан, ақша массасының үнемі, тұрақты түрде 3-5% өсімін қамтамасыз ететін саясатты жүзеге асыруы тиіс. Бұл нақты өндірістің өсімін қамтамасыз етеді, әрі инфляциялық процестің шамадан тыс өршуіне әкелмейді.

Қазіргі ақша теориясы кейнсмандық теорияның, монетаризмнің, неоклассикалық “ұсыныс экономикасы” теориясының элементтерін біріктіретін моделге айналған.

## **9. 2. Орталық банктің экономикадағы ақша ұсынысына әсер ету механизмдері мен құралдары**

Ақша-несие саясатының маңызды бөлімі сәйкес саясатты жүзеге асыру үшін айналыстағы нақты ақша массасының мөлшеріне өзгертпе алу мүмкіншілігі болып табылады.


Ақша массасы – экономикадағы төлем құралдарының сомасы. Ол мәміле үшін төлем жасауда қолданылатын айналыстағы нақты ақшалар мен банктегі депозиттердің жиынтығынан тұрады. Яғни,  $M=C+D$ :  $M$  – ақша массасы,  $C$  – айналыстағы нақты ақшалар,  $D$  – депозиттер.

Банк өзінің депозиттерінің бір бөлігін қор ретінде, ал қалғанын несиелік түрінде пайдаланатындықтан, төлем құралдарының сомасы берілген несиелер мөлшеріне ( $K$ ) артады, яғни  $M=C+D+K$ :

Коммерциялық банктер шеңберінде төлем құралдарын эмиссиялау процесі несиелік эмиссия деп аталады. Несиенің мөлшері келесі жағдайларға тәуелді: а) депозит мөлшеріне; б) резервтер мөлшеріне. Басқа факторлар тұрақты болғанда, резерв нормасы ( $r$ ) төмен болған сайын, ақша массасы ( $M$ ) көп болады. Бұл норма резервтер сомасының ( $R$ ) депозит мөлшеріне ( $D$ ) қатынасы арқылы анықталады:  $r=R/D \times 100\%$ .

Қолма-қолсыз есеп айырысу жағдайында коммерциялық банктер жүйесінің қызмет етуі кезінде бір банктің басқа банктерге несиелік беруі көбейту әсерін туындатады және айналыстағы ақша массасын өсіреді. Ақша массасының өсу технологиясы келесідей: банктер несиелік бере отырып, пассивті ақшаларды активті ақшаларға айналдырады. Несиелік үй шаруашылығы да, фирмаларда алады.

Чек бере отырып, оларды жарату нәтижесінде басқа банктерге түседі және олардың депозиттік, несиелік әлеуетін өсіреді. Шартты түрде келесідей тізбек қалыптасады:



Әрине, бұл шартты түрде жағдай, өйткені қарыз алушылар бірден алған несиелік жұмсамауы мүмкін, ал чектер әртүрлі банктерге түседі, бірақ та депозиттер арқылы ғана емес, сонымен қатар олардың өздігінше өсуі, айналыстағы ақша массасының қосылуы арқылы да, несиелік мүмкіншіліктерін арттыруға болады. Оның мөлшері коммерциялық банктердің депозиттік әлеуетінен анағұрлым көп.

Банктердің ақша ұсынысын қанша есе арттырғандығын көрсететін коэффициент банктік мультипликатор деп аталады.  $M=L/r$ ;

Несиелік іс-әрекет нәтижесінде ақша массасының өсімін келесідей өрнектеуге болады:

$$\Delta M=L/r (\Delta D), \text{ немесе } \Delta M=M\Delta D;$$

Көріп отырғанымыздай, ақша массасының көлемі орталық банк бекітетін міндетті резервтер нормасымен және коммерциялық банктер беретін несиелік

мөлшерімен, сонымен қатар банк жүйесіне деген халықтың сенімімен анықталады. Халықтың іс-әрекеті қолдағы нақты ақшалардың депозит сомасына қатынасын сипаттайды:

$$d = C/D$$

Осыған орай, айналыстағы ақша массасының көлемі коммерциялық банктердің міндетті резервтер нормасын белгілейтін Орталық банк операцияларының нәтижесінде өзгереді, сонымен қатар банктік емес сектордағы шешімдерге де тәуелді, ал коммерциялық банктер берілетін несиелердің мөлшерін анықтайды.

Резерв мөлшері мен депозиттегі ақшалардың нақты ақшаға айналуын ескере отырып, ақша массасының көлеміне әсер ететін коэффициент ақша мультипликаторы деп аталады. Ол келесі формуламен анықталады:

$$M^* = 1 + d/d + r;$$

Ақша массасының көлеміне Орталық банктің әсер ету механизмі былай өрнектеледі:  $M = M^* \cdot B$ ,  $B$  – ақша базасы.

Ақша базасы – айналысқа жіберілген ақша сомасы мен Орталық банкте сақталатын коммерциялық банктердің резервтерінің қосындысы. Бұл Орталық банктің ақша ұсынысына әсер ете алатындығын білдіреді: а) ақша базасын ( $B$ ) өзгерту; б) міндетті резервтер нормасын ( $r$ ) өзгерту арқылы ақша мультипликаторына ( $M^*$ ) әсер етеді.

Ақша массасының мөлшерін өзгерту үшін Орталық банк тікелей және жанама реттеу құралдарын пайдалана отырып, ақша базасы мен ақша мультипликаторының мөлшеріне ықпал етеді.

Экономикасы дамыған қазіргі жағдайдағы елдердегі Орталық банк ақша-несиелік реттеудің негізгі үш құралын қолданады: ашық рыноктағы операциялар, есептік қойылым және міндетті резервтер нормасы.

Ашық рыноктағы операциялар - бұл Орталық банктің мемлекеттік бағалы қағаздарды сату-сатып алу операциялары. Жеке тұлғалардан немесе коммерциялық банктерден бағалы қағаздарды сатып ала отырып, Орталық банк коммерциялық банктердің резервтерін арттырады, бұл ақша базасының өсуіне әкеледі. Коммерциялық банктер беретін несиелерінің көлемін өсіреді, несиелік эмиссия механизмге іске асып, ақша мультипликаторы арқылы ақша массасы артады:  $D = M^* \cdot B$ .

Бағалы қағаздарды сата отырып, Орталық банк, керісінше, ақша базасын төмендетеді.

Есеп қойылымының өзгерісі. Орталық банк коммерциялық банктерге белгілі бір қойылымдар бойынша несиелер ұсынады. Бұл қойылым есептік қойылым немесе қайта қаржыландыру қойылымы деп аталады. Есептік қойылымның көтерілуі Орталық банк беретін несиелердің қымбаттағанын сипаттайды, сәйкесінше коммерциялық банктер қарыз алу-беру операцияларын қысқартады. Өз кезегінде коммерциялық банктер де несие бойынша өз қойылымдарын өсіреді, несие қысқарып, ақша қымбаттайды. Экономикадағы ақша ұсынысы төмендейді.

Есептік қойылымның төмендеуі, керісінше, айналыстағы ақша массасының өсуіне әкеледі.

Міндетті резервтер нормасының өзгерісі. Міндетті резервтер – Орталық банктің арнайы есеп шотында сақталынуы тиіс коммерциялық банктер депозиттерінің бір бөлігі және оларды активті операциялар үшін қолдануға болмайды. Бұл резервтер екі қызмет атқарады: 1) өз салымшылары алдындағы төлем міндеттемелерін орындау және басқа банктермен есеп айырысу үшін коммерциялық банктердің қажетті өтімділік деңгейін қамтамасыз етеді; 2) олар ақша массасын реттеу үшін Орталық банктің құралы болып табылады. Міндетті резервтер нормасының өзгерісі коммерциялық банктердің несиелік-қаржылық әлеуетіне тікелей әсер етеді және ақша мультипликаторы арқылы экономикадағы ақша ұсынысына ықпал етеді.

Міндетті резервтер нормасы жиі өзгере алмайды, өйткені бұл банктер мен басқа қаржылық мекемелер арасындағы бәсекелік тепе-теңдікті бұзады.

### **9.3. Ақша-несиелік реттеудің мақсаттары**

Мемлекеттің ақша-несиелік саясаты экономиканы мемлекеттік реттеудің маңызды бағыты ретінде қарастырылады және нақты мақсаттарға жету үшін пайдаланылады. Бұл реттеу өзгермелі экономикалық жағдайларға икемді, сай болуы тиіс.

Ақша-несиелік реттеудің ғаламдық, аралық және тактикалық мақсаттары бар. Басты мақсат бағаның тұрақтылығын, толық жұмысбастылықты, нақты өндірістің өсуін және төмен баланстың тепе-теңдігін қамтамасыз етуден тұрады. Бұл мақсат ақша-несиелік саясаты шеңберіндегі іс-шаралар арқылы, баяу бірнеше жылдар бойы жүзеге асырылады және рыноктық конъюнктуараның өзгерісіне жылдам жауап болып табылмайды. Осыған байланысты ағымдық ақша-несиелік саясаты нақтыланған, аса ауқымды емес аралық мақсаттарға бағдарланады: айналыстағы ақша массасының оңтайлы көлеміне жету, коммерциялық банктерді қайта қаржыландыру қойылымын өзгерту, тұрақты айырбас бағамын қолдау, міндетті резервтер нормасын анықтау және т.б. тактикалық мақсаттар аралық және басты мақсаттарды шешу үшін ақша жүйесіндегі басты айнымалыларды белгілі бір деңгейде қолдап отыруға бағытталған.

Ақша-несиелік саясатын елдің Орталық (Ұлттық) банкі өзінің экономикалық қызметтері арқылы жүзеге асырады; мақсаттарды қалыптастырады, түзетулер енгізеді және орындалуын бақылайды.

### **9.4. Қазақстан Республикасындағы ақша-несиелік саясатының негізгі міндеттері**

ҚР ақша-несиелік жүйесі реформалаудың қиын әрі ұзақ жолынан өтті. Экономиканы басқарудың дербес тәжірибесінің жоқтығы, егеменді дамудың алғашқы кезеңдеріндегі қолайсыз макроэкономикалық жағдайлар, мысалы, инфляцияның жоғары қарқыны (1994ж. - 1158%), мемлекеттің бюджеттің тапшылығы, жоғары пайыздық қойылым, экономиканың долларлануы және т.б.

тиімді ақша-несие жүйесін құруға үлкен кедергі болды және нақты сектордың ұзақ мерзімді мәселелерін шешуге жағдай жасай алмады.

Бірақ та жылдар өткен сайын бұл қиындықтар артта қалып, елдің қаржы жүйесінің дамуында оң беталыстар пайда болды. Кейбір мамандардың пікірінше, “қазір республикада түбегейлі жаңа әрі қазіргі заманғы банк жүйесі құрылған және шетелдік мамандардың бағалауы бойынша ТМД-да ол ең үздіктердің бірі болып табылады. Бұл реформалардың елеулі жетістігі, өйткені рыноктық экономикаға өткенге дейін Қазақстанда өзіндік банк мектебі мен дәстүрлі банк ісі болған жоқ” [37. 97б].

Қазіргі уақытта елдің ақша-несие жүйесін одан ары қарай жетілдіру процесі жалғасуда және оның алдында жаңа көлемді міндеттер тұр:

1. Ақша-несие саясатында инфляциялық тар реттеу қағидасын қолдану арқылы инфляция қарқынын 3-4% (жылдық) ұстау.

2. Теңгенің шетелдік валюталарға қатысты нақты бағамының өсуін тежеу арқылы әлемдік рыноктағы қазақстандық тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

3. Банктік жүйе мен сақтандыру рыногының ресурстық базасын өсіру және нақты секторды несиелеуді ұлғайту үшін олардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

4. Қаржы рыногының барлық қатысушыларын қадағалау қызметтерін Ұлттық банкте шоғырландыру арқылы қаржы рыногын мемлекеттік реттеуді жетілдіру.

5. Қазақстанның төлем жүйесін Еуроодақ стандарттарына жақындату және ТМД елдерінде ортақ төлем жүйесін құру. Осы бағытта Ұлттық банк электронды ақшаларды енгізу және дамытуға үлкен күш салуды жоспарлап отыр.

### **Ізденіс сұрақтары:**

1. Ақша-несиелік реттеудің теориялық қандай тәсілдерін білеміз?
2. Ақша-несие саясатының негізгі құралдарын атаңыз.
3. Ақша-несие жүйесінің негізгі механизмдерін атаңыз.
4. Ақша-несие саясатын қандай институттар жүзеге асырады?
5. М.Фридменнің «ақша ережесін» айтып беріңіз?
6. Мемлекеттің ақша-несие саясатының негізгі мақсаттарын атаңыз.
7. ҚР ақша-несие жүйесінің қандай міндеттері бар?



## **X ТАРАУ. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ МЕН ЕҢБЕК РЫНОГЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ**

10.1. Жұмыспен қамтудың әлеуметтік-экономикалық мәні, оның құрылымы мен қағидалары.

10.2. Еңбек рыногы түсінігі және оны реттеу механизмі.

10.3. Жұмыспен қамту мен еңбек рыногын мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары және әдістері.

10.4. ҚР еңбек рыногының өзіне тән ерекшелігі.

### **10.1. Жұмыспен қамтудың әлеуметтік-экономикалық мәні, оның құрылымы мен қағидалары**

Жұмыспен қамту ұлттық экономика мен халықтың әл-ауқатының елеулі сипаттамаларының бірі болып табылады. Қоғам мүшелерінің еңбек процесіне толық тартылуы мен олардың еңбектерінің тиімділігіне экономикалық өсу қарқыны, ЖҮӨ-нің мөлшері мен халық табыстары, сұраныс пен қоғамдық қажеттіліктердің қанағаттану деңгейі тәуелді. Сондықтан толық және тиімді жұмыспен қамту кез-келген мемлекеттің экономикалық саясатының ең маңызды міндеті болып табылады.

Жұмыспен қамту дегеніміз - жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыратын және табыс әкелетін халықтың пайдалы қоғамдық іс-әрекеті.

Көптеген іс-әрекет түрлерін халықтың күнделікті өмірін, оның біртұтастылығы мен қауіпсіздігін ұрпақтарды қамтамасыз етуді, қоғамдық өндірістің үздіксіздігін сипаттайтын адамдардың өзін-өзі өндіруші қауымдастығы туралы мәліметтер беретін белгілері бойынша топтастыруға болады.

Осы белгілеріне байланысты жұмыспен қамтылғандарды үш топқа бөлуге болады:

1. Еңбек ақысы төленетін жұмыспен қамтылғандар. Олар қоғамның негізгі байлығын өндіреді (заттық және рухани). Саналы іс-әрекет нәтижесінде алынған табыс арқылы олар өздерін ұдайы өндіруге және дамытуға, сонымен қатар қоғамның басқа да пайдалы іс-әрекет сфераларын дамытуға мүмкіндік алады.

2. Ұлттық әскерде қызмет етушілер. Олар тікелей ақша түрінде табыс әкелетін іс-әрекетпен шұғылданбайды, бірақ мемлекеттің қауіпсіздігін сақтау, экономикада жұмыспен қамтылған халықтың бейбіт өмірі үшін қолайлы жағдайларды қалыптастыру секілді маңызды қызметтер атқарады. Әскери қызметтің шартты түріне өтуіне байланысты олардың экономикадағы табыс алатын жұмыспен қамтылғандардан ешқандай айырмашылығы болмайды.

3. Өндірістен қол үзіп оқитындар, олар еңбек етуге қабілетті халықтың орнын толтыру үшін резерв болып табылады.

Ең көп және өндіруші топ – табыс алатын жұмыспен қамтылғандар. Олар экономикалық процестерге қатысу сипаты бойынша 3 топқа бөлінеді.

1) Жалдамалы жұмысшылар. Оларға өз жұмыс күшін сататын тұлғалар жатады.

2) Жұмыс берушілер. Бұл халықтың экономикалық белсенді бөлігі- меншік иелері, кәсіпкерлер.

3) Өзін-өзі жұмыспен қамтушылар. Бұл топқа жалдамалы жұмыс күшін пайдаланбайтын, өз есебінен қызмет ететін тұлғалар мен өндірістік кооператив мүшелері жатады.

Мемлекет жұмыспен қамтуды реттеуді маңызды міндеттерінің біріне айналдыра отырып, келесідей қағидаларға сүйенеді:

1) Еңбектің еріктілігі, еңбекке деген өз қабілеттерін еркін пайдалану. Әр адам жұмыс істегісі келетін кез-келген сфераны таңдай алады; еңбек етуге мәжбүрлеуге жол жоқ;

2) Еңбек құқығы мен тандап алынған жұмысты жүзеге асыру үшін барлығына бірдей бастапқы жағдайларды қалыптастыруда мемлекеттің жауапкершілігі;

3) Ұзақ мерзімді ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету. Ұлттық мүдделерді толық қанағаттандыратын сфералардағы жұмыспен қамтуды мемлекет ынталандырып отыруы тиіс;

4) Аймақтық, ұлттық-экономикалық, салалық ерекшеліктер мен жұмыс орындарына қажеттіліктерді есепке алу. Елдің үлкен аумағы, халықтың көп ұлтты құрамы экономикалық субъектілер арасында ерекше қатынастардың болуын талап етеді;

5) Жұмыспен қамту мәселесін шешуде кешенді тәсілдердің қажеттігі. Бұл қағида барлық деңгейдегі билік органдарының күштерін үйлестіруді, халықты жұмыспен қамту үшін барлық қаржылық мүмкіншіліктерді жүзеге асырумен байланысты реттеудің әкімшілік және экономикалық тетіктерін пайдалануды сипаттайды.

Әлеуметтік-еңбектік қатынастардың негізгі субъектілерінің біріккен күштері арқылы болашақтағы жұмыспен қамту бағыттары мен оған қажет құрылымдық өзгерістер, жұмыс күшінің сапасын арттыру жағдайлары, ішкі және сыртқы еңбек рыногындағы оның бәсекеге қабілеттілігі анықталуы тиіс.

## **10. 2. Еңбек рыногы түсінігі және оны реттеу механизмі**

Жалпы алғанда, еңбек рыногы жұмыс күшінің ұсынысы мен оны жалдаумен, яғни сату-сатып алумен байланысты қоғамдық қатынастар жүйесін білдіреді. Еңбек рыногында өзара екі жақ әрекет етеді: жұмыс күшінің иелері-сатушылар және жұмыс берушілер-сатып алушылар. Мұнда еңбекті құндық бағалау жүзеге асады, жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың айырбасы мен құрылымы қалыптасады. Ерекше атап өтетін нәрсе, мұнда сату-сатып алу объектісі жай тауар емес, ерекше тауар - адамның жұмыс күші, оның еңбекке деген қабілеті. Ол адамның табиғи және арнайы білім мен тәжірибе арқылы

жинақталатын қасиеттерін сипаттайды, ал олар адамды белгілі бір еңбекті, нақты іс-әрекетті жүзеге асыруға қабілетті етеді. Нақты айтар болсақ, бұл тауар айырбасталатын рынок еңбек рыногы емес, жұмыс күшінің рыногы болып табылады, бірақ “еңбек рыногы” түсінігі “жұмыс күші рыногы” түсінігінің синонимі ретінде экономикалық әдебиеттерде жиі қолданылады.

Осыған орай, оған келесідей анықтама беруге болады:

Еңбек рыногы – бұл ерекше тауар адамның жұмыс күші немесе еңбекке қабілеті айырбасталатын тауар рыногының ерекше түрі. Экономикалық категория ретінде жұмыс күші, бір жағынан жұмыс күшінің иесі-сатушы мен екінші жағынан, жұмыс беруші – жұмыс күшін сатып алушы араларындағы қатынастарды сипаттайды.

Еңбек рыногындағы жұмыс күшін сатушы мен сатып алушы арасындағы өзара қатынастар шарт, келісім, мәміле түрінде заңдық нысанға айналады және еңбек заңында бекітіледі.

Рыноктық қатынастар жүйесінде еңбек рыногы өндірістік ресурстардың басқа рыноктары – капитал рыногы, тауарлар рыногы, инвестиция рыногы, ақша рыногы және т.б. секілді ішкі жүйе болып табылады және рыногтың жүйесінің ажырамас бөлігіне айналады; ол ондағы процестерден оның даму беталысы мен бағыттарынан бөлектенбейді. Еңбек рыногының жағдайы басқа рыноктардың жағдайымен олардың жетілу деңгейімен, барлық экономикалық жүйенің даму деңгейімен тығыз байланысты. Еңбек рыногының шегі жұмыс күшіне жиынтық сұраныс пен ұсыныстың жалпы көлеміне тәуелді, яғни, еңбек рыногы субъектілерінің құрамына жұмыс іздеп жүргендер де, еңбек ақысы бар жұмыспен қамтылғандар да кіреді. Жұмыс күшіне сұраныс жұмыс күшінің бағасына-жалақы мөлшеріне кері тәуелді. Басқа жағдайлар тұрақты болғанда, жалақы өскен сайын, тепе-теңдікті сақтау мақсатында кәсіпкер еңбекке сұранысты қысқартып, ал жалақы төмендегенде сұранысты арттыруы тиіс.

Еңбек ұсынысы, керісінше жалақы өскен сайын өседі, төмендесе еңбек ұсынысы азаяды. П. Самуэльсонның пікірінше қоғамдағы жиынтық еңбек ұсынысы келесі факторлармен анықталады:

- халықтың жалпы санымен;
- жалпы тұрғындар ішіндегі өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесімен;
- апта ішінде және жыл бойы жұмысшылармен атқарылатын сағаттардың орташа санымен;
- еңбектің санымен, сапасымен және біліктілігімен [26, 605б]

Экономикалық әдебиетте еңбек рыногының көлемі тек жұмыссыздармен шектеледі деген пайымдаулар аз емес.

Бұл еңбек рыногының шекарасын тарылтып оны жұмыс орындарын іздеумен шектейді, осыған байланысты еңбек ақы жұмыс орнының тұрақтылығы, біліктіліктің артуы және еңбекшілерді қайта даярлау, әлеуметтік әріптестік секілді сұрақтар одан тыс қалады. Сондықтан еңбек рыногының қызмет етуі жұмыстан босау, қайта даярлау және еңбекпен қамтамасыз етумен ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-еңбектік қатынастардың субъектілері араларындағы келіссөздер, сауда арқылы жұмыс күшінің әртүрлі сапаларын қайта бағалауды жүзеге асыру қабілетінен көрінеді.

Егер келесідей жағдайлар сақталынатын болса, еңбек рыногы тиімді қызмет ететін болады:

- жұмысшылар мен жұмыс берушілердің жеке және экономикалық еркіндігі, оның экономикалық негізгі меншік нысандарының көптүрлілігі болып табылады.

- жұмыс күшінің саны мен сапасы, жұмысшыларды жұмысқа алу және шығару туралы шешім қабылдауда жұмыс берушінің дербес құқығы.

- жұмыс күшін сатушы мен сатып алушы арасындағы қатынастардың басты реттегіші болып табылатын жалақының өсуіне шектеулердің болмауы;

- кәсіби мобильділікке әкелетін жұмыс күшінің еркін қозғалысы, яғни жекелеген мамандықтарға қоғамдық қажеттіліктердің өзгеруімен байланысты біліктілікті өзгерту; миграциялық мобильділік, яғни жұмыс орнын, тұрғылықты жерін ауыстыру, негізгі қызмет шеңберінен тыс еңбек ету сферасын ұлғайту.

Еңбек рыногының классикалық анықтамасы бойынша, бұл рынокта көптеген сатушылар мен сатып алушылар қызмет етеді, олардың әрқайсысының рынокқа енуі еркін, бірақ олардың ешқайсысы бағаға елеулі әсер ете алмайды. Алайда, қазіргі рыноктық жағдайдағы рыноктар жетілмеген рыноктар ретінде қызмет етеді. Мұнда біріншіден, кәсіподақтар монопольды сатушы болса, екіншіден, фирмалар мен кәсіпорындар жалдамалы жұмысшыларға өз шарттарын қоя отырып, өз монополиясын қарсы қояды. Осыған қарамастан кәсіподақтар да, ірі фирмалар да еңбек рыногына аутсайдерлер мен шетелдіктердің (кәсіподақтар саясаты), жұмыс беруші-бәсекелестердің (фирма саясаты) енуін шектеу саясатын жүргізеді. Мұндай жағдайларда бағаларды жалақыны белгілеудің рыноктық механизмі жұмыс істемейді, ал баға сатушылар мен сатып алушылардың монопольдық күштерінің тепе-теңдігімен анықталады. Осыған қоса бұл процеске мемлекет белсенді түрде араласады: ол еңбек заңын қабылдайды, еңбек қатынастары субъектілерінің араларындағы дауларды шешеді және т.б.. Басқаша айтқанда, еркін рыноктық өзін-өзі реттеу үшін ешқандай орын жоқ.

Осыған орай, қазіргі еңбек рыногы өзін-өзі реттеу сипатынан айырылып белсенді мемлекеттік реттеу объектісіне айналған жұмыс күшінің ұсынысы мен сұранысы көп жағдайда жоспарланады және оқыту мен қайта даярлау жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі, ал еңбек бағасы шарттармен ұжымдық келісімдер негізінде анықталады және келісімге келетін жақтардың экономикалық күштеріне тәуелді. Бұл еңбек рыногында үш субъектінің: жалдамалы жұмысшылардың, жұмыс беруші – фирмалардың және мемлекеттің әрекет ететіндігін білдіреді.

Еңбек рыногындағы мемлекеттің рөлі жалпы ұлттық экономиканы реттеудегі секілді біртекті емес. Біріншіден, мемлекеттің белсенді араласуы рыноктық механизмді бұзады және еңбектің мобильділігі мен еңбек етуге ынтаның төмендеуі секілді теріс салдарды өсіреді, мысалы, кепілдендірілген жалақы инфляциялық процестердің өсуіне әкеледі. Екіншіден, мемлекет жұмыс күшінің ұсынысы мен сұранысын қалыптастыру процесіне араласа отырып, жалдамалы жұмысшыларға жұмыс түрлері мен жұмыс күнінің ұзақтығын таңдау нұсқаларын ұсынады, бос уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді,

бұл соңғы нәтижеде еңбек өнімділігіне қолайлы әсер етеді. Сонымен бірге кадр саясатын анықтау және жүзеге асыруда жұмыс берушілерге де үлкен еркіндік ұсынады.

### **10.3. Жұмыспен қамту мен еңбек рыногын мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары және әдістері**

ҒТП жеделдеуі, экономикадағы терең құрылымдық өзгерістер, еңбек ресурсының сапасына қойылатын талаптардың жиі өзгерісі халықты жұмыспен қамту мен кәсіби дайындауды мақсатқа сай реттеу үшін тиімді механизмді құруды қажетсінеді. Стихиялы еңбек рыногы жұмыс күші сұранысының өзгерісіне ұсыныс құрылымының уақтылы бейімделуін қамтамасыз ете алмайды. Нәтижеде жұмыссыздық пен қажетті мамандардың жеткіліксіздігі қатар өседі. Бұл процестер жұмыспен қамту саясатын экономикадағы әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар мен адам ресурстарын дамыту бағыттарымен тығыз байланыстырудың қажет екендігін көрсетті.

Сонымен бірге еңбек рыногы – бұл жұмыс күшін сатушылар мен сатып алушылардың мүдделері қақтығысатын алаң. Бұл субъектілердің орны біртекті емес, экономикалық күші жағынан сатушылар сатып алушыларға – жұмыс берушілерге жиі орын береді және олардың араларындағы қайшылықтарды рыноктың өзі шеше алмайды. Сондықтан еңбек рыногы субъектілері арасындағы әлеуметтік-еңбектік қатынастарды реттеу қажет, өйткені еңбек рыногындағы процестердің экономикалық ғана емес, әлеуметтік, саяси, рухани-психологиялық маңызы бар. Әлемдік тәжірибеде дамыған елдердің еңбек рыногы қатал реттелетін рыноктардың бірі болып табылады. Жұмыспен қамту мен еңбек рыногын мемлекеттік реттеу бағыттары мен әдістері әртүрлі және елдегі нақты экономикалық жағдайлармен, еңбек рыногындағы мәселелердің өзектілігімен анықталады. Олардың ішінде аса кең қолданылатындар:

1. Жаңа жұмыс органдарын құру. Бұл әртүрлі жолдармен орындалады: болашағы бар сфераларда, салалар мен өндірісте, мультипликативтік әсері жоғары салаларда, өзара байланысты салалық кешендерде тиімді жаңа жұмыс орындарын ашушыларды ынталандыру; жұмыспен қамту қызметі арқылы үй еңбегі сферасында қайта құрылған жұмыс орындарын қаржыландыру.

2. Шағын бизнесті дамыту және қолдау. Көптеген жұмыс орындары оның ішінде жұмыс күшінің әлеуметтік әлсіз топтары үшін, дербес кәсіпкерлік, кооператив, шаруа қожалығы нысандарындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту арқылы қамтамасыз етіледі.

Осыдан басқа, дамыған елдердің тәжірибесінде жекеленген азаматтарға қаржылық көмек беру, арендалық жеңілдіктер негізінде тұрғылықты емес орындар беру, лизинг арқылы техникалық қамтамасыз ету бизнес-жоспар құруға көмек көрсету түріндегі қолдаулар қолданылады. Мысалы, АҚШ-тағы кәсіпкерлік қызметті белсенді ынталандыру саясатының нәтижесінде шағын кәсіпорындар санының өсу қарқыны халықтың өсу қарқынынан жоғары болған. 1980-1997 жылдар арасында АҚШ-тың халқы 17,5% өссе,

кәсіпорындардың саны – 71,0%-ға өскен, ал жоғары өсу дербес меншіктегі кәсіпорындардың үлесінде – 76,5%. [36. 64б].

3. Кадрларды кәсіби дайындау және қайта дайындау көлемін ұлғайту. Бұл екі бірдей міндетті шешуге мүмкіндік береді: жұмыс күшінің ұсынысын қысқарту және экономикадағы өзгермелі жағдайларға сәйкес ұдайы өндіріс процесіне, биоиндустрияның дамуы мен индустрияландырудың өте жоғары деңгейіне еңбек рыногын бейімдеудің қажеттігі дамыған елдердің білім беру жүйесі мен қайта дайындау саясатын қайта қарауға мәжбүрлейді. Мысалы, АҚШ-тың білім беру жүйесіне бөлген қаржыларының өсімі 2002 ж. 11,5% құраған, бұл басқа министрлік пен ведомствалар арасындағы ең жоғары көрсеткіш болып табылады [38. 70б.].

4. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру. Бұл бағыт жұмыссыздықтың қиын түрлеріне, күйзелістікке ұшыраған жұмыссыздарға арналған. Қоғамдық жұмыстар жоғары білікті талап етпейді және жұмыс іздеуге мүмкіндік болу үшін жұмыс күні толық болмайды.

Қоғамдық жұмыстардың маңызды қызметі – аралас салаларда жұмыс орындарын ашуды ынталандыру. Мысалы, неміс мамандарының есептеуі бойынша қоғамдық жұмыс сферасындағы әрбір 100 жұмыс орны экономиканың басқа салаларында 30-40 жаңа жұмыс орындарының пайда болуын ынталандырады.

Қоғамдық жұмыстарды қазіргі муниципалды (аймақтық) шаруашылықты, оның әлеуметтік, көлік және экологиялық инфрақұрылымын қалыптастыру үшін пайдаланған тиімді. Бұл сол аймақтарда кәсіпкерлік қызметті дамытуға, отандық және шетелдік капиталды тартуға қолайлы жағдайларды құруға мүмкіндік береді.

Бұл бағыттарды жүзеге асыруда еңбек рыногын тікелей және жанама реттеу әдістері қолданылады. Тікелей әдістерге жатады: заңдық-құқықтық актілер мен ережелер, жұмыспен қамтудың мемлекеттік бағдарламаларын қалыптастыру, жұмыспен қамтуға көмек көрсететін құрылымдарды ұйымдастыру.

Жанама іс-шараларға мемлекеттің салық, ақша-несие, амортизациялық саясаты жатады. Олардың барлығы бір уақытта жалпы экономикалық реттеудің шаралары болып табылады. Олар жұмыспен қамтуға жалпы экономикалық конъюнктуар арқылы әсер етеді.

#### **10. 4. Қазақстан Республикасындағы еңбек рыногының ерекшеліктері**

ҚР еңбек рыногының жағдайы елдің экономикалық ахуалына байланысты. Экономиканың өтпелі жағдайы еңбек рыногында байқалады, ол жаңа қалыптасу сатысында болғандықтан, онда көптеген қажетті бөлімдер жеткіліксіз инфрақұрылымының дамуы нашар болады.

Қазіргі кездегі республикадағы еңбек рыногы жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі мен жұмыспен қамтылған халықтың санының өсуімен сипатталады. Мысалы, ҚР статистика Агенттігінің мәліметі бойынша 2000ж. жұмыссыздық деңгейі-12,8% болса, 2002ж. 9,3%-ға дейін төмендеген, ал 2003ж. 2-ші тоқсанындағы оның деңгейі-8,6 % болған.

Қазақстандағы еңбек рыногының өзіне тән ерекшеліктері ретінде келесі процестерді атауға болады:

1. Жұмыс күшінің қайта бөлінуі нәтижесінде материалдық өндіріс сферасындағы олардың үлесінің төмендеуі. Әсіресе, өнеркәсіп пен құрылыстағы жұмыспен қамтылудың қысқаруы айқын. Мысалы, 1990ж халық шаруашылығында еңбек ететіндердің 71,9 % материалдық өндіріс сферасында 28,1 % материалдық емес сферада жұмыспен қамтылды. Экономика салаларын құрылымдық қайта құру, әртүрлі меншік нысандарының пайда болуымен байланысты жаңа еңбектік қатынастардың қалыптасуы жұмыс күшінің қайта бөлінуіне әкеліп, жаппай жұмыссыздыққа ұласты. 1995ж өндірістік сферада жұмыспен қамтылғандардың 28,5 % жұмыстан кеткен. 2002ж мәлімет бойынша мұнда 1,1 млн адам жұмыс істеген, бұл жалпы жұмысшылардың 16,4 % ғана [39. 24 б].

2. Өнеркәсіп салалары ішінде жұмыс істейтіндердің бөлінуі құрылымдық өзгерістерге ұшырады. Отын энергетикалық кешеннің, түсті және қара металлургия салаларының экспорттық бағдарлануына байланысты осы салаларға жұмыс күшінің қайта бөлінуі жүзеге асты.

3. Экономикадағы мемлекеттік сектордың қысқаруы мемлекеттік емес сектор мен өзін-өзі жұмыспен қамту сферасына жұмыс күшінің қайта ағылуын күшейтті, 2001 ж мәлімет бойынша жеке секторға еңбек ететіндер жұмыс істейтін халықтың 75%-ін құраған, ал өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны 2,7 млн адам болған, яғни жалпы жұмыспен қамтылғандардың 40,3% тең. (2002ж жалпы жұмыспен қамтылғандар саны - 6,7 млн адам).

4. Ауылдық жерлерде халықтың өсу деңгейі жоғары болса да, білікті жұмыс күші жеткіліксіз, бұл әртүрлі себептерге байланысты жастардың қалаға қарқынды ағылуымен түсіндіріледі.

5. Республика аймақтары бойынша жұмыспен қамту деңгейінің теңсіздігі. Мамандар аймақ бойынша жұмыспен қамтудың бірнеше деңгейін бөліп көрсетеді: жоғары деңгейі, орташа және төменгі деңгей. Жоғары деңгейде жұмыспен қамтылған аймақтарда жұмыспен қамту орташа республикалық көрсеткіштен жоғары және жұмыссыздық төмен. Егер 2002 жылы орташа республикалық жұмыссыздық 9,3 % болса, жұмыспен қамтылу деңгейі жоғары аймақтардағы жұмыссыздықтың деңгейі Шығыс Қазақстан облысында – 7,3%, Қарағанды облысында – 8,3%, Павлодар облысында – 8,7%, Солтүстік Қазақстан облысында – 8,0%, Астана қаласында – 8,7%.

Жұмыспен қамтылу деңгейі орташа аймақтарға жұмыссыздық көрсеткіші орташа республикалық шамаға жақын аймақтар жатады: Алматы қаласы – 9,6 %, Ақмола облысы – 9,2%, Ақтөбе облысы – 9,2%, Қостанай облысы – 9,3%, Маңғыстау облысы – 9,8%, Оңтүстік Қазақстан облысы – 9,4%.

Жұмыспен қамтылу деңгейі төмен және жұмыссыздық көрсеткіштері жоғары аймақтар: Алматы облысы – 10,7%, Жамбыл облысы – 12,3%, Батыс Қазақстан облысы – 10,0 %, Қызылорда облысы – 12,5 %.

6. Екінші ретті және формальды емес жұмыспен қамтудың өсуі. Өмір сүру деңгейінің төмендеуі жұмысшылардың елеулі бөлігінің екі жұмыспен шұғылдануына итермеледі, бұл табыстардың төмендеуіне формальды емес

жұмыстардың өсуіне әкелді. Ресми әрекет ететін еңбек рыногымен қатар формальды емес көлеңкелі еңбек рыногы ұлғая түсті. Мысалы, 1996 жылы оның үлесі – 42,4% болса, 2002 жылы бұл көрсеткіш – 47,5% -ті құраған. Бұл жұмыс іздеп жүрген азаматтардың елеулі бөлігінің жұмыссыздық бойынша жәрдемақы, әлеуметтік көмек алмайтындығын, ал олардың заңсыз экономика секторы арқылы өмір сүріп жатқандығын білдіреді.

Формальды емес еңбек рыногының болуы жұмыспен қамтудың жалпы сипатын бұрмалайды. Халықаралық еңбек ұйымының әдістемесі бойынша есептелген жұмыссыздық деңгейі жұмыспен қамту органдарының тіркеу нәтижелері бойынша есептелген жұмыссыздық көрсеткішінен мүлдем өзгеше. Бұл айырмашылық жылдар бойынша келесідей: 1994 жыл - 7% және 1,1%, 1995 жылы – 11,0% және 2,1%, 1996 жылы – 13,0% және 4,2%, 1997 жылы - 13,0% және 3,8%, 1998 жылы 13,1% және 3,7%, 1999 жылы 13,5% және 3,9%, 2000 жылы – 12,8% және 3,7%, 2001 жылы – 10,4% және 2,8%, 2002 жылы - 9,4% және 32,6%.

Формальды емес жұмыспен қамтудың ұлғаюы әлеуметтік және құқықтық қорғансыздың деңгейін өсіреді, қылмыстық жағдайлардың таралуына негіз болады.

Орта мерзімді болашаққа арналған Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мен индустриалды-инновациялық даму стратегиясына сәйкес экономика құрылымында, сәйкесінше еңбек рыногында түбегейлі өзгерістер болады деп күтілуде. Өнеркәсіпте, агроөнеркәсіптік кешенде, рыноктық инфрақұрылымда жұмыспен қамтылғандардың саны елеулі өсуі тиіс. Жалпы алғанда, 900 мыңдай жаңа жұмыс орындары іске қосылады деп болжаған [40. 76]. Еңбек ресурстарының сапасын арттыруға мүмкіндік беретін кәсіпкерлік үшін қолайлы ортаны қалыптастыру жұмыстары жалғасуда.

### **Ізденіс сұрақтары:**

1. Қандай әлеуметтік-экономикалық қатынастар жиынтығы жұмыспен қамтуды сипаттайды?
2. Жұмыспен қамтылған халықтың құрылымын сипаттаңыз.
3. Жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеудің негізгі қағидалары қандай?
4. Еңбек рыногының тиімді қызмет ету жағдайлары қандай?
5. Еңбек рыногына анықтама беріңіз.
6. Еңбек рыногы мен жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеудің қажеттілігі немен байланысты?
7. Еңбек рыногын реттеудің маңызды қандай бағыттарын білесіз?
8. Қазақстандағы еңбек рыногын қандай факторлар сипаттайды?



## Әдебиеттер тізімі

1. Пол Хейне. Экономический образ мышления – М.: Новости, 1996.
2. Реферат учебника П. Самуэльсона и В. Нордхауса «Экономикс» //Экономические науки. – 1990. - № 1.
3. Курс экономической теории. Учебное пособие. М.1993.
4. Д.М.Кейнс. Общая теория занятости, процента и денег. М., 1993.
5. М.Блауг. Экономическая мысль в ретроспективе. М.: Дело ЛТД, 1994.
6. Дж.Стиглиц. Экономика государственного сектора. М.:МГУ. 1997.
7. Мамыров Н., Ихданов Ж. Государственное регулирование экономики в условиях Казахстана. Алматы, Экономика, 1998.
8. Кагазбаева Э. Роль государства в переходный период. /Казахстанское общество сегодня: социально-институциональные сдвиги и экономическое развитие. Материалы республиканской научно-практической конференции. Алматы, 1998.
9. Орешин В.П. Государственное регулирование национальной экономики. М.: Юристъ, 1999.
10. Управление государственной собственностью. Учебник. М., 1999
11. Экономическая теория. Учебник. Под ред. Камаева В. М.:Владос, 2001.
12. Осипов Ю.М. Теория хозяйства. Т.1. М.: МГУ. 1995.
13. Шамхалов Ф. Государство и экономика. М., 1999.
14. Абалкин Л.И. Государственное регулирование экономики. //Вопросы экономики. –1997.- № 6..
15. Илларионов А. Модели экономического развития и Россия. // Вопросы экономики. – 1996. - № 7.
16. Албегова И.М., Емцов Р.Г., Холопов А.В., Государственная экономическая политика. М.: ДИС, 1998.
17. Государственное регулирование экономики. Под ред. Петрова А.Н., СПб, - 1999.
18. Есентугелов А. Итоги реформ и состояние экономики: успехи, ошибки, просчеты и их причины. //Аль-Пари. – 1999.- № 4.
19. Вито Танци. Роль государства в экономике: эволюция концепций.//МЭиМО. – 1998.- №10
20. Ашимбаева А.Т. Структура экономики: закономерности формирования, тенденции и приоритеты развития. Алматы, Дайк-пресс, 2000.
21. Государственное регулирование рыночной экономики. Учебник. Под ред. Кушлина В.И. М., 2001.
22. Стратегия индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003 – 2015 гг. Астана, 2003.
23. Смирнов С. Промышленная политика: проблемы, перспективы. //Вопросы экономики, - 2000. - № 9.
24. Краткий статистический ежегодник Казахстана. 2003. Алматы, 2003.
25. Канатчинова А. Промышленная политика государства в переходный период. (Регулирование, проблемы, перспективы.) Алматы, 1999.
26. Самуэльсон П. Экономика Т. 1. М.: НПО «Алгон», 1992.

27. Современный бизнес. Т. 2. М.: Республика, 1995.
28. М. Кусаинов. Стратегические приоритеты развития Казахстана до 2010 и 2030 года. //Экономист. – 2003. - № 11.
29. Гранберг А. Г. Основы региональной экономики. М., 2000.
30. Алаев Э.Б. Социально-экономическая география: понятийно-терминологический словарь. М.: Мысль, 1983.
31. Алиев У.Ж. Региономика: актуализация, проблемы, методология исследования. / Материалы научно-практической конференции. Актюбинск, 2002.
32. Концепция региональной политики Республики Казахстан на 2002 – 2006 г.
33. Региональная политика Республики Казахстан: экономический механизм реализации. Алматы, Гылым, 1998.
34. Закон Республики Казахстан от 19 января 2001 года « О конкуренции и ограничении монополистической деятельности.
35. Хайек Ф. Общество свободных. Лондон. 1992.
36. Искаков М. Развитие налоговой системы Казахстана. //Экономист. – 2003. - № 11.
37. Нусупова А. Опыт становления современной денежно-кредитной и банковской системы Казахстана. // Экономист. – 2003. - № 11.
38. Пороховский А. Феномен «новой экономики» и функции государства. //Российский экономический журнал. – 2002. -№ 9.
39. О занятости и безработице в Республике Казахстан. //Труд в Казахстане. – 2003. - № 11.
40. Шайдилдинова Д. О проблемах занятости с учетом спроса и предложения рабочей силы. // Труд в Казахстане. – 2003. - № 10.